1) Табысқа жету және сәтсіздіктен қашу мотиві. Табысқа жету мотиві теориясы бойынша, адамда іс – әрекет пен функционалды байланыста болатын, табысқа жетуге бағытталған екі түрлі мотив болады. Бұл екі мотивке ие жеке адамдардың жүріс – тұрысының қозғаушы күштері арасында елеулі айырмашылықтар болады.

Табысқа жету мотивін ұстанған адамдар өз іс – әрекеті алдына нәтижесі сөзсіз табысқа әкелетін іс – әрекет түрлерін, әдіс – тәсілдерін таңдап алып, оған жетуге белсенді ат салысады. Мұндай адамдардың когнитивті сферасында табысты күту, яғни табысқа жету сенімділігі болады. Олар іс – әрекетін басқалардың қолдауын, құптауын сезініп, осыған сай іс – әрекеті жағымды эмоцияларға толы болады. Оларға өз ісіне бар күш – жігерін жұмсау, қойған мақсатына бар зейінін шоғырландыру тән болып келеді.

Керісінше, сәтсіздіктен қашу мотиві басым адамдарда іс – әрекеттегі негізгі мақсат табысқа жету емес, сәтсіздіктен қашу болып табылады. Олардың бар күш – жігері осы мақсатқа жұмылдырылғандықтан, оларда сенімсіздіктік, сынға ұшырау, сәтсіздік қорқынышы нәтижесінде жағымсыз эмоция басым болады. Олардың бойында сәтсіздікке ұшырау қаупін үнемі сезгендіктен іс – әрекетке деген ықыласы төмендейді.

Табысқа жету мотиві бар адамдар, әдетте, өз мүмкіншіліктері мен іскерлік дағдыларына сай іс – әрекет түрлерін таңдап алады. Талаптану деңгейі мен мүмкіндіктері арасында толық теңдік арнаған. Ал сәтсіздіктен қашу мотиві бар адамдар өз мүмкіндігін бағалауда жоғары өзіндік бағалау және төменгі өзіндік бағалау нәтижесінде ең қиын немесе ең оңай іс – әрекет түрін таңдап алады. Олардың бойындағы талаптану мен мүмкіндік деңгейі арасында сәйкестік болмайды.

Табысқа бағытталған адамдар өз алдына қойған мақсаттарына жету үшін барлық мүмкіншіліктерді пайдаланады. Ал басынан сәтсіздікке бағытталған адам өзіне сенімсіздік білдіріп, сыннан қорқады.

2) Аффiliation мотиві. Бұл мотив адамдардың өзара қарым – қатынас кезінде адамдармен жағымды, эмоциялық тұрғыда жылы қарым – қатынас жасауға талпыну ретінде көрінеді. Бұған қарама – қарсы адамның басқа адамдар тарапынан шеттелуінен өзін қабылдамауынан қорқу мотиві де байқалады. Адамдардың жеке адам аралық қарым – қатынастағы белсенділігі немесе енжарлығы оның бойында аталмыш мотивтердің басымдылығымен айқындалады. Аффiliation мотиві көбіне жеке адамның қоршаған орта тарапынан қолдауға ие болуы және өзіне деген сенімділікті қалыптастырумен қатар өз – өзін бекітуге деген талпынысымен байланысты жүзеге асады.

3) Билік мотиві. Бұл мотив адамның басқа адамдарға үстемдік немесе билік көрсетуге талпынуы.

4) Альтруизм немесе көмек көрсету мотиві. Альтруистік мінез – құлықты адамның қоршаған ортадағы басқа адамдардың жағдайын жасауға бағытталған әрекеттері ретінде түсіндіруге болады. Мұнда қамқорлық көрсету, басқаларды қолдау, қорғау, жайландыру талпыну мотивтері ретінде көрінеді.

5) Агрессия мотиві. Адамға моральдық, материалдық немесе физикалық зақым келтіретін әрекеттерді агрессия деп атайды. Агрессия тек фрустрацияға деген реакция ретінде ғана емес, басқа адамдарға бөгет жасау, оларға әділетсіздік көрсету, оларды кеміту, зақым келтіру ретінде көрінуі мүмкін.

Біздің зерттеуіміздің тақырыбына сәйкес бізге «іс-әрекет» ұғымының өзін және іс-әрекеттік ыңғайдың мәнісін нақтылау қажет.

Адамның психикалық өмірінің жан-жақты дамуы белгілі әрекетпен айналысуына байланысты болады. Адам өмір сүру барысында өз психикасын түрлі жолмен жарыққа шығарады. Мәселен, мектеп жасына дейінгі бала өз психологиясын ойын арқылы білдірсе, ересек адам өзіне тән ерекшеліктерін еңбек процесінің сан алуан салаларында көрсетеді.

*Әрекет - дегеніміз түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процесс.*» Әрекетіміз дұрыс болу үшін, -дейді Әл-Фараби, -біздің соған баратын жолымыз қандай болу керек екенін... анықтап алуға тиіспіз.» Адамды іс-әрекетке итермелейтін оның түрлі қажеттері екені өткен тарауда айтылды. Адам іс-әрекеті – күрделі процесс. Оның құрамына жеке амалдар мен қозғалыстардың әрекеттердің жүйесі кіреді. Іс-әрекет ұғымынан әрекет ұғымын ажырату қажет. Өйткені мұның біріншісінің ауқымы аса кең, ал әрекеттің сипаты шағын. Әрекет іс-әрекеттің шағым бөлігі, единицасы. Ол жеке мақсатты орындауға бағытталады, әрекетті орындау тәсілдері операция деп аталады.

Адам іс-әрекеттің белгілі белгілі түрімен айналысу арқылы ғана сыртқы ортамен белсенді түрде байланыс жасап, оны шамасынша өзгертіп отырады.

Адам іс-әрекетінің қашан да қоғамдық әлеуметтік мәні зор. Іс-әрекеттің саналылығы мен мақсаттылығы, жоспарлылығы мен жүйелілігі оның ең басты белгілері болса, алда тұрған міндетті шешу, яғни ойлаған Істен бір нәтиже шығару-оның екінші бір басты белгісі болып табылады. Адамның сана-сезімі өскен сайын оның әрекеті де жаңа мазмұнға ие болып отырады. Адам психикасының дамуында іс-әрекеттің шешуші орнымен қатар, біз сананың да күрделене түсуіне ықпал жасайтынын еске алуымыз қажет. Сөйтіп сана мен іс-әрекеттің бірлігі, психиканың іс-әрекет үстінде дамитындығы жайлы мәселе психологияның басты принциптері болып табылады. Адам әрекеті сан алуан. Оның негізгі түрлері ойын, оқу, еңбек әр уақытта белгілі бір мақсат, міндеттерге бағытталып отырады. Бұлардың барлығына тән ортақ қасиет белгілі қажетке байланысты туып

отыратындығы. Сондай-ақ жас мөлшерінің әр кезеңінде түрліше көрінетіндігінде [4].

Іс-әрекет құрылымы жөніндегі проблема жантану теориясының дамуы мен көптеген практикалық міндеттердің тиімді шешім табуда үлкен маңызға ие. Іс-әрекет құрылымын жөніндегі алғашқы теориялық пайымдаулар әрекет элементтерімен байланыстырды. Бұл қарапайым элементтер ретінде әрекеттің ең жай түрлері : алу, қою, көтеру қабылдау (Ф.Тейлер, Д. Джильтберт). Әрқандай іс-әрекет осы элементтердің бірізді тізбегі.

Инженерлік психологияның дамуымен іс-әрекетті тұрақтыталған алгоритмдер ішатындағы құбылыс деп тану кең өріс алды. Осыған орай элементтер жөніндегі түсінік те және олардың әрекет орындау әдістерімен байланысы туралы көзқарас ба басқаша болды. Әлбетте, әрекетті алгоритмдік құрылым сияқты тану іс-әрекеттің орындалу барысын талдауда өте қажет, ал брақ осы әрекеттің психологияны қызықтыратын тарапы, яғни субъективтік мазмұны мұнандай жағдайда назарға ілінбей қалады.

Психологиялық тұрғыдан іс-әрекет өте күрделі көп өлшемде деңгейлі, ұдайы даму өзгерістегі құбылыс. Ал осы құбылысты әрқилы ғылыми тұжырымдарға негізделген теориялық бағыттар әдетте жеке элементтерге бөлініп, оларды өзара байланыссыз зерттеуде. Мысалы, бір тұжырым бойынша іс-әрекет бірізді өзара ауысып отыратын қимылдар жиынтығы делінсе, екіншісі іс-әрекеттің түрткілік қырына үлкен мән береді, ал үшінші бірі іс-әрекетті реттеп беруші механизмдерді талдауға көп назар аударады. Іс-әрекетті онымен қоса жүретін физиологиялық процестермен де байланыстыра талдау концепциясы жоқ емес. Әлбетте аталған ғылыми бағыттардың бәрінің өзіндік маңыздылығы орасан әрбірі өте құнды нәтижеге жеткізіп, бірін-бірі толықтыра отырады. Бірақ, олардың әрқайсысы өз алдына әмбебап сипатқа ие емес. Сонымен, іс-әрекет – адамның қоршаған дүниемен өзара ықпалды байланысының қозғалысты жүйесі. Осы жүйеде психикалық бейне пайда болып, объекті күйіне енеді, ол іс-әрекеттің саналы қабылданған мақсатты түрі болып табылады.

Белгілі мақсатты болуынан әрқандай белсенділікті іс-әрекет деп санауға болады. Ал іс-әрекеттің бүкіл басқа тараптарының бәрі сеп түрткі, іс-әрекетті жоспарлау, ағымдағы ақпаратты өңдеу, шешім қабылдау бірде сезілсе, көбіне еске ала бермейді. Алынған күнде толық болмауы, кейде тіпті қате де болуы мүмкін. Іс-әрекет қай деңгейде танылмасын, саналы мақсат оның қажетті белгісі.

Жеке адамның әрекеті еңбек іс-әрекетінің қандайда бір көрінісі ретінде қалыптасқан. Белгілі бір қоғамдық қызметке бағытталған әрекет жиынтығы еңбектік іс-әрекеттің белгілі бір түрі құрайды. Ал еңбектік іс-әрекет әрдайым белгілі өнімге арналатындықтан, адам әрекеті де тиісті нәтижені көздейді.

Адам әрекетінің саналы әрі *мақсатты болуы* - адамның басқа жануарлар дүниесінен ажырау белгісі. Бірақ мақсат қаншама маңызды болғанымен, оның бір өзі әрекеттің толық мәнін таныта алмайды. Іс-әрекет бағдарланған мақсат өзінің біршама қашықтығымен еленеді. Сондықтан оған жетем дегенше адам бір-біріне байланысты ізбе-із келетін әлденеше *жеке міндеттерді* орындауына тура келеді. Бұл міндеттермен байланысты әрекеттер операциялар деп аталады. Әр қандай мақсат көздеген іс-әрекет орындалу барысының әр мезетіне орай іске асып отыратын осы операциялардан құралады. Адам іс-әрекеті әр қилы және әр деңгейдегі әрекеттердің әрекетімен жүзеге келеді. Ал осы жай бір міндетті іске асыру қажет болған біршама біткен іс-әрекеттің әрбір элементі *әрекет деп* аталады. Затқа бағдарланған осы әрекет қимылдар бірікпесінен жасалады. Олар: алу, орын ауыстыру, босату. Сапалық жағынын бұл қимылдар әлді-әлсіз, дәл-жаңсақ, жылдам-шабан, епті-епсіз, бағдарлы-бағдарсыз болуы мүмкін.

Затқа бағдарланған қимылдардан басқа адам іс-әрекетіндеденені қалыпта ұстау, қозғау және тілдесуге қажетті қимылдарда болады. Сонымен әрқандай заттық әрекет белгілі қимылдар жүйесімен қамтамасыз етіледі. Ал бұл қимылдар әрекеттің мақсатына, заттың қасиетіне және әрекет шарттарына байланысты. Белгілі әрекеттің орындалуына қатысатын қимылдар өздігінен не бір дене мүшесінің қандай да қозғалысқа келуінен кем емес, адамның жеке ниетіне қозғалысты міндетке орай іріктеуіне, орындалатын қимылға деген қатынасына қарай іске асыралады. *Ниет өзгерісі* қозғалыс ауқымында бұзып жібереді.

Адам қимылының шын мәні мен жетілгендігі сол қимылды қажет еткен саналы әрекетке тікелей байланысты.

Әрекетті құрайтын қимылдар тобы белгіленген мақсатқа орай басқарылады және реттеледі. Дәл осы орындалатын әрекеттің нәтижесі қойылған мақсат тұрғысынан бағаланады, қажет болса оған түзетулер ендіріледі. Адамның көздеген мақсаты нақты осы мезетте көрінбей, ол ендігі орындалатын әрекеттің жемісі. Сондықтан мақсат адам миында іс-әрекеттің болашақтағы нәтижелік бейнесі не әрекет моделі болып із береді. Осы болашақтағы ниет бейнесі әрекеттің нақты нәтижесімен салыстырылады.

Біз зерттеп отырған мәселенің түрлі аспектілеріне белгілі шамада арналған философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге біздің жасаған талдауымыз оқу мотивациясын қалыптастырудың, білімгерлердің танымдық іс-әрекетін белсендендіре түсуге байланысты жеке идеялар үнемі түрлі кезеңдердегі прогрессивті зерттеушілердің назарының орталығында болғандығын көрсетті [5].

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Х. Хекхаузен. СПб.: Питер; М.: Смысл, 2003 - 860 с. (Сер. Мастера психологии")
- 2 В.С.Ядов. Стратегия социологического исследования. М., 2011. - 201с.
- 3 Якобсон П.М. Психологические проблемы мотивации поведения человека. - М.: Просвещение, 1969. - 317с.
- 4 Ананьев Б.Г. К постановке проблемы развития детского самосознания. – М.-Л.: Изв. АПН РСФСР, 1948. Вып. 18.- С. 101-124.
- 5 Леонтьев А.Н. Потребности, мотивы, эмоции. - М.: МГУ, 1971. - 40с.

ӘОҚ 372.851

## ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ПЕДАГОГИКА- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Альменбетова Қ.Ж., Тугелбаева Ж.Н.**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ. azh.almenbetova@gmail.com., tg.zhazira@mail.ru*

*Осы мақалада дарындылық және дарындылықтың педагогика-психологиялық ерекшеліктері мәселесі қарастырылған.*

*В статье рассматривается об одаренности и об психолого-педагогических особенностях одаренных детей.*

*The article discusses about giftedness and psychological-pedagogical characteristics of gifted children.*

**Кілт сөздер:** дарындылық, дарынды бала

Қазіргі замандағы білім беру тұжырымдамасының бағыты – ізгілік және тұлғаны қалыптастыру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетін және эстетикалық технология тәрбие беруді дамыту» - деп атап көрсетті. Осыған орай бүгінгі бастауыш сынып мұғалімдерінің алдында оқушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерін, яғни жан-жақты, азат шығармашыл дамыту міндеттері де тұр.

Оқушының шығармашылық әрекетін педагогикалық және психологиялық тұрғысынан жан – жақты зерттеулер көбеюде. Өйткені, қоғамның тәжірибесі шығармашылық жетістік тұлғалық емес,



әлеуметтік мағынаға ие болғандығын мойындап, психология – педагогикалық ойлардың осы мәселеге назар аударуына мәжбүр етті.

Психикалық қасиеттер – бір адамды екінші адамнан ажыратуға негіз болатын ең маңызды, ең тұрлаулы ерекшеліктер. Бұған әрбір адамның мінезі мен темпераменті, қабілеті мен дүниетанымы, сенімі мен талғамы, қызығу жатады.

Сонымен, *дарындылық, қабілет* түсініктерін қарастыратын болсақ, дарындылық- қабілеттің көрінісі, оны анықтағанда мына белгілерге сүйенген жөн:

- көп жағдайларда қабілеттің дамуы туа біткен ерекшеліктерге, нышандарға байланысты;

- қабілеттер тек қозғалыс, даму үстінде жүріп отырады, яғни белгілі бір іс әрекет түрін орындауға мүмкіндік береді;

- қабілет адамның бойында қалыптасқан дағдыларға бірікпейді (Б.Ф.Теплов, 1957).

*Дарындылық* – бұл қабілеттердің шоғырлана көрінуі, адамның бір немесе бірнеше әрекет түрлерінде басқа адамдармен салыстырғанда жоғары жетістіктерге жету мүмкіндігін анықтайтын жүйелі, өмір сүру барысында дамитын психика қасиеті.

Дарындылық -баланың жеке әлемі мен оны қоршаған арасындағы өзара байланысты ықпал жүйесі. Қоршаған орта балаға тән қабілеттерді (интеллект, креативтілік, талант) оятып, дамытады. Осы арқылы баланың «мені» беки түсіп, соның арқасында тәуекелге бел буады және бір-нәрсеге қатысуға белсенділік, пайда болады, қажырлық, шыдамдылық, табандылықтың арқасында жетістікке жетеді.

Дарындылық көрсеткіштерінің формаларына: ойлаудың оралымындағы, ойлаудың жемістілігі, зейіннің жоғарылығы, есте сақтау қабілетінің жоғарлығы қызығушылықтарымен дейімділіктері жатады. Осыларға анықтама беру арқылы біз дарынды баланың анықтамасын шығарамыз.

Ойдың оралымдығы. Әрі тез әрі жеңіл шешімдер таба білу, қандайдай ситуация болмасын жаңаша стратегиялар ойлап табу, ассоциациялық байланыстар орната білу және бір құбылыстан екіншісіне ауыса білуді екінші сөзбен атағанда ойлаудың оралымдығы дейміз.

Ойлаудың оралымдығының жоғары көрсеткіші – оған қарама – қарсы түсінік ойлаудың салғырттығы немесе баяу ойлану сияқты сирек құбылыс болып табылады. Сол себепті де ойлау оралымдылығының жоғары көрсеткіші тек дарынды балаларға тән деп есептейміз.

Ойлау оралымдығы баланың бұрынғы алған тәжірибесіне тығыз байланысты, яғни білім көлемі мені іскерлігі және т.б. Бірақ дарындылықты тек осы түсініктермен ғана шектеу жеткіліксіз.

Ойлаудың жемістілігі немесе оны екінші сөзбен ойдың шапшандығы деп атайды. Ол көбінесе ойлауды топтастыру икемділігі

ретінде қарстырады. Бұл қасиет дарындылықты басқа қырынан тануға көмектеседі. Неғұрлым идея көп болса соғұрлым олардың ішінен қолайлырағын таңдауға мүмкіндік бар идеялардың молығы бір жағынан негізгі болып саналса, екінші жағынан шығармашылыққа қажетті алғы шарт болып табылады. Дарынды балаларға идеялардың молдығы тән. Себебі, олар қандайда бір проблемалық ситуацияларға жауап ретінде идеялардың көптігін пайдаланады.

Жаңа идея дегеніміз - бұл жерде алғашқы түсініктер мен ойларға ассоциациялық түсініктеме беру емес. Алғы түсініктер мен идеялардың бірігуі мазмұны жағынан қолдау тапқан, ал бұл жағдай тек қана осы түсініктердің алдында тұрған объективті құбылыстардың көрінісі болған кезде орындалады. Алғашқы да бұдан туған ойлар шындыққа ұласпайтын сияқты көрінеді, бірақ терендеп зерттесек жаңа көзқарастардың негізі болуға көмектеседі.

Дарынды балалардың құрдастарына қарағанда ерекше бір нәрсені болжап алдын- ала сезу секілді қабілеттер тән. Бұл құбылыс психологияда бірнеше аспектілер бойынша қарастырылады:

- Бір мәселенің алдын алу шешімін табу;
- Интуиция;
- Шығатын нәтижені алдын ала көз алдына елестете алуы;
- Қандайда бір оқиға болмасын организмнің оған дайын болуы;
- «Озық көрініс беру».

Болжай білу қабілеті дарынды балалармен қатар өзге жай балаларға да тән. Атақты психолог А.В.Брушлинский былай деп айтқан екен «Адам ой жаттығуын шеше отырып, ол ең аз дегенде алдындағы шешімдік болжайды».

Дарынды балаларды бұл қасиет ерекше көрінге тіпті алдын-ала сезе білу қасиеті тек қана оқу жаттығуларын шешумен ғана шектелмей, сонымен қатар шынайы өмірдің басқада көріністерін, әлеуметтік құбылыстар дамуын да болжайды.

Дарынды балалардағы болжау мүмкіндігі бәрінен бұрын дивергенті типтегі тапсырмаларды шешуге бейімділігі, ойлау оралымдығы, ойлау жемістілігінің дамуы дарындылыққа түсініктеме береді.

Танымдылық қабілет дамуының ерекшеліктері.

Қызығушылық – Білуге құштарлық – Танымдық қажеттілік. Алдымен осы түсініктерге жеке-жеке тоқталып өтсек.

Қызығушылық – адамның дүниені тануға, білуге мұқтаждығы. Қызығушылық адамның өміріндегі нақты шындық көріністі терең жаңа бір фактіны жете білуіне және сол арқылы іс әрекетіндегі бағыты мен бағдарын мақсатын айқындауға мүмкіндік береді.

Адамның қызығушылығын қанағаттандыру, оны одан әрі жаңа бір қызығушылыққа, дүниетанымдық жаңа бір биік сатысына жетектейді.

Қызығушылықтың даму табиғаты неғұрлым күшейсе, соғұрлым адамда қызыққан іс-әрекеттің орындау, іске асыру ниеті пайда болады. Қызығушылық туғызатын объекті болуы керек. Бұл – осы қасиеттердің ерекшелігі. Ол адам қызығушылығындағы белгі бір мақстақа жетуіне құрам ретінде қажет. Сондықтан жас ұрпақ тәрбиесінде оларға білім беруде қолданатын әдіс – тәсілдерде қызығушылық туғызу белгілі дәрежеде маңызды рольде ие болады. Адамға қызығушылықтың тұрақтылығы оның қызығушылығының уақыт ұзақтылығы мен оған жету жолындағы шапшандыққа байланысты. Оған қоса сол қызығудан туған мақсатқа жету жолындағы қиындықты жеңе алуына байланысты.

Білуге құштарлық – бұл қоршаған өмірді терең де толық білуге құштарлық. Білуге құмарлық адамды жаңа білім, жаңа шеберлік, жұмыста жаңа әдіс іздеуге жетелейді. Осы ізденуде қуаттылық пен тұрақтылық пайда болады, адам өмірін бай да мақсатты етеді.

Әр педагогқа таныс білім шыңына апаратын «әйгілі басқыш» осы түсініктермен беріледі. Бұл баспалдақтың бірінші басқышында барлық дарынды және дарынсыз оқушылар тұрады.

Дәстүрі педагогикада айтылғандай, әрбір дені сау балаға әр нәрсеге әуестік, қызығушылық интеллектілік қабілеттер тән.

Қызығушылықтың білімге деген құштарлығына ұлғаюы, ал оның ары қарай танымдылық қажеттілікке ұласуы дарынды дарынды балаларды тәрбиелеуде өте маңызды. Дегенмен, балалардың көпшілігінде қоршаған әлемді тануға деген қызығушылығы, ынтасы жеткілікті дәрежеде білімге деген құштарлыққа өспейді. Жай балаларға карағанда аталған қасиеттер дарындыларға тән.

Дарынды балалар өздерінің зерттеулеріне шек қоймайды. Оларға тән қасиет ерте жастан қалыптасады және барлық жас кезендерінде олардың маңызды ерекшелігі болып қала береді. Балалар дарындылығы бойынша атақты маман Лейтес былай дейді: ақыл-ой ізденісі, оған түсетін салмақ дарындыларға тән, тіпті олардың кейбіреулерінің қабілеттері бірден көбінесе де кеңінен шыға бастайды. Осыған байланысты белгілі дәрежеде танымдық қажеттіліктер дамуының өте жоғары деңгейі танылады. Лейтестің айтуы бойынша, білуге деген балалық құштарлықты сақтап қалу мүмкін болса, қабілеттіліктердің дамуына тұрақты стимул (ынталандыру) береді.

Дарынды балалар көбінесе өздерінің есте сақтау қабілеттерімен таң қалдырады. Бірақ бір ескеретін жағдай, дарынды балалар есте сақтау қабілетімен емес, оларды өмірде тиімді қолданумен ерекшеленеді.

Қызығушылықтар мен бейімділіктер дарынды балаларға өздерінің спецификалық ерекшеліктерімен көзге түседі. Бұлардың біреуі – қызығушылық табандылығы жоғарыда айтылған. Дарындылықтың бір қыры қызығушылықтың жоғары болуы.

Көптеген балалардың үлкендердің қиялыңыз ақ өздерінің қызығушылықтарының арқасында бар зейінін, ынтасын бір ғана бағытқа шоғырландырып, сөйтіп үлкен жетістіктерге жетіп жатады. Мәселен, музыка, шахмат, математика т.б.

Дарынды балалар өздерінің күшін текке жұмсаумен тең дейді. Бірақ бұл дұрыс емес. Себебі, дарынды бала тек бір бағытта ғана ұстап, содан үлкен жетістікке жету басты мақсат болмауы тиіс. Керісінше дарындылықты ары қарай дамытып, жетілдіріп, ол әрқашан қолдау тауып отырыу керек.

Дарындылықтың тағы бір белгісі - өздерінің тәжірибесінен алған мол билігі, зерттеу тәжірибесі арқылы қол жеткен көрсеткіштері, қызығушылығынан құралған билігі болып табылады.

Бағалау қызметі. Отандық және шетелдік зерттеушілер бағалау қызметін дарындылықтың бір көрсеткіші ретінде алып қарастырады. Бағалай білу қызметі сыни тұрғыдан ойлау болып табылады. Ол өзінің мүмкіншіліктерін бағалаумен қатар өзгелердің де ойларын, қылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Бағалай білу мүмкіндіктері дарынды балалардың өзін-өзі бағалай білуін, өзін-өзі бақылауын және т.б. көптеген ақыл – ой және жеке қасиеттердің дамуына көмектеседі.

Эгоцентризм. Дарынды балалар басқа балалар сияқты қоршаған орта нақты шынайы өмірдің өздері ойлағандай, армандарына сәйкес келе бермейтінін түсте бермейді. Бұл үлкендерге де тән, бірақ егер үлкендердің эгоцентризмі белгілі мөлшерде – туынды эгоизм болса, ал балалардың эгоцентризмінің табиғаты өзгеше және де өзгелердің жағына тұра алмайтындығымен, тәжірибесінің шектеулігіне байланысты анықталады.

Көптеген зерттеулер дарынды балалардан жоғары дәрежедегі эгоцентризм көріністі байқайды және оны М. Дональдсон сөзімен түсіндіруге тырысады: «Неғұрлым көп білген сайын соғұрлым өзінді эгоцентрлі ұстау мүмкіндігін көп». Эгоцентризмді басқа да қасиеттер секілді жай біржақты қарастыруға болмайды. Терең зерттеу нәтижесінде кейбір сфера эгоцентризм жай балаларға қарағанда дарынды балаларда айқын көрінсе, кейде керісінше онша көрініс таппаған.

Танымдық сферада танымдық эгоцентризм пайда болады. Зерттеу практикасынан шығатын қорытынды: эгоцентризмнің бұл тұру – мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы дарынды балаларға тән. Кейде біз үлкендер түсіне бермейтін нәрселерді дарынды балаларға қарапайы әрі түсінікті болады. Эгоцентризмнің бұл түрі - өзінің тұрақтылығымен ерекшеленеді және де әлі жалғасын табуда [1].

Басқа адамдардың моральді іс - әрекеттерін мен қылықтарының себептерін алуда жай балаларға қарағанда бұл мәселеде үлкен басымдық танытады.

Ақыл – ойының жоғары деңгейде дамуының арқасында қандайда бір мәселенің себеп-салдарлық байланысын байқау, болып жатқан құбылыстарды алса бір сезімталдық пен қабылдау – осының бәрі басқа адамдардың қылықтарының себептерін түсінуге жол ашады. Сол себепті де біз аз да болса білім бір мөлшерде моральдік эгоцентризм жай балаларға қарағанда дарындыларға тән деп есептейміз.

Коммуникативті эгоцентризм. Ж.Пиажениң «Эгоцентризм концепциясында» былай деп жазылады: мектеп жасына дейінгі бақылаудың нәтижесінде кішкентай балалар өздерін тыңдаушы ретінде қойғысы келмейді.

Д. Сиск пен С. Кейтсан жұмыстарды қолданған арнайы тапсырмалар даму бағдарламасында ұсынылған. Мұнда кір объектіге көзқарасын өзгүртуге арналған тапсырмаларды орындауда жай балаларға қарағанда дарынды балалардың мәселені тез әрі жеңіл шешіп тастайтынын көрсетеді. Сонымен жай балаларға қарағанда дарынды балаларға коммуникативті эгоцентризм аз дәрежеде тән.

Ата-ана мен мұғалімдер балаға бостандық пен өз күніне деген білімді дамыту арқылы бала өзін дарынды бола алатынын сезеді (2-3) (6-4). Олар интеллектуалды жетілдіру және ынталандыру арқылы баланың өзі «дарынды» болғысы келетіндей жағдай жасай алады (1-3), (6-5).

Мектептен тыс уақытта дарынды балалардың хоббиі негізінен 36%-ы кітап оқу болған: ғылыми фантастика, оқиғалар, ғылыми әдебиеттер, энциклопедиялар, өмірбаяндар. Содан соң достары, ғылыми, энциклопедтер, модельдеу немесе ұсақ-түйек бұйымдар жасау, шахмат, телевизор мен радио және спорт пен өнермен шұғылдану (әсіресе кіші жастағы балаларға) басқа балалар сияқты 10 жасқа дейінгі балалар бір нәрсені коллекциялауды хобби ретінде әсіресе пошталық маркерлерді жинауды ұнатады екен. 25%-ға жуығы дстармен кездесуді қалайды. Тек 10%-ы ғана, спортты сүймейді екен, себебі бұлар күшті емес болғандықтан және ата-аналары спортты маңызды деп санамағандар қатарынан болғандықтан.

Білім бастауы ретінде 5-6 жастағы балалар –тәжірибе десе, 7-8 жасар балалар ата-ана үйі деп есептейді. 10 жастан бастап, дербес балалар білім бастауы деп-оқу (36%), отбасы (25%), теледидар (10%), бақылау мен тәжірибе (6%), деп санаған. Тек 23%-ғы балалар ғана білім бастауын-мектеп деп санайды. Ал, оқыған немесе теледидар көргенді ұнатасың ба?- деген сұраққа 47%-ы теледидар көргенді жөн деп санайды екен, ал 39%-ы оқыған, 14%-ы екеуін де ұнатпаған.

Бүгінгі күні 10 жастағы үлкен әр екінші дарынды бала ең сүйікті не?- интернет деп жауап береді. Теледидарға көп көңіл бөлінетіні белгілі себебі оларға кітап оқудан гөрі теледидер алдында көңіл көтере алады және де телевизор алдында ойлануды қажет етпейді, ал кітап ойламай оқып, көру мүмкін емес. Тағы бір ескеретіні теледидарды көру үшін,

олар арнайы уақыт бөлінбейді дейді. Ал, кітап оқу кәдімгідей уақытты талап етеді. Көптеген дарынды балалар өздерінің әлеуметтік мүмкіндіктеріне көп сене бермейді. Себебі олар әлеуметтік істерге көп қызықпайдындықтан ал кейбіреулерінің тәжірибелерінің аздығынан қызықпаушылыққа түсе бермейді.

Оларды көбісі ұнатпайды, тіпті кейде оқшау қалып қалады. Элен Виннердің пікірінше интеллект коэффициент саны 160-тан асқан балалар жай балалардың ортасынан дос таба алмайды, тіпті достары болмайды. Интеллект коэффициенті жоғарылаған сайын бала да оқшау жеке қалып қоя береді. Біздің ойымызша бұлай емес). Ия, соңғы жылдары дарынды балалардың ортасында көптеген оқшау қалған балалар көптеп кездесетін болды. Бірақ, олардың себептері әр түрлі болып келеді: Қоғамның мақсатталған бағыттары, себебі компьютер алдында интернетке саяхат ұзақ уақытты өткізеді және көбінесе ата-аналардың жеке дербес үлгілері, тәрбиесі болып саналады. Бірақ біз оларға эмоцияларын дамыту, рухани кемелденуге тәрбиелеу және әлеуметтік қалыптасуына көмектесуге тиіспіз. Сонда олар жай балаладан өздерін артық санамай қайта оларға шын ықылас білдіріп дос болар еді.

Мұнда мұғалімдер мен ата-аналарға экскурсия, танымдық топ саяхаттар т.б ұйымдастыру арқылы баланы әлеуметтік мәртебесіне мойындаған, жетуге көмектесер еді.

Дарынды балалардың проблемасы олардың дарындылығынан емес, қайта олардың әлсіз жақтарынан пайда болады. Сол себепті әлсіз жақтарынан жою арқылы оның проблемасы да шешіледі [2].

Көптеген ғалымдар әр баланың туа біткен шығармашылық мүмкіндіктері бар, ол креативтілікті дамыту тек шығармашылық әрекетте жүзеге асады деген пікірде. Демек, шығармашылық даралықты қалыптастыру әлеуметтік орта шарттарына тәуелді. Мектеп білім беру әдістерін қолданып, танымдық процесті ұйымдастыру тәсілдері арқылы баланың креативтілігін дамытуды ынталандырады. Креативтілік туралы айтқанда шығармашылық ойлау ғана емес, тұлғаның қасиеті мен дамуы да ескерілуі керек.

Дарындылық дамуының психологиялық механизмдері. Дарынды балалармен жұмыс жасаудың эффектіфті әдістерін құру үшін тек қабілеттердің дамуына ықпал ететін факторларды біліп қана қоймай, осы ықпалдың психологиялық механизмдері туралы да хабардар болуы керек. Дарындылықтың дамуын – анықтайтын кейбір негізгі факторлар мен механизмдерді атап өтейік:

А) қажеттілікті- мотивациялы факторлар.

Көптеген зерттеулер бала қабілеттілігінің дамуына мотивацияның маңызын атай отырып, дарындылық феноменін белгілі бір қажеттіліктер

мен мотивтер түрлерімен байланыстрады, және танымды қажеттіліктер жетекші рольге ие болады.

Зерттеушілердің пікірінше танымдық қажеттіліктердің айқын көріну және өзіндік ерекшелік дәрежесі дарындылықтың дамуының түрі мен деңгейін анықтайды.

Осы көз қарастан шығатын тұжырым дарындылықты идентификациялау үшін баланың танымдық қажеттілігінің даму деңгейін диагностикалап өту керек дегенге келеді.

Мотивтерді класификациялаған кезде дәстүрлі түрде-ішкі (экстринсивті) және сыртқы (интринсивті) мотивацияларды дифференциалдайды. А.В.Хуторской қазіргі таңда – ішкі – мотивацияны зерттеудің алты негізгі әдістемелерін бөлуге болады деп есептейді [3].

Дарындылықтың дамуын ішкі мотивацияның ықпалымен байланыстырады. «Сыртқы» жетістіктерге бағдарлану (мансап, акша, т.б), субъектінің шығармашылық белсенділігіне негативті әсер етеді. Шығармашылық психология саласының белгілі маманы Н.С.Лейтес [4] өз іс әрекетіне толық берілген адам сезінетін белсенділіктің қуанышты сезімін білдіретін «тасқын немесе ағын» ұғымын енгізді. Соңғы кездері бұл түсінік дарындылық феноменін сипаттауда жиі қолданылып жүр.

Мазмұнды аспектісінен басқа мотивтің көріну деңгейі, дәрежесі де ескеріледі. Дарындылық психологиясының мамандары мотивацияның негізгі сапасы ретінде оның стимулдық функциясын қарастырады. Өкінішке орай, осы ықпалдың нақты психологиялық механизмдері толық қарастырылмайды.

Б) Компенсаторлы механизмдер, мүмкін барлық дефектілердің стимулдық ықпалы мен олармен байланысты компенсаторлы процестер туралы пікірлер түрлі ғылыми бағыттардың жақтаушыларымен бөліне бастады. Осылайша, А.Адлердің ойынша дарындылықтың дамуына себепші болатын жаттығуларға түрткі ретінде жиі жағдайда болада болатын өзінің толық жетілмегендігін сезіп тұрады. Әсіресе бұл сезім ауыр органикалық дефектілері бар балаларға жіті көрінеді.

Бірақ дефектінің стимулдық пікірлері түрлі сипат алады. Бір жағынан дефектіге қарамай, басқалардан озу, әрқашанда алда болу ниеті туралы айтылады. Екінші жағынан танып білуге деген оның ұмтылысы, өзінің шығармашылық потенциалының жүзеге асыруға талпынып жатыр делінеді.

Компенсаторлы механизмдердің қызмет етуі мотивациялы әсер етуге ғана дефектінің талантқа айналуын білдірмейді.

В) Тосқауылды жеңудің психологиялық механизмі. Динамикалық дарындылықтың дамуының жеткен деңгейін диагностикалаудың орнына алға дамуға кедергі келтіретін бөгеттерді іздеу, олардың туындауының себептерін зерттеу мәселелері шығады. А.С. Выготскийдің идеяларын дамыта отырып бұл кедегілер баланың өзінің социамәдениетті ортасына

бейімделуінен туындайды деп болжауға болады. Кедергілермен күресу қажеттігі психикалық функциялардың күшеюі мен жетілуін талап етеді. Егер бұл процес табысты жүрсе, бала қабілеттері дамды, ол кедергіні жеңуге мүмкіндік алады, осылайша социамәдениеттік ортаға бейімделеді.

А.С. Выготский бұл процестің механизмін түсіну үшін кедергіні талдау қажет, сонымен бірге кедергі туғызған өзгерістерді ой-елегінен өткізу керек деген. Кез келген кедергілер дамуды шектейді немесе тоқтайды. Бірақ қиындықты тудыра отыра олар бір мезгілде осы дамуға стимул болады. Ю.З.Гильбух мен А.И.Доровскилердің мәліметтері бойынша кедергі жеңу механизмдерінің әрекеті интеллектуалды дамудың жылдамдығымен, ал қорғаушы механизмдер әрекетті оның баяулауымен байланысты.

Г) Санасыз процестер. Дарындылықтың дамуы мен үздік жетістіктердің пайда болуына санасыз процестерге елеулі роль береді. Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеу әдістері саналы процестерге бағдарланған. Аз зерттеушілер ғана өз алдына интуицияны, т.б. дамытуға бағытталған әдіс, тәсілдерді жасауды мақсат қояды. Ұсынылған осы әдістер «психологиялық қауіпсіздік» талаптарына сәйкес келмейді.

Қазіргі білім беру тұжырымдамасының бағытының өзгергеніне қарамастан, мектептерде оқу бағдарламасын оқушы тұлғасынан жоғары қою әлі күнге дейін кездеседі. Оқытуда білім беруді меңгеруге, баланың интеллектісін ғана дамытуға бағыттайды. Оқушының тұлғалық және психологиялық шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыстар тең дәрежеде өткізілуі тиіс.

Білім беру жүйесінің тиімді көрсеткіші баланың дамуы болуы керек. Зерттеушілердің пікірі бойынша, білім беруде дамытудың тиімді және маңыздысы тұлғаға бағытталған оқыту. Мұндай оқыту тек біліммен ғана қаруландырып қана қоймай, ең алдымен оқушылардың танымдық шығармашылық күштерін қалыптастырады. Зерттеушілердің бұл пікірімен келіспеу мүмкін емес. Өйткені, креативтілікті дамыту тұлғалық дамудың басты көрсеткіштерінің бірі, тек қана креативтілік адамның өзінің даралығы мен бірегейлігін көрсетеді.

Қ.Әбдібекқызы бастауыш сынып оқушыларының бала бойындағы қасиеттерінің шығармашылық үшін тиімсіз жақтарын анықтайды:

- Төменгі сынып оқушылары небір дүниені қиялында қиыстыра алғанымен, олардың қиялы тұрақтап, бір образды, сюжетті ұстап тұра алмайды, алдын ала ой, идея, мақсат тумайды. Ой – қиялы тұрақсыз болғандықтан, оны әлдебір тапсырма міндет төңірегінде тұрақтандыру өте қиын.

- Төменгі сынып шығармашылыққа өте белсендік көрсеткенімен, оны тек ойын ретінде қабылдайды.



- Төменгі сынып оқушылары бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге шыдамсыз.

- Бастауыш сынып оқушыларында өзіндік сын мүлдем жоқтың қасы.

Бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа тәрбиелеу үшін қиын кезең екеніне қарамастан балалардың бойына жауапкершілік сезімін сіңіру керек. Оларды шығармашылыққа бағыттап, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру керек.

Бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамыту жолдарын қарастыра отырып, педагогикалық инновациялық процесте оқытушының түрткісі мен шығармашылығының қатынастары инновациялық әрекеттің тиімділігін қамтамасыз етеді. Өткізілген зерттеулер өз кезегінде болашақтағы инновациялық әрекетті болжау деңгейі мен сипатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қысқасы, дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні қажет, себебі дарынды адам басқаға қарағанда көп пайда әкеледі. Әрбір талантты адам еңбеке бейімді, ол шығармашылық тапқырлықпен жемісті еңбек етеді.

Бастауыш мектеп оқушысының жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін байыту, сабаққа ынта – жігерін арттыру, жеке дарындылығын дамыту – бүгінгі таңдағы негізгі мәселелердің бірі.

Өйткені, қазіргі кезеңдегі қоғамның жедел дамуы ғылым мен техниканың дамуымен байланысты болса, ол болашақта ғылым мен техниканы, өндірісті дамытатын бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан мектеп оқушылары үлкен жауапкершілік пен білімдарлықты қажет етеді. Оқушылардың өз - өзіне сенімін арттыру, олардың шығармашылығын дамыту, өтілетін сабақтың оқу – материалын терең ұғына білуге баулу – мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне де байланысты.

Мұғалімнің әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Бұл айтылған талаптармен бірге мұғалімнің күнделікті өтілетін әрбір сабағы ғылыми түрде негізделіп, оның тәлім-тәрбиелік мәні жан-жақты ашылуы тиіс. Осы талаптардың орынды атқаруында ғана оқушыда шығармашылық қабілет дами түсіп, оқушының оқуға, білімге деген құштарлығы дамып отырады. Оқушы құлшынысын ұдайы дамытып әрбір өтетін сабағын жаңаша ұйымдастыра біліп, оқытудың озық әдіс-тәсілдерін қолдана білгенде ғана бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері дами түседі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жексенбаева У.Б. Содержание деятельности РНПЦ «Дарын». - Алматы, 2002

2. Программа РНЦП «Дарын» (республиканский научно-практический центр)- Алматы, 1998
3. Хуторской А.В. Развитие одаренности школьников. - М.: 2000
4. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность школьников. -М., 2000
5. Нарикбаева, Калиева С.И. Подготовка будущего учителя к работе с одаренными детьми: Методическое пособие. - Алматы, - 2001

**ӘОЖ 821.512.122 - 31**

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ**

**А.Н. Галиева**, филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
**Г.Б.Ахметова**, аға оқытушы

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ., nurai\_gali@mail.ru*

*Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын оқу-тәрбие үрдісінде тиімді әдістерді пайдалана отырып арттыру жолдары қарастырылады.*

*В статье рассматривается проблема развития словарного запаса детей дошкольного возраста посредством использования активных методов обучения в учебно-воспитательном процессе.*

*The article deals with the problem of vocabulary of preschool children through the use of active learning methods in the educational process.*

**Кілт сөздер.** Сөздік қор, сөйлеу ортасы, педагогикалық ықпал.

Бала тілін дамыту мәселесі үнемі даму үстінде, жаңа ғылыми зерттеулермен, жаңа идеялармен толығуда. Соңғы кездегі ғалымдар еңбегінде тіл дамыту, тіл дамытудағы әдістер, тездетіп оқыту, тілдік қатысымға үйрету жаңа техника мен жаңа оқыту технологиясы туралы пікірлер басым орын алуда.

Жеке адамның қалыптасуы көбіне педагогикалық ықпал етуге және оның қаншалықты ерте басталуына байланысты. Балабақша бастауыш, орта және жоғары мектептердің іргетасы, аса маңызды буындарының бірі ретінде халық ағарту жүйесіне енгізілген.

Балабақша балалардың жан-жақты дамуын — дене, ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру мәселелерін алдына мақсат етіп қояды, оны тілді үйрету үдерісі кезінде жүзеге асырады. Тілге үйретудің мазмұны, жұмысты ұйымдастыру мен оқытудың негізгі әдістері «Балалар бақшасынадағы тәрбие бағдарламасында» анықталған. Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту жұмысы балабақшада өтілетін барлық сабақтарда

(шығарма оқу, сауат ашу, сурет, математика, музыка, дене шынықтыру, т.б.) баланың жасына қарай жүргізіледі.

«Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасында» көрсетілген «Тіл дамыту» сияқты сабақтар балаларға өз сөзін «аңғаруға», оған объективті болып жатқан құбылыс ретінде қарауға және сөздің сапасын бағалауға бірте-бірте үйретуге көмектесу мақсатын көздейді.

Тіл үйренуде ортаның үлкен қызмет атқаратыны ғылымда нақтылы деректер арқылы дәлелденген. Жас бала адасып тоғайда аңдар арасында қалғанда, оның қанша жасқа келсе де сөйлей білмегенін ғалымдар нақтылы деректер арқылы дәлелдеген. Ол туралы көркем шығармалар да, кино шығарылғаны белгілі. Демек, сөйлеу ортасы - сөйлей білудің негізгі шарты. Оқу, жазу жоқ кезде де адамдар сөйлеген және өте шешен адамдар көп болғаны белгілі. Қазақ халқы да өзінің өткен замандардағы шешендері мен ақындарын мақтан етеді. Сөз өнерінің биік шыңынан көрінуде олардың өскен ортасы, өскен ортаның сөйлеу үлгісі, халықтың өнер дәстүрі, оның үлгілік әсері болғаны сөзсіз. Мәселен, Төле бидің әкесі Әлібек би болған, сондықтан Төле бидің сөйлеуге, шешен болуына отбасының үлгісі күшті болған деуге болады. Сонда Төле бидің алғашқы сөйлеу тәжірибесі отбасынан бастау алған деуге болады. Демек, Төле бидің алғашқы сөйлеу ортасы - отбасы. Бұл ортадан бірсыпыра билер өткен.

Сөздік қорын дамытуда қазір ортаның қажеті бар ма деген сұрақ туады. Оған сөйлеу ортасы қазір де ауадай қажет деп жауап беріледі. Мәселен, қазір бірсыпыра ата-аналар балаларын түгел білім үйренуге жарты жылға, бір жылға, қай тілді үйрену керек болса, сол елге жіберіп жатыр. Бұл тілдік ортаның қажеттігінен туған әрекет. Осымен байланыстырып сөйлеу ортасының қажеттігі туралы шетел тілін оқыпудың маманы Е.Пассов: «Атмосфера общения является ведущей чертой современного урока иностранного языка. Создание этой атмосферы не очередная мода, а требование, вытекающее из программных целей и закономерностей обучения. Если целью ставится обучение общению, а успешно обучать какой-либо деятельностью можно лишь в адекватных условиях, то создание атмосферы общения оказывается насущной необходимостью» - деген пікір білдіреді [1].

Ана тілін үйренуде, байланыстырып сөйлеуге үйренуде, сөздік қорын дамытуда тілдік орта, сөйлеу үлгісі керек пе деген сұрақ туады. Оған жауап төмендегіше: сөйлесу ортасынсыз, сөйлесу үлгісінсіз ешбір тілді меңгеру мүмкін емес. Сондықтан А.Р. Лурия: «...для развития речи нужна речевая среда, которая дает образцы языка, речевая активность, речевая практика самых детей», - дейді [2]. Демек, тілдік орта сөйлеу үлгісін үйрену үшін, сөйлесуде ол үлгіні қолданып жаттығу үшін, байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру үшін керек.

Тілдік ортасыз, сөйлеудің жақсы үлгісінсіз ана тілінде де ешкім дұрыс сөйлеуді меңгерген емес. Олай болса, баланы байланыстырып сөйлеуге

үйретуде қандай орта, қандай үлгі керек деген мәселені шешіп алу керек. Ол үшін бала қандай ортада өмір сүретініне, оның тілінің дамуына ақыл-ойының өсуіне, дұрыс тәрбиеленуіне не әсер ететінін анықтап алу керек. Баланың туғаннан басталатын алғашқы ортасы - отбасы, ата-анасы, ата-әжесі, бауырлары, туыстары. Осы ортадан сөйлеуді үйренеді, осы ортада тәрбиеленеді, өседі, өркендейді, барлық жақсы үлгіні отбасынан бастап меңгереді.

Балабақшада әр жастағы балалар үшін сөйлеу ортасы арнайы ұйымдастырылады. Баланың байланыстырып сөйлеуінің дамуы сөйлеу ортасын ұйымдастыру деңгейіне байланысты. Педагог-тәрбиеші барлық балалардың ата-анасымен кеңесіп, бірлікте қызмет етсе, балалардың тілін дамытудың мүмкіндігі артады. Сонда табиғи тілдік орта (отбасы) мен жасанды тілдік орта (балабақша) бір бағытта жұмыс істейді. Мыналарды ескерген жөн:

- отбасы мүшелері балаға дұрыс сөйлеу, өздері дұрыс сөйлеулері керек. Өйткені үлкендер қате сөйлесе бала оны қайталайды. Сондықтан сақ болу керек;

- бала қате айтқанды, оны үйдегі үлкендер түзеп отырады;

- баланың ата-анасы балаға ертегілер оқып, әңгімелер айтады, тақпақтар жағтатып, тілін сындырып отырады.

Баланың сөздік қорын байыту - жоспарлы түрде ұзақ жүргізілетін жұмыс. Ол жұмыс жаңа сөздермен таныстыру және бұрын таныс сөздерді бекіту, яғни сөйлеуде қолдануға жаптықтыру, дағдыландыру жолымен жүргізіледі. Мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қорын дамытудың тиімді әдістерін іздестіру мақсатында Талдықорған қаласының №42 балабақшасының естиярлар тобында эксперимент жұмысы өткізілді.

Педагог-тәрбиешілер алдына мынадай мақсат қойылды: баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сөздік қор мөлшері мен сөйлеу деңгейін арттыруда нәтижелі әдістерді жүзеге асыру міндеті қойылды.

Жұмыс барысында біз зерттеудің әртүрлі әдістер - сөздік әдістер (әңгімелесу, мазмұндау, түсіндіру, көркем мәтінді оқу, жақтау, әңгімелеу, әңгімелету), көрнекілік әдістер (саяхат, заттар мен суреттерді айналыны бақылау, теледидар, компьютер материалдары), дидактикалық ойындар әдісі, тірек-сызбалар әдісі бір-бірімен байланысты қолдандық. Сөз қорын дамыту жұмысы балалардың белсенді түрде қолдана бастаған сөздерінің санының артуын көздей жүргізді. Әр сабақтың тақырыбы мен мақсатына орай жұмыста ыңғайлы әдіс-тәсілдер таңдап алынып отырды [3, 4].

Естиярлар тобында сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Заттың белгісін тауып қолдануға үйретуді балаға өте таныс зат пен оның белгісі, сапасынан бастау пайдалы. Мысалы:

- Қуыршақтар қандай болады?
- Әдемі, үлкен, кіші, жаман, жақсы.
- Ит қандай болады?
- Қабаған, жуас, кәрі, ақылды, ұлығиш, үлкен, кіші, аңшы т.б.
- Мысық қандай болады?
- Сүйкімді, ерке, үлкен, кіші, ойнағыш т.б.

Заттың белгісі арқылы өзін табуға үйретуге де болады:

- Қабаған, ақылды, ұлығиш, үй күзететін не?
- Ит.
- Көп бұтақты, тікенек жапырақты, қысы жазы жасыл, биік не?
- Шырша.
- Биік, ақ, жапырақты, бұтақты не?
- Қайың.
- Заттық қимылын тапқызу:
- Адам не істейді?
- Сөйлейді, жүреді, жатады, тұрады, билейді т. б.
- Жел не істейді?
- Шанды бұрқыратады, ағашты қозғайды, жапырақтарды ұшырады т.б.

Эксперимент жұмысымызда баланың жаңа сөз үйрету, үйренген сөзді қолдану жағына көңіл бөле отырып, сөз санын белгілеп, сабақ тақырыбын баланың нені игергенін, нені игерту керектігі ескерілді. Осылайша баланы үйренген сөзді саналы қолдана білуге, жаңа сөздермен сөз қорын молайту дәрежесіне жеткізуді мақсат еттік. Үйренген сөзді қолдана білуге үйрету, сабақта және сабақтан тыс әр алуан серуен, ойын, еңбек процесіндегі жаптығу жұмыстарында іске асырылды .

Арнаулы сабақтарда жұмбақ ойындарды көбірек пайдалану өте тиімді, олар баланың ой-өрісін кеңейтуге, өз бетімен ойланып, заттар мен құбылыстардың сипатталуына, баламасына қарай олардың атын табуға, сөздік қорын молайтуға үлкен септігін тигізеді. Біз балалардың сөздік қорын дамыту, білім деңгейін молайту мақсатында төмендегідей жұмбақтарды пайдаландық: киімдер туралы «Барады, барады, аузын ашып қалады» (кебіс), жануарлар туралы «Таптым, таптым тап жорға, табаны жалпақ боз жорға» (түйе), тағы басқа (2-сурет).

Иір – иір денесі,  
Сахараның кемесі  
Ащы шөптер – тамағы,  
Шөлге шыдап бағады.



2-сурет. Сөздік қорын дамыту мақсатында пайдаланылған жұмбақ суретінің шешуі

Бұл жұмбақ ойындар сабақтарда жарыс түрінде көрнекі құралдарды пайдалана отырып өткізілді. Олар мектеп жасына дейінгі балалардың тапқырлыққа үйретеді, ой-қиялдарының өсуіне көмектеседі, қызығуы мен белсенділігін арттырады. Сондай-ақ тәрбиеленушілердің тілін дамытып, өз бетімен шығармашылық ізденісін, эстетикалық талғамын жетілдіреді. Сурет әрбір жұмбақтан кейін көрсетілуі тиіс, әйтпесе түрлі-түсті суреттерге еліктеген балалар тек суретті өздерінше көреді де, көруден болған образ сөзбен үйлеспейді. Өйткені балалар сөзді «естімейді», оның дыбыстық бейнесі оларды қызықтырмайды

«Бауырсақ» ертегісі бойынша суреттер (3-сурет) орны ауыстырылып қойылды, балалар өздері сюжет бойынша орналастырды.



3-сурет. «Бауырсақ» ертегісі бойынша иллюстрацияланған суреттер



Көрнекілік – оқытуда заттар мен дыбыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көру, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық құбылыс. Көрнекілік тәрбиешілердің

шығармашылық ізденісі мен әдістеме жаңалықтарға қарап, оқу барысында шебер пайдалана білуді талап етеді.

Көрнекілік ежелден қолданып келе жатқан принцип, әсіресе балабақшада әр түрлі жас топтарда жиі қолданды. Төмендегі иллюстрацияланған суретке байланысты жетекші сұрақтарды қоя отырып балалармен қызықты әңгеме құрадық (4-сурет).



4-сурет. Сюжетті картинка бойынша жұмыс

Мұндай сюжетті картинкалармен жүргізілетін жұмыстар оң нәтиже берді. Атап айтқанда төмендегі дағдыларды дамытты:

1. Сұраққа толық жауап беру дағдысы;
2. Сөйлем құрау дағдысы;
3. Әңгіме құрау дағдысы;
4. Картинаның тақырыбын қойғызып үйрету;
5. Картинаның бөлшектері бойынша әңгіме құрып үйренді.

Әрбір топ бағдарламасында балаға мағыналары түсінікті, достарымен, үй-іші, тәрбиешісімен, мұғаліммен сөйлесуде еркін қолданылатын сөздік қорды тез меңгерту көзделеді. Ондай белсенді қолданылатын сөздік қорды топтау оңай емес. Оны таңдаудың негізгі ұстанымдары – тіл дамуының әр сатысына сай ауызша тілдік қатынасқа ол сөздердің практикалық қажеттігі болуы, яғни жас ерекшелігіне қарай сол кезеңде ол сөздердің қолданыста жоқтығына көз жеткізу, тіпті бұл туралы балаларда түсініктің де болмауы, екіншіден, ол сөздердің көркем сөзде, ауызекі сөйлеуде жиі қолдану ұстанымы, үшіншіден, дыбыстық құрылымы жағынан тілдік элементтердің балаларға қабылданарлықтай болу ұстанымдары жұмысымызда ескерілді.

Сөздік қорын дамыту жұмыстарында оқытудың тиімді әдістерін қолдану тек мектеп жасына дейінгі балаларға ғана емес, педагог-

тәрбиешілер үшін де қызық. Дұрыс таңдалған әдістер өз нәтижесін күткізбейді. Жүйесіз пайдаланылған әдістер тәжірибеде жақсы нәтиже бермейді. Сондықтан педагог тәрбиеші жұмыс барысында әдіс-тәсілдерді таңдауда топтың жеке ерекшеліктерін ескеріп отырғаны да жөн.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Пассов Е.И. Методология методики: теория и опыт применения. ЛГПИ, 2002. - 228с.
- 2 Лурия А.Р. Речь и мышление / А.Р Лурия.- М., 1975.- 120 с
- 3 Савенков А.И. Методика проведения учебных исследований в детском саду. Учебная литература. Самара. 2004 г
- 4 «Активные методы обучения». Электронный курс. Международный Институт Развития «ЭкоПро», Образовательный портал «Мой университет», <http://www.moi-universitet.ru/>

УДК 37.013

### ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Дутбаева Л.Т.

*Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы №18 мектеп-лицейі, бастауыш сынып мұғалімі, Талдықорған қ., [Dutbaeva@mail.ru](mailto:Dutbaeva@mail.ru)*

*Мақалада функционалдық сауаттылық жолдары көрсетілген. Функционалдық сауаттылықты аиұда педагогикалық технологияларды пайдалану барысында мына факторлар ескерілуі керек: алынып отырған технология сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы; тиімділігі, жүйелілігі және басқа жақтарын ескеру факторлары көрсетілген.*

*В статье рассматриваются функциональные строки грамотности. Использование педагогических технологий, и учитывание факторов функциональной грамотности. Тема и содержание урока должны соответствовать выбранной технологии и должны учитываться эффективность и системность урока.*

*The functional lines of literacy are examined in the article . Use of pedagogical technologies, and taking into account of factors of functional literacy. A theme and maintenance of lesson must correspond to the chosen technology and efficiency and system of lesson must be taken into account.*

**Кілттік сөздер:** *Функционалдық сауаттылық, педагогикалық технология.*



Білім алу - батылдық,  
оны толықтыру – даналық,  
ал шебер қолдана білу – өнер!

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Балаларымыздың жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болу үшін бұл аса маңызды» деп атап көрсетті. Қазіргі заманның осындай ерекше талабын орындау да өзінің өткір ой – өрісімен, шабытты шығармашылығы мен ордалы білім мекемесінің мақтауға да, мақтануға да лайық ұстаздар қауымы талмай еңбек ете бермек.

Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «функционалды ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады» – деп сипаттама беріледі. Бұдан «функция» категориясы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Мысалы: ақпарат құралдарының функциясы – халыққа ақпарат тарату. Ал «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Жоғарыда сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені нақтыланды. Яғни, «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді.

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау міндеті қойылды.

Осы міндетті жүзеге асыру барысында Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспардың мақсат, міндеті нақтыланып жасалды.

Ұлттық жоспарда мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін төмендегідей кешенді жоспар жасалды. Олар: мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық іс-шаралар кешені. Бұл кешен Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту барысында жасалатын іс-шаралардың мақсаттылығын, біртұтастығын және жүйелілігін негізге ала отырып дайындалған.

• Аталған Ұлттық жоспардың мақсаты - Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау. Ол үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

• Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыпудың отандық және халықаралық практикасын зерделеу.

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау.
- Білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету: стандарттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалар.
- Білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу.
- Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.
- Мектептің және қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту.

Осы Ұлттық жоспардың мақсатын орындау – ең алғаш мектептегі бастауыш сатыдан басталады.

**Бастауыш саты** – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Президенттің жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ.

Қазіргі бастауыш мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Осындай білікті мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын арттыруда тиімді әдіс-тәсілдерді қолданады.

### **Функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру жолдары**

Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғымды таратып айтар болсақ, адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Бұл жаңа ғана өмірге бейімделіп келе жатқан жас бүлдіршіндердің қалыптасуы, өмірге, мектеп өміріне бейімделіп кетуі. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: оқушының белсенділігі, шығармашылығы, ойлауы, шешім қабылдай алуы, қабілеттілігі т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Осыған орай ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың төмендегідей негізгі механизмдерін бөліп көрсетеді. Ұлттық жоспардың жоғарыда аталған мақсат міндеттерін жүзеге асыруда төмендегідей тетіктерді механизмдері нақтыланып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынды. Олар:

- Білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалара)
- Оқуты нысандары мен әдістері
- Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі
- Мектептен тыс қосымша білім беру бағдарламалары
- Мектептегі басқару моделі ( қоғамдық мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі)
- Ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Тіпті олар әр түрлі жағдайда кездескен бланкіні толтыра алмай, ондағы ақ-параттың мәнісін түсіне алмапты. Бір қызығы, олар теледидарда не айтылып жатқанын, жалпы айтқанда, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан. Соның салдарынан жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым оқиғалар, жарақат алулар көбейіп кеткен. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді. Сақтанбау, ұқыпсыздық, байқаусыздық, апаттар: мұның бәрі ережені дұрыс оқымағандықтан, түсінбегендіктен, санаға сіңірмегендіктен орын алып отыр.

Қазақ маманы С.Раевтың ойынша, сауатсыздық дерті адамға кішкентай кезінен бастап жұғады екен. Әсіресе бүлдіршінді жазу мен оқуға баули бастаған 1-ден 3-сыныпқа дейінгі аралықта пайда болады. Яғни, үшінші сынып оқушысы ешқашан кітапханаға бармаса, оқулықтан басқа ешқандай кітап оқымас тағы бір ертеңгі сауатсыздың дүниеге келгені. Ғалымдардың айтуынша, 8-сыныптан бастап оқушылардың 60 пайызының өз бетімен жазып-оқуға деген ынтасы жоғалады екен. Тіпті түлектердің үштен бірінің оқуға мүлдем құлқы болмайтын көрінеді. Елбасы дұрыс айтады, «білім беру тек қана оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет». Сонымен, функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз-адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның маман-дығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп

отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының күзiреттiлiкке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу күзiреттiлiктерiнiң бiрлiгiнен құралады.

- Міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерін ашу;

- Инновациялық технологияларды сынау арқылы тиімділігін арттыру, мектеп жағдайына бейімдеу;

Бастауыш сынып мұғалімдері өз сабақтарында оқушылардың тілін дамытуда, өздік жұмыс жасау, өз дағдыларын қалыптастыруда өз ойларын еркін жеткізе алуға баулуда.

Сабақта қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі меңгеріледі.


Педагогикалық технологияларды талдау барысында мына факторлар еске рілуі керек:

- Алынып отырған технология сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;

- Тиімділігі, жүйелілігі және басқа жақтары.

XXI ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оқу, есептеу) өлшенбейді, оның критерийі – функционалдық сауаттылық.

Бұл проблемаларды шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі күннің мақсаты.



Оқушылардың функцияналдық сауаттылықтарын дамытуда оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсетін өзбетімен жұмыс түрлеріне төмендегі әдіс-тәсілдерін жатқыза аламыз.



Анаграмма

Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері (кері есептер құрастыру, мәтіннің мазмұнын өңдеу т.б )

Өз ойынан еркін тақырыпқа құрастыруға берілген әдеби шығармашылық бағыттағы жұмыстар (өлең құрастыру, әңгіме, шығарма жазу т.б). Мұндағы басты мақсат оқушылардың ауызша жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және оған сәйкес жұмыстың ауызша жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негезінде ғана біздің шетіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жасжеткіншекті тәрбиелей аламыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 — 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана. 2012 жылғы 25 маусым.

2. ҚР Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұловтың «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарының орындалу барысы туралы» мәселе бойынша ҚР Үкіметі отырысында сөйлеген сөзі. Астана. 2012 жылғы 11 қыркүйек.

3. Ергешбаева Ш.Н. «Мүдде мен мақсат – жарқын болашақтың кепілі» // Өрлеу – Шымкент №1 (7) 02.2014ж.

4. Функциональная грамотность выпускников школ // Вершловский С.Г., Матюшкина М.Д

УДК 378.016

### МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ КАЧЕСТВА ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

**Малахова Ирина Александровна**

*доктор педагогических наук, заведующая кафедрой психологии и педагогики Белорусского государственного университета культуры и искусств, действительный член Международной академии гуманизации образования, г. Минск, Беларусь*

*Статья посвящена рассмотрению сущности категории «качество высшего образования», анализу тенденций развития современного высшего образования в мировом образовательном пространстве. В работе анализируются новые подходы к вузовскому образованию: гуманизация и гуманитаризация обучения, необходимость методологии преобразования современного мира, подготовка субъектов обучения к существованию в мире информационных технологий, интеллектуальное и нравственное развитие студентов. В статье*

представлены пути и условия совершенствования качества высшего образования.

Мақала «жоғары сапалы білім берудің» болмысын қарауға арналған, сонымен бірге дүниежүзілік білім кеңістігіндегі замануи жоғары білім беру бағыты талданады. Жұмыста жоғары оқу орнындағы білім беру саласындағы жаңа амалдар талданады: ізгілік және гуманитарлық білім беру, замануи білім беру аясындағы әдіснамалық қажеттілігі, дүниежүзіндегі бар ақпараттық технология субъект дайындығын арттыру, білімгерлерді зияттық дарындылық және адамгершілікке тәрбиелеу. Мақалада жоғары сапалы білім берудің бағыттары мен шарттары қарастырылады.

*The article considers the nature of the category of "quality of higher education," Analysis of trends of modern higher education in the world educational space. The paper explores new approaches to higher education: the humanization and training necessary conversion methodology of the modern world, the preparation of training subjects to the existence in the world of information technology, intellectual and moral development of students. The article presents the ways and terms of improving the quality of higher education*

**Ключевые слова:** *качество высшего образования, инновационное обучение, гуманизация, гуманитаризация, синергетический подход к содержанию образования, образование через всю жизнь, непрерывное образование, условия повышения качества высшего образования.*

В современном обществе образование стало одной из самых значимых сфер человеческой деятельности. В трудах историков и социологов можно найти определение образования как одной из важнейших движущих сил общественного прогресса. А ведь это становится очевидным, если принять во внимание следующие факты:

Во-первых, сегодня в мире по данным ООН в образовании занято более миллиарда обучающихся и почти 50 миллионов педагогов. Поэтому образование рассматривается как фактор социального и экономического развития общества. Причиной такого понимания является реальное осознание того, что важнейшей ценностью и основным капиталом современного общества является человек, способный к поиску и освоению новых знаний и принятию нестандартных решений. По мнению Э. Фромма, развитие будет определяться не столько тем, что человек имеет, сколько тем, кто он есть, и что он может сделать с тем, что имеет [1]. Следовательно, будущее развитие цивилизации больше определяется уровнем культуры и мудростью человека, чем экономическим ростом и техническим могуществом.

Во-вторых, практически все развитые страны проводили различные по глубине и масштабам реформы национальных систем образования, вкладывая в них огромные финансовые средства. Так реформы высшего образования обрели статус государственной политики в развитых странах, и связаны они главным образом с ростом контингента студентов и числа вузов, качеством знаний, новыми функциями высшей школы, количественным ростом информации и распространением новых информационных технологий и т.д.

В-третьих, в последние 10 – 15 лет в мире все настойчивее и все чаще говорят о всемирном кризисе образования. Сложившиеся образовательные системы не выполняют своей главной функции – формирования созидательных сил общества. Суть мирового кризиса образования заключается не столько в его упадке, сколько в ориентации сложившейся системы образования на так называемое поддерживающее обучение, т.е. на прошлый опыт в отсутствии ориентации на будущее.

Отсюда и понятно, почему современное развитие общества требует от образовательных систем так называемого инновационного обучения. Это новый тип обучения, направленный на формирование у обучаемых способности к проективной детерминации будущего, ответственности за него, веры в себя и в свои профессиональные способности влиять на это будущее.

Специфика высшего образования заключается в том, что оно обеспечивает активную социальную позицию субъекта обучения, его успешную деятельность в избранной сфере общественной жизни. Высшее образование дает возможность реализовать творческий потенциал и креативность будущего специалиста и позволяет приобрести навык самостоятельного усвоения новых знаний [2].

За последние 150 лет, в соответствии с развитием производства произошли значительные изменения в сознании людей относительно понимания термина «качество». Обществом пройден путь от понимания качества как пригодности товара или услуги к практическому использованию его по функциональному назначению, до удобства пользования, а затем к пониманию качества как удовлетворения запросов потребителя.

Параллельно происходила эволюция содержания понятия «качество высшего образования». Если до периода индустриализации высшее образование представляло собой производство «штучной элиты» общества, а качество его определялось личными требованиями преподавателей, то в эпоху индустриализации численность работников с высшим образованием постоянно возрастала. А требования к качеству его формализованы в виде образовательных стандартов.

При переходе к обществу знаний, когда высшее образование становится массовым, качество его должно оцениваться через



удовлетворенность потребителей – студентов, их родителей, работодателей, общества в целом. При этом управление качеством высшего образования осуществляется путем внедрения систем менеджмента качества на базе стандартов ISO в области образования.

По сути, качество высшего образования базируется на полноте достижения его цели. А целью высшего образования в современном мире является развитие субъекта обучения как профессионала и личности, создание условий для усвоения им содержания получаемого образования и формирования определенных ценностных ориентаций.

Качество высшего образования неизбежно связано с совершенствованием его содержания. А содержание высшего образования – это специально отобранная и признанная обществом система элементов, усвоение которой необходимо для успешной деятельности субъекта обучения в избранной им профессиональной области.

Социальные и экономические реалии последних лет повлекли за собой изменение требований к системе образования и качеству образовательного процесса в высшей школе. Отсюда становится очевидной необходимость кардинально новых подходов к вузовскому образованию. Суть их заключается в следующем.

Во-первых, вполне отчетливо актуализируется проблема гуманизации и гуманитаризации высшего образования. Причем данная проблема приобретает гораздо более глубокий смысл, чем просто приобщение человека к гуманитарной культуре.

Сущность гуманитаризации образования заключается, прежде всего, в формировании культуры мышления и креативности студента на основе глубокого понимания истории культуры и истории цивилизации. И здесь задача вуза заключается в подготовке специалиста, способного к постоянному саморазвитию, самосовершенствованию, поскольку, чем богаче будет его внутренний мир, тем ярче он проявится в профессиональной деятельности.

Под гуманизацией образования понимается процесс создания условий для самореализации и самоопределения личности студента в пространстве современной культуры, а также процесс создания в вузе образовательной среды, способствующей раскрытию творческого потенциала личности, формированию ноосферного мышления, ценностных ориентаций и нравственных качеств с последующей их актуализацией в профессиональной и общественной деятельности [3].

Во-вторых, если говорить о подходах к вузовскому образованию, то становится очевидным, что современному человеку нужны не только знания о мире и его законах, но и методология преобразования этого мира. Еще в 1826 г. И.Г. Песталоцци рассматривал образование как

гармоничное и равновесное развитие в процессе обучения и воспитания всех сил человека [4].

Современное развитие образования как системы должно реализовываться через системные знания, необходимые для выработки целостного, системного мышления. Эти знания могут быть получены на основе интеграции различных наук. Это так называемый синергетический подход к высшему образованию, основанный на методологии междисциплинарного знания и заключающийся в главенстве интегративных, синтезирующих тенденций.

Синергетический подход к высшему образованию на практике предполагает разработку вариативных моделей учебного процесса и содержания курсов, основополагающими принципами которых является интеграция знания и творческое развитие личности студента [5].

Синергетический подход предполагает также многомерность и единство образования, одновременное и равновесное функционирование трех его компонентов: обучения, воспитания и творческого развития личности студента в их взаимосвязи и взаимообусловленности.

Следовательно, современное образование нуждается в разработке новой методологии, в которой объектом исследования становятся все звенья образовательной системы в их взаимодействии с обществом и человеком. Синергетический подход к образованию делает принцип целостности, интегративности основополагающим при разработке его методологических основ.

В-третьих, если говорить о подходах к вузовскому образованию, то системе высшего образования необходимо готовить субъектов обучения к существованию в мире информационных технологий. Повышение качества подготовки специалистов высшей школой в значительной степени определяется достижениями информатики, внедряемыми в образовательный процесс.

И наконец, в-четвертых, стратегически важным направлением развития образовательных систем и повышения качества высшего образования является интеллектуальное и нравственное развитие человека путем включения его в самостоятельную целесообразную деятельность в различных областях знания.

Итак, исходя из анализа представленных подходов, можно отметить, что высокое качество современного высшего образования диктует необходимость:

- а) кардинальной перестройки всей системы образования;
- б) внедрения новых образовательных технологий, построенных на интерактивности и самостоятельности обучающихся;
- в) расширенного и углубленного применения информационных технологий в образовательном процессе.

Развитие современного высшего образования характеризуется перманентным характером его реформ, направленных на повышение качества функционирования образовательных систем. Модернизация системы образования осуществляется, как правило, не только на уровне целей и задач, но и на уровне его структуры, содержания, средств, методов, технологий и форм обучения. Повышение качества высшего образования может быть обеспечено, как мне представляется, несколькими путями:

а) путем внедрения в образовательный процесс высшей школы педагогических инноваций в различных масштабах измерения, как на уровне субъектов образования, так и на уровне системы, результата и процесса;

б) путем обновления содержания, методик и технологий обучения будущих специалистов с учетом достижений фундаментальных наук и современного производства, динамики развития рынка труда и требований к профессиональной деятельности специалистов;

в) путем совершенствования подготовки преподавательских кадров для высшей школы, а также качеством профессорско-преподавательского состава вузов.

На практике решение задачи повышения качества образования в вузе возможно с учетом требований инновационного развития общества, необходимости интеллектуализации производства и анализа тенденций развития современного высшего образования.

К этим тенденциям относится стремление общества к опережающему характеру образования. Такое образование вытекает из необходимости формирования и постоянного прироста знаний фундаментального характера в виде устойчивого ядра, т.е. накопление знаний на каждом из уровней образования. Это один из продуктивных подходов к отбору содержания вузовского образования.

Вторая тенденция развития современного высшего образования – это его непрерывный характер, реализуемый в идее образования «через всю жизнь». Суть такого образования заключается в постоянном развитии профессионала, соответствующем развивающемуся обществу и современному производству.

Следует отметить, что идея непрерывного образования находит поддержку во многих странах и становится основным принципом образовательных реформ с середины 70-х годов прошлого века. Содержание понятия «непрерывное образование» можно отнести к трем объектам:

1) к личности – в этом случае оно означает, что человек учится постоянно, без относительно длительных перерывов, причем учится как в образовательных учреждениях, так и путем самообразования;

2) к образовательным процессам – и в этом случае непрерывность выступает как характеристика включенности личности в образовательный процесс на всех стадиях ее развития;

3) к организационной структуре образования, когда образовательные учреждения взаимосвязаны друг с другом, благодаря чему создается пространство образовательных услуг.

Непрерывное образование ценно тем, что способствует решению трех основных задач:

- подготовки человека для включения в систему современных общественных и профессиональных отношений;

- совершенствования человека, уже включенного в общественное производство, для его своевременной адаптации к постоянно меняющимся условиям;

- разностороннего развития личности, формирования ее мировоззрения, нравственных, эстетических и других качеств и способностей.

Третья тенденция развития современного высшего образования – усиление роли дистанционного образования. По прогнозам ученых именно дистанционное образование будет превалировать в наступившем столетии, поэтому его называют образованием будущего. Это особая форма передачи знаний, в которой сочетаются элементы всех традиционных форм обучения, но осуществляется она на основе новых информационных технологий и систем мультимедиа. Именно благодаря дистанционному образованию осуществляется идея образования через всю жизнь.

К преимуществам дистанционного образования относят гибкость, модульность, параллельность, дальное действие, широкий охват субъектов обучения и рентабельность. Обучение при таком типе образования осуществляется с использованием современных информационных и телекоммуникационных технологий при территориальном разобщении преподавателей и студентов.

Таким образом, современная социокультурная ситуация диктует новые требования к системе образования в целом и к высшему образованию, в частности. Это и усиление его гуманитарной компоненты, и увеличение удельного веса процессов фундаментализации и гуманизации высшего профессионального образования, и возрастание интеграции фундаментального, гуманитарного и специального знания, обеспечивающего всестороннее видение специалистом своей профессиональной деятельности в контексте технологических и социальных перемен.

Необходимость неуклонного повышения качества высшего образования продиктована усилением глобализационных процессов, информатизацией, переходом к экономике, основанной на знаниях,

расширением мировых и европейских интеграционных процессов, динамикой рынка труда и востребованностью отдельных профессий и специальностей. Среди условий повышения качества высшего образования можно назвать:

а) создание единого европейского образовательного пространства, способствующего не только повышению качества национальных образовательных систем, но и увеличению вклада высшего образования в экономическое и инновационное развитие стран-участниц;

б) фундаментализация содержания образования, преемственность, непрерывность и вариативность форм высшего образования;

в) сочетание в образовательных системах традиций и инноваций, и дальнейшее углубление интеграции образования, науки и производства;

г) повышение квалификации профессорско-преподавательского состава вузов путем погружения в систему непрерывного профессионального образования, самообразования или в ходе подготовки научных или научно-педагогических кадров высшей квалификации в аспирантуре и докторантуре.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Фромм Э. Душа человека / Э. Фромм. – М.: Республика, 1992. – 430с.
2. Малахова И.А. Развитие креативности личности в социокультурной сфере: педагогический аспект: монография / И.А. Малахова. – Минск: БГУ культуры и искусств, 2006. – 327 с.
3. Захаров Ю.А. Основные пути повышения качества высшего образования / Ю.А. Захаров, В.А. Москинов. – М.: ГУ ВШЭ, 2006. – 100 с.
4. Песталоцци И.Г. Избранные педагогические сочинения: в 2 т. / под ред. В.А. Ротенберга, В.М. Кларина – М.: Педагогика, 1981. – Т. 2.
5. Педагогика и психология высшей школы: учеб. пособие / отв. ред. М.В. Буланова-Топоркова. – Ростов н/Д : Феникс, 2002. – 544 с.

ӘОҚ 541.124

## ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АСПАПТА ОРЫНДАУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

**Таубалдиева Ж.Ш.**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ. [z.taubaldieva@mail.ru](mailto:z.taubaldieva@mail.ru)*

*Бұл мақалада мазмұндық сараптамаға әдістемелік тұрғыдан келу және музыкалық аспаптарда ойын ұйымдастыру қарастырылады.*

*В этой статье рассматриваются методические подходы к отбору содержания и организации игры на музыкальных инструментах.*

*This article is about methodological approaches to the selection of the content and organization of a game on musical instruments.*

**Кілттік сөздер:** *мазмұндық сараптама, музыкалық аспап, музыкалық сабақ, аспаптық ансамбль, музыкалық білім, музыкалық тәрбие.*

Жалпы білім беретін оқу орындарындағы музыкалық сабақтар мазмұнына музыкалық аспаптарда ойнауды енгізу саны көп алуан түрлі әдістемелердің арасынан осы заманғы педагогикалық тәжірибеде кеңінен тараған бірқатар көзқарастарды ғана қарастырумен шектелмейді. Біз осы тақырып бойынша музыкаға оқыту әдістемесі пәнінен шетел ғалымдарының практикасына сүйенеміз соны практика жүзінде қолданышта жүрміз.

Педагог-композитор М.И.Ройтерштейнмен мен оқушылардың мұғалім жетекшілігімен қарапайым аспаптарда өз бетінше музыка ойнауына арналған жүйеленген музыкалық материал ұсынылған. Оған мыналар кіргізілген:

- оқушылардың мұғалім мен бірге бірлесе орындауына арналған шағын пьесалар;
- әндік-аспаптық балалар шығармашылығының үлгілері;
- тыңдауға арналған туындыларға қарапайым ырғақтық партитура.

Осылардың үлгілері бойынша оқушылар немесе мұғалімдердің өздері олардың көмегімен (нақты білімдік міндеттерге байланысты) «өзінің» жаңа әндер мен шағын пьесалар жазып, өңдейді және құрастыралады.

Берілген әрбір миниатюраға оқытылған кезде мақсатты бағыттағы даму жүзеге асырылатын танымдық материал ретінде қарау ұсынылады:

- барынша қарапайым музыкалық аспаптарда ойнаудың бастапқы дағдылары мен ептіліктері;

- қарапайым әндік-техникалық дағдылар мен ептіліктер;

- ұйқастық ырғақтық сезімдер мен музыкалық формалар сезімі;

- әуенге қарапайым сүйемелдеуші бола алатын, әуезділігі туындының сипатын барынша ашық бере алатын қолайлы аспапты таңдау туралы; пьеса немесе әнге әуендік немесе даңғырлатылатын шығармалардың принциптері туралы, өзіндік шығармашылықтың үлгілері туралы түсініктер.

Сондықтан сабақтарда сол бір баяғы әндік – аспаптық миниатюраларды жұмыстың түрлі формаларында пайдалану ұсынылады:

- әндетуге арналған жаттығу ретінде;

- әуендік-аспаптық этюд ретінде;

- ұйқастық бөлікке немесе нақты ырғақтық суретке тән бөлініп алынған игеруге арналған материал ретінде;

- өзіндік шығармашылыққа арналған өзіндік үлгі ретінде.

Ұсынылған үлгілерді балалардың шығармашылығы мен ойындарында музыкалық синтаксис туралы түсініктердің дамуы мен импровизациялыққа, түрлендіруге, қиыстыруға арналған материал тұрғысында табысты түрде пайдалануға болады[1].

Кеңінен танымал «Жаңғырық» ойыны балаларды ұсынылған материалмен жұмыс істеуге дайындау формаларының бірі бола алады. Оның мақсаты – ырғақтық сезім мен ұйқастық белсенділікті және аспаптардан (оларды баптау принциптерін есепке ала отырып) дыбыс бөліп алумен байланысты қарапайым дағдылар жайында, дауыс ырғақтық ептіліктер, әндік-техникалық жайындағы түсініктерді қалыптастыру болып табылады.

Оқу материалында ұсынылған әндер мен пьесалар арасында партитураларының құрылымы бойынша және ырғақтық айналымдары мен ұйқастықтары жөнінен өзара ұқсас туындылар да кездеседі. Бұл М.И.Ройтерштейнмен студентерге өздері жұмыс жүргізген балалар аудиториясының қабілеттерін ескере отырып, материал таңдауына мүмкіндік беру мақсатындағы ғана емес, бір-біріне бір жағынан жақындықтары, сонымен бірге, көңіл-күйлерінде қарама-қарсылықтары да бар екі үлгіні салыстыруға да мүмкіндік жасау үшін істелген. Осындай мысалдар арқасында оқушыларға ұйқастың (немесе ырғақтық ұзақтықтың) сол баяғы бір сатыларының үйлестірілуінің түрлі музыкалық бейнелер жасауға жол ашатындығын, ал, музыканың жалпы сипаты музыкалық мәнерліктердің: ырғақ, шапшандық, динамика, дыбысты алып жүруді және тағы басқалардың жиынтығына байланысты [2].

Осынау маңызды түсініктерді орнықтыру үшін шығармашылық тапсырмаларды, мысалға, алдын ала берілген сатыларда бесік жыры мен шеруге арналған әуендерді жазу ұсынылады. Осы тұрғыдағы аспаптық тапсырмалар әсіресе дауысы мен есту қабілеті нашар үйлескен балаларға барынша пайдалы.

Оқушыларды музыкалық аспаптарда ойнауға оқыту проблемалары музыкалық-педагогикалық ортада осы саладағы көптеген жобалардың авторы ретінде кеңінен танымал И.Г.Лаптевтің жұмыстарында әдістемелік тұрғыда егжей-тегжейлі түрде ашылған.

Автор жалпы білім мазмұнына аспапта музыка ойнауды енгізуді бірінші кезекте балалардың музыкалық, сондай-ақ, музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамытатын ықпалды құрал ретінде қарастырады.

Оның әдістемесіне тірек ретінде алынған негізгі ережелер санатына мыналар жатқызылуы мүмкін:

- оқушылардың іс-әрекеттің осы түріне қызығушылықтарын оятуға және өзіне барынша ұнаған аспапты тандап алу мүмкіндігіне қол жеткізуі үшін сабақтардың ең басында қолда бар аспаптардың әрқайсысына табиғи түрде айқын түсінік беру қажеттігі;

- оқушыларды музыкалық аспаптарда ойнауға оқытудың алғашқы кезеңінде-ақ балалардың қиялдау, елестету сынды шығармашылық қабілеттерін дамытатын, олардың еркін ойнап-ойнап табуларымен өрістейтін мен ептіліктерін біртіндеп игеруді қамтамасыз ететін, әдістемелік тұрғыда ойластырылған тапсырмаларды орындаумен байланыстыру;

- музыкалық аспаптарда ойнауға оқыту үрдісінде оқушылардың ырғақтық сезімдерін дамыту, сондай-ақ, олармен музыкалық форма мен ұйқасты сезіну, жоғары дыбыстық суреттің қисынын түсінуі мақсатында қарапайым музыкалық сауаттылықты оқытуға баса назар аудару;

- оқушылардың мақсатты бағыттағы музыкалық дамуы, сондай-ақ, музыкалық аспаптарда ойнау дағдылары мен ептіліктерін игеру үрдісінде міндетті түрде музыкалық – бейнелік материалды қабылдауына және әншілік іс-әрекеті мен байланысын жүзеге асыру;

- оқушылардың шығармашылық әлеуеті мен қызығушылығының, назарының дамуына жол ашатын мысалға алғанда, музыкант-педагог пен оқушылардың іс-әрекеттеріне, сонымен бірге оқушының мұғаліммен міндеттелген сипатты, көңіл күйі мен формаларды (жазуға дейінгі әуендік суреттер, ырғақтық импровизациялар және басқалар) сақтай отырып, «сауал (мұғалім) – жауап (оқушы)» сынды өзіндік формаларына жол ашатын тәсілдерді кеңінен қолдану;

- негізінде сол немесе басқа бір аспаптың дыбысталуындағы белгілі бір ырғақты әуендік және әуездік сипаттың орындалатын



музыканың сипатына сәйкестігі жататын әртүрлі инструменттар мен импровизацияларды жасау кезінде музыкалық аспаптардың ойластырылған іріктеулері;

- сабаққа күрделі емес ұжымдық импровизацияларды – оқушылардың сүйемелдеу «үлгісін» өздерінің таңдауына мүмкіндік бере отырып, түрлі қарапайым музыкалық аспаптарды (триоларды, металлофондарды, кастаньеттарды, румбаларды, маракастарды, дабылдарды және басқаларды) біртіндеп қосуды енгізу;
- іс-әрекеттің аталған түрін ұйымдастырудағы жас деңгейіне байланысты шектеулердің болмауы;
- осы бағыттағы сыныптық және сыныптан тыс жұмыстардың байланысын осы екі формадағы жұмыстардың бірін-бірі байытатын нақты бір қайталанбалы үрдісі ретінде қарастыру.

И.Г.Лаптевтің пікірі бойынша аспаптарды сабақтарда осылайша пайдалану «оқушылардың мүмкіндіктерін «жақындатады» және сонымен бір уақытта оқушылардың жеке музыкалық – шығармашылық қабілеттерінің дамуы мен көрініс беруіне жол аша отырып, белгілі бір кезеңде сыныпты бірлігі мықты музыкалық ұжымға айналдырады». [3].

А.А.Бороздинов музыка ойнайтын аспаптарды музыка сабағы мен мектеп оркестрі сабақтарына енгізуден бірінші кезекте оқушыларды орыс халық музыкасына үйретудің жолын көреді. Мұндай көзқарас мыналардан көрініс табады:

- негізінен халықтық-әндік материалға сүйенуінен;
- балалардың қазақ халықтық музыкасына тән ыңылдау, ұйқастық ырғақтық айналымдарды мақсатты түрде оқуынан;
- оқушылардың қазақтың халықтық көпдауыстылығын: жартыдауыстықты, дауыстардың еркін қозғалысын, олардың қиылысуларын, «қосалқылығы» әуендердің түрленулерінің ерекшеліктерін игеруінен;
- музыкалық материалдардың біртіндеп күрделене түсуінен: гетерофонды көпдауысты туындыларды оқудан негізінде жартыдауысты – полифониялық фактура жатқан туындылар түріне өтуден;
- сабақтарда аспаптық ансамбльдерде музыканы ұжымдық ойнау дағдыларының даму деңгейінің мөлшері бойынша бір тектілерден бастай отырып, соңынан араласқан және осы негізде тұтас оркестрге көшуден;
- балаларды оркестрлік фактураның түрлі функцияларын түрлендіру мен жазу, ойдан шығару, есту қабілеті бойынша ойнауға оқыту;
- музыкалық аспаптарда ойнауды оқытуда әрбір бала музыкалық үлгіні жаттау кезінде мән мәтінінде біртіндеп болса да музыкалық туындыда оркестрлік партияның барлығын орындауды үйренетін, халықтық педагогиканың қойнауында қалыптасқан тәсілдерді пайдаланудан. Оның үстіне олардың алдына қойылған орындаушылық

міндеттер біртіндеп оқушының бурдон партиясынан жартыдауыстылыққа одан ары қосалқы партияны орындауға өту желісі бойынша жалғасады;

- балалар оркестрін оқытудың мазмұнына әр оқушының оған кіретін барлық музыкалық аспаптармен танысуын және біртіндеп оларды ойнауды игеруін енгізуден;
- оркестрдің ересек әрі тәжірибелі қатынасушыларының өз жолдастарымен бірлесе отырып, орындау міндеті тұрған оркестрлік партияларды жаттауынан.

Мұндай оқытушылар барысында бала қазақтың халықтық музыкасына тән дауыс ырғақтарын, халықтық принциптерін игереді, туындының барлық көпдауыстықтық арқауын тындауға дағдыланады түрлі музыкалық аспаптар партияларындағы оркестрлік міндеттерді ажыратады, жалпы дыбысталудан өзін және әріптестерін естиді, өз аспабының дыбысталуын тұтас ансамбльдегі аспаптардың дыбысталуына бағындыра алады. Орындаушылық ептілігін меңгеруіне қарай оқушы бір партияны орындаудан екіншісіне еркін қосыла алады дирижерсіз ойнау тәсілдерін игереді.

Осылайша бастауыш сынып оқушыларында есту қабілетін бақылау және ұжымдық аспаптық музыка ойнауда орындаушылық ансамблін қалыптастыру үшін тиімді жағдайлар жасалады. Бұған сонымен бірге сабақ мазмұнына магнитофон жазбасы арқылы өз орындауын тыңдап, сонынан талдау жасау тәсілін қосу да ықпал етеді.

Музыка мұғалімдерінің музыкалық білім мазмұнына аспаптық музыкада ойнаудың мына бір түрін – мұғалім мен оқушының фортепианада бірлескен ансамбльдік ойнауын қосу бойынша жинаған тәжірибесі қомақты бағдарламалық - әдістемелік әдебиетте ол «ойнақты төртқолдылық» деген шартты атауға ие болады. Алайда, істің мәні «ойнаушы қолдардың» санына байланысты емес. Олардың саны оқу бір қолмен ойнаса (тіпті бір саусақпен) аз немесе егер оқушының ойнауына онымен бір мезетте бір емес, екі оқушы қосылса көп болуы да мүмкін. Ең бастысы – мұғалім мен оқушының фортепианада бірлесіп ойнауында. Бұл үрдісте міндеттегі негізгі салмақ (ойнау кезіндегі бірлескен іс-әрекетке жетекшілік жасау, негізгі музыкалық материалды орындау) мұғалімге жүктелген.

Аталған жағдайдағы бірлескен орындаушылық іс-әрекет мұғалім – «жетектеуші», оқушы – «ілесуші» принципі бойынша жүзеге асырылады. Оқушының партиясы ол үшін күрделірек болуы керек, соған сай мұғалім оны музыкалық материал бойынша барынша қарапайымдандыруға ұмтылады. Бұл ұзақ тұрған бір немесе қайталанатын дыбыс; әуендік және ырғақтық қатынаста еске жақсы сақталатын музыкалық айналым және осыған ұқсас тағы басқаларды көрсететін бірнеше дыбыстар болуы мүмкін.

Тіпті осындай музыкалық материалдың өзі балалар тарапынан зор қызығушылық тудырады өйткені, балалардың көбінің үйінде фортепиано жоқ, сондықтан олар оған қол тигізіп көруге, бұрындары қолдары жетпей келген аспапта дыбыстың қалай «туатындығын» сезінуге ынталанады. Оқушы мұғаліммен бірге ойнайтындықтан және фортепианалық туындының дыбысталуын өзінің орындауы арқылы ести алатындықтан ол музыкамен өзіне бұрын беймәлім болып келген қатынас тәжірибесін алады жалпы фортепианалық дыбысталудың сұлулығы өзіне де байланысты екендігіне деген сенімі артады [4].

Мұндай төртқолдылық фортепианамен ансамбльдік ойнау және тағы басқа музыкалық аспаптарда ойнауды біріктіретін оркестрлік орындаудың құрамдас бөлігіне қосыла алады.

Оқушылардың музыкалық аспаптарда ойнауына, сонымен бірге әндерге музыкалық сүйемелдеулерге арналған туындылар жазылған партитуралардың көптеген санын қосымша білім жүйесінде жұмыс істейтін педагогтер мен музыка мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік әдебиетінен табуға болады. Сонымен бірге мұғалімнің өзі немесе оқушыларымен бірге ұжымдық аспаптық орындауға арналған сол немесе басқа бір музыкалық туындыны оркестрлеуін немесе көркемдеуіне болады

Партитура жасау кезінде өзінің орындаушылық ойын жүзеге асыру үшін қолында бар аспаптар арасынан музыкалық аспаптарды дұрыс таңдаудың маңызы зор. Осыны ойластырғанда, мұғалім жатталатын музыкалық туындының еркешеліктеріне сүйене отырып, оқушылар алдына қойылатын көркемдік-бейнелік музыкалық-орындаушылық міндеттерді, шешілуіне осылар әсер ететін педагогикалық міндеттерді ескереді. Сондықтан нақты бір музыкалық аспаптың жасалатын музыкалық-орындаушылық бейнесіне сәйкестігімен бірге оқушылардың сол немесе басқа бір музыкалық аспапта ойнау үрдісінде алған орындаушылық тәжірибесіне де баса назар аударылады. Сол бір баяғы туындыны орындау үшін түрлі сыныптардағы оқушыларға оркестрлік хаттардың күрделілігі және музыкалық аспаптарының құрамы бойынша түрлі оркестровкалардың ұсынылуының мәні де міне осында.

Аспаптарды таңдауда олардың дыбысталу сапасына мұқият қараған жөн. Мәселен, балаларға арналған роялдар, пианино, баяндар, аккордеондар, сыбызғалар көп жағдайда сапалы дыбыстарға ие болады. Осыларды оқыту-білім беру үрдісіне енгізу балалардың музыкалық дамуына әсер етіп қана қоймайды, олардың есту қабілеттерін дұрыс шықпаған дыбыстарды тап басуға үйретеді.

Туындыны оркестрлеу кезінде бірнеше аспаптарды бірегей дыбысталуға біріктіру мәселесіне арнайы назар аударылады. Балалармен жұмыс барысында жапы оркестрлік дыбысталуға әрбір аспаптың

дыбысталуының жақсы естілетіндей және басқаларының дыбысталуының көлеңкесінде қалып қоймайтындай жағдай жасау аса маңызды. Бұл міндет аса күрделі, әсіресе, көптеген мұғалімдер әуендік аспаптарда ойнаудың қиындығына байланысты, «шулы оркестрлер» деп аталатындарға артықшылық беру керек деп есептейтін ойнауға үйретудің бастапқы кезеңінде тіптен күрделене түседі.

Шулы аспаптардың табиғи күшінің өзінен-ақ олардың дыбысталуы әуендік аспаптардың дыбысталуымен салыстырғанда аз бедерлі болып келетінін байқаймыз. Осыған орай, оркестрлік партиялардың ырғақтық өзара толығы мен олардың әуендік-динамикалық арақатынасы мәселелері шешуші маңызға ие болады.

Партияны жазу үшін таңдалған аспаптар мен оқушылардың олардың кез келген біреуінде ойнауға дайындық деңгейіне байланысты жазудың жалпы қабылданған жүйесі немесе осы үшін арнайы жасалған қарапайым шартты белгілер қолданылады.

Аспаптық партияларды жазуға арнайы жасалған тәсілдердің ішінен негізінде ұрмалы аспаптар партиялары жазылатын дәстүрлі музыкалық жазбалар көмегіне жақын шартты белгілер жатқан жүйелер әлемде кең қолданысқа ие болды. Бұл - әуеннің ырғақтық суреті жазылатын көлденең желі. Әрбір аспаптың партиясы өзінің желісі бойынша жазылатындықтан партитурадағы мұндай желілердің саны аспаптық партиялардың жалпы санымен анықталады.

Шартты түрде «жіп» деп аталатындағы жазба түрлі ноталар мен партиялардың саны барынша жіктелу болған жағдайда, әуендік аспаптар үшін де пайдаланалуы мүмкін. Бұлай бола қалған жағдайда жазбаның графикалық тәсілі желілерінің саны түрлі жоғарылықтағы дыбыстар санымен тең болып қалатын нота алып жүрушіні еске түсіреді.

Жазудың бұл тәсілі әсіресе әуен түрлі биіктіктердегі екі – үш дыбыстарға құрылатын әуендік аспаптарда ойнауды игерудің бастапқы кезеңінде тым қолайлы болады. Дыбыстардың әрқайсысы өз желісіне жазылатындықтан олардың арасындағы ара қатынас көрнекі түрде байқалады. Сонымен бірге бұл жағдайда оқушылардың металлофондар мен ксилофондарда ойнаудың дағдылары мен ептіліктерін бастапқы меңгеру үрдісін жеңілдету үшін музыка мұғалімі толық жинақтағы пластинкалар қатарынан балалар жаттап жатқан партияларды ғана қалдырып, басқаларын алып тасатуға жиі жүгінеді.

Егер, музыкалық аспаптар партиялары кез келген бір немесе бірнеше ырғақтық фигураларды көп мәрте қайталауға негізделсе бірқатар партитураларды жаттау мүмкін. Мұндай тәсіл жаттауды жеделдетеді. Партиялардың аса көп санын біріктіру кезінде мұндай тәсілдің жағымсыз салдарларға әкеліп соқтыруы ғажап емес, өйткені, оқушылардың басты назары жалпы дыбысталуға емес, өздерінің партияларына ауып кетеді. Егер, балалар үшін есту қабілеті арқылы

жаттау ереже болып табылса, онда жалпы дыбысқа бейімділіктің болмауы оларда ұжымдық аспаптық орындаушылық дағдылары мен ептіліктердің қалыптасуын қиындата түседі.

Бастауыш мектептің сабақтары мазмұнына балалардың музыкалық аспаптарда ойнауын енгізудің түрлі әдістемелік шешімдерінің нақты мысалдарымен У.Жамьян, Н.Братанова, Д.Молдағалиева, А.Вьюновалармен өткізілген музыка сабақтарын қарау барысында танысуға болады.

У.Жамьянның Моңғолия елшілігіндегі мектеп оқушыларымен жүргізген сабағы музыкалық іс-әрекеттің осы түрі мен тұңғыш рет қатынасқа түскен балалармен музыкалық аспаптарда ойнауды енгізу көзқарасымен көрінеді. Оқушылардың кез келген бір музыкалық аспапта ұжымдық ойнау тәжірибесі әлі жоқ болғандықтан, оларға ұсынылатын тапсырмалар барынша қарапайым болуға тиісті. Мұғалім аталған үзіндіні аспаптық орындаушылық, балалардың музыка мұғалімімен бірлесе отырып жасаған музыкалық туындының көркемдік бейнесінің импровизациялық бастауын күшейту бағытында құрастырған. Оқушылар танысқан туындының негізінде моңғол халқы нышандарының бірі – «Қара жылқы» бейнесі жатқандықтан сүйемелдеу партиясы ат тұяғының дүбірін елестететін ырғақтарға құрылған.

Аталған сабақ үзіндісін талдау кезінде шамшат таяқшалармен ырғақтық суретті орындау сияқты барынша қарапайым тапсырманың музыкалық-педагогикалық міндеттердің тұтас қатарының шешілуіне жол ашатындығы назар аудартады.

Д.Молдағалиева мен Н.Братановалардың өткізген музыка сабақтарындағы музыкалық аспаптарда ойнауға кіріспе басқа мақсатты нұсқамалардан бастау алған. Ол – Москвадағы мектептер оқушыларды басқа елдердің музыкалық мәдениеттерімен таныстыруға бағытталған. Сондай-ақ, мұнда мұғалімдер оқушыларға сол немесе басқа бір аспаптарда ойнауды ұсына отырып, көп жағдайда түрлі міндеттерді шешкен.

Н.Братанованың сабағында оқушылар болгар музыкасымен танысады. Музыкалық аспаптар балалардың осы музыканың өздеріне жаңа болып келетін ырғақтық құрылымын сезінуі үшін енгізілген, сондықтан да, мұғалім әндердің бәрін оларға аспаптық сүйемелдеумен орындауды ұсынады. Аспаптар құрамы ретінде түрлі елдерге әстүрлі болып келетін бірнеше музыкалық аспаптар жиынтығы пайдаланылған.

Мұғалім балаларға тек музыкалық материал ғана жаңа болып көрінуі үшін, оларға бұрыннан таныс аспаптарды ғана қолданады. Бұл оқушылардың назарын осылардың төңірегіне тоқайластыруға, орындалатын музыкаға белсенді түрде кіруге мүмкіндік береді.

Сабақтың аталған үзіндісін талдау барысында мұғаліммен қандай аспаптар таңдалып алынды, олардың дыбысталуының қалай болуына;

аспаптық ансамбльде олардың қалайша бірін-бірі толықтырғанына; қарапайым музыкалық аспаптардың дыбысталулары мұғаліммен фортепианада орындалған партиямен байланысуына; туындыны орындауға мұғалімнің қай тұрғыда қатысқанына байланысты орындаушылық үрдісті басқару құралының қалай өзгергеніне назар аударуға болады.

Д.Молдағалиева аспаптық ойнауға кіріспеде москвалық оқушыларды қазақ халқының музыкалық мәдениетімен таныстыру мақсатында мүлде басқа әдістемелік шешімді пайдаланады. Ол сабақ мазмұнына қазақ музыкасын енгізіп қана қоймай, балаларға қазақтың қарапайым халықтық музыкалық аспаптарында ойнауды да ұсынады. Бұған қол жеткізу мұғалімнің осының алдындағы сабақта аталған әнді жаттатуды бастағаны және сондықтан оны қайталаған соң оған күрделі міндет жүктеу; оқушыларға мүлде жаңа музыкалық аспаптарды ойнаумен бір мезетте әндету арқасында мүмкін болады.

Мұғаліммен тандалған аспаптар қатары негізінен ұрмалы аспаптар тобынан тұрғандығына қарамастан, ол дыбысталуы бойынша сантүрлілігімен ерекшеленеді. Сонымен бірге балаларға ұсынылған аспаптарда ойнау орындаушылық тұрғыда соншалықты жеңіл болған және ұжымдық аспаптық іс-әрекет үрдісіндегі оқушылар әрекетін күрделі үйлестіруді қажетсінебейді. Ал аспаптардың өздері оқушылар үшін барынша тартымды болғандықтан олардың тарапынан үлкен қызығушылық туғызады.

Аталған сабақ үзіндісін талдау оқушыларға ұсынылған аспаптардың дыбысталуы мен сыртқы бейнесін, балалардың сол немесе басқа бір аспапқа деген қатынасын; мұғалімнің аталған аспаптарды оқушыларға таныстыру және олармен жатталған әнге ырғақтық қосылуды орындауы үшін қолданған әдістемелік тәсілдерін көз алдымызға келтіруге көмектеседі.

Кіндік тамырлы арамшөптерден кәдімгі сурепка-*Barbarea vulgaris*, және бақ-бақ-*Taraxacum Vulgareo* Schrank, екі жылдықтардан қара меңдуананы әр жерден кездестіруге болады. Атпатамырлы арамшөптерден дала шырмауығы-*Convolvulus arvensis* L, ал тамырсабақты арамшөптерден жатаған бидайықпен астық тұқымдас арамшөптерден тауық тары-(*Echinochloa crusgalli* L) егістік танаптардың шетін аздап ластағаны байқалды.

Мамыр айында түскен жауын-шашын мөлшері мен қолайлы ауа температурасы арамшөптер мен ауылшаруашылық дақылдарының ары қарай өсіп-өнуіне қолайлы әсер етті. Мамыр айының 2-3 онкүндігінде кеш пісетін аз жылдық арамшөптердің өскіндері мен көп жылдық арамшөптердің жер асты бүршіктерінен жаңа өркендер өніп шығып, егістіктегі арамшөптердің тығыздығын арттыра бастады. Астық тұқымдас арамшөптер мамыр айында түптену кезеңінде болды. Күндізгі және түнгі ауа температурасының жоғарылауы қосжарнақты арамшөптердің өсіп өнуіне қолайлы әсер етті. Кеш өсетін жаздық шөптер-қызылша гүлтәжісі және ақ алабота арамшөптері сабақтану кезеңінде болды, биіктігі 18-24 см аралығында. Тамырсабақты және тамырөркенді арамшөптер сабақтану кезеңінде болды.

Маусым айында топырақ қабатындағы ылғалдың болуы мен күннің ашық болуы арамшөптер биогруппасының жақсы өнуіне

қолайлы болды. Дәлірек айтсақ маусымның 1, 23, 29 күндері жауған жауын-шашын мөлшерінен арамшөптер қарқынды дами бастады. Тамырөркенді арамшөптер (дала және сары қатуен-Cirsium arvense Scop) сабақтану кезеңінде, бір жылдық қос жарнақты арамшөптер (бұрметікен, алабота, қарасора, қызылша гүлтәжісі) сабақтану-жапырақтану кезеңінде, астық тұқымдас арамшөптер масақтану, гүлдеу кезеңінде болды.

Шілде айында азжылдық және көпжылдық қосжарнақты арамшөптер гүлдеуі мен тұқым толықтыруын жалғастырды. Тамырсабақтылар мен кіндіктамырлылар гүлдеу, дән толтыру кезеңінде болды. Астық тұқымдас арамшөптер сүттеніп-балауызданып, пісу кезеңінде болды. Шілде айында жауын-шашынның аз түсуіне байланысты, арамшөптер тез пісіп, тұқымының төгілуіне ықпал етті. Бір жылдық қос жарнақты арамшөптер шілде айында гүлдеуі мен тұқым толтыру кезеңінде болды. Айдың аяғында қосжарнақтылар дән толтыруын жалғастырды.

Тамыз айында екіжылдық арамшөптер (түйежоңышқа) жер тоған жапырақтануын жалғасады. Жер тоған жапырақ күйінде қыстауға кетеді. Тамыр өркенді арамшөптер (далалық шырмауық, тышқан бұршақ, ашы ермен жапырақ) тұқымын төге бастады. Қазіргі уақытта қоректік заттарды жинау кезеңінде. Тамырсабақты арамшөптер (жатаған бидайық, салалы қар шойыр, кәдімгі қамыс, кәдімгі мыңжапырақ, дала қырық буыны) пісуі кезеңінде.

Қыркүйек айында тамырсабақты арамшөптер тамыр шашақтану кезеңінде, паразитті және жартылай паразитті арамшөптер (арамсою, сары шырмауық) тұқымның төгілу кезеңінде, тамырөркенді арамшөптер тамыр өркенінің өсуі кезеңінде, астық тұқымдас арамшөптерде дәнінің толық жерге төгілуі байқалды.

Ескелді ауданы Талдықорған, Текелі қалалары бойынша биылғы 2012 жылы егістік алқаптармен елді мекендердің жабайы канадалық арпа арамшөбінің бар-жоғына тексеру жұмыстарын жүргіздік. Негізінен жабайы канадалық арпа арамшөбі бір жылдық астық тұқымдас арамшөп. Биіктігі 70 см дейін жетуі мүмкін. Әбден пісіп-жетілген уақытында тіпті мал азығына да жарамсыз болып табылады. Ескелді ауданы бойынша барлығы 2,037га алқап тексерілді. Ескелді ауданының Қарабұлақ, Бақтыбай, Көкжазық, Қайнарлы, Жалғыззағаш ауыл округтерінің барлық ластанған жердің ішінде елді-мекенінде (залежи) жабайы кандалық арпамен төменгі дәрежеде ластанғаны анықталды. Талдықорған қаласы бойынша барлығы 1,200 га алқап қаралды. Оның ішінде Еркін а/о 80га, Өтенай а/о 0,100 гектары төменгі дәрежеде ластанғаны анықталды. Текелі қаласында 0,890 га жер тексеріліп, алайда жабайы канадалық арпа арамшөбі кездеспеді.

Арамшөптермен күресудің тиімді болуы агротехника және

химиялық әдісті қолданудың дұрыс және уақтылы болуында. Техниканың ескіруі мен жанар-жағар майдың жетіспеушілігі және гербицидтердің аз мөлшерде қолданылуының арқасында Ескелді ауданында бойынша егістік алқаптарда арамшөптер басымырақ болды.

Соңғы жылдары көктем айларындағы ертеңгі-түнгі салқын ауа температурасы мен жаз айларындағы жауын-шашын мөлшерінің аз болуы егіс алқаптарында аз жылдық және көпжылдық қосжарнақты арамшөптермен астық тұқымдас арамшөптердің көбеюіне әсер етті. Әсіресе көпжылдық атпатамырлы арамшөптер басымырақ. Олар көбіне жұмсақ қара топырақты, тау етегіндегі аймақтарда бейімделгенімен, кейінгі жылдары тұқым арқылы таралып, егістік алқаптарда да кездесетін болды.

Арамшөптермен күресудің бірінші агротехникалық шараларды уақтылы, дұрыс технология бойынша жүргізу қажет. Көктемгі жер жырту, топырақты өңдеу жұмыстарын дұрыс қолдану, сапалы және арамшөптер тұқымы араласпаған тұқымдар егу, себу нормаларын сақтау, сүдігер жырту, көпжылдық шөптер егу т.б.

Арамшөптер көп өскен жерлерде тығыздығы экономикалық зияндылық шегінен асып кеткен жағдайда химиялық өңдеу жүргізу немесе парға қалдыру керек.

Арамсоюу *Cuscuta S.P.* – бір жылдық паразитті шөп, Қазақстанның барлық жерінде таралған. Дүниежүзілік флорада арамсоюдудың 274 түрі кездеседі. Қазақстанда тіркелген арамсоюдудың 19 түрі бар.

Қазақстанның барлық облыстарында көп тараған түрі – далалық арамсоюу. Бұл шөп 200-ден астам ауылшаруашылық дақылдарына зиянын тигізеді. Мысалы, далалық арамсоюу басқан қант қызылшасы өнімінің 80%-ы, пияз-сәбіздің – 85%, жоңышқа өнімдерінің 95%-ы жойылады.

Қаскелең тәжірибе шаруашылығындағы қызылша егістігінде арамсоюу және басқа арамшөптермен күресу үшін гербицидтер қолданылады. Арамсоюу жаңа өсе бастаған кезеңдерінде жас сабақтар гербицидтер әсерімен тезірек жойылады, кейін арамсоюу гүлдері сарғая бастағанда, гербицидтер әсері аз болады.

Жатаған у кекіреге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары мамыр айының үшінші онкүндігінде басталады, ал арамсоюумен маусым-шілде айлары аралығында жүргізілді. Гербицидтердің қолдану мерзімі – сабақтанудан гүлдену кезеңі аралығына дейін. Осы жылы карантиндік арамшөптерге қарсы Ланс 24% с.е. химиялық препараты (шығын көлемі - 0,15-0,18 л/га) қолданылды. Сондықтан химиялық өңдеу жүргізілген жерге ауылшаруашылық малдардың 6-7 күн аралығында жайылымға шығаруға тиым салынғаны ескертілді.

Қазіргі уақытта Текелі қаласында карантиндік объектінің екі түрі тіркелген. Олар карантиндік арамшөп жатаған у кекіре мен сарышырмауық (арамсоюу) (1-кесте).

1 кесте. Химиялық препараттардың биологиялық тиімділігі (Текелі қаласы, 2013 ж)

№	Текелі қаласындағы карантиндік объектілер атаулары	Өлшем бірлігі	Залалданған көлем	Өңделген көлем, га	Препарат атауы	1 га кететін препарат	Қолданылған препарат, л	Биологиялық тиімділік, %
1	Жатаған у кекіре	Га	400	215	Ланс, 24% с.е.	0,165	35,475	92
2	Арамсоюу	Га	50	18	Глифосат, 48% с.е.	3	54	91

Қаламызда осы аталған арамшөптермен жол жағалаулары, бос жатқан жерлер жоғары деңгейде ластанған. Сол себепті у кекіре мен арамсоюуға қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жыл сайын жүргізілуде.

Жатаған у кекіре карантинді арамшөбіне Ланс, 24% с.е. препараты алғашқы күннен бастап жоғары тиімділік көрсетті, яғни оның биологиялық тиімділігі 92 % жетті. Бұл препараттың ұлылығы ұзақ мерзімге созылды. Арамсоюу карантинді арамшөбіне Глифосат, 48% с.е. препаратын қолданғанда биологиялық тиімділігі 91 % көрсетті.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сулейменова З.Ш. Методические указания по учету и выявлению карантинных объектов. - Астана: 2009.
2. Обзор распространения вредных и особо опасных вредных организмов сельскохозяйственных культур в 2011 году и прогноз их появления в 2012 году. – Астана: 2011.

ӘОЖ 626.8:630.116.27

## ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ АҒЫНДЫ СУЛАРЫН СУАРМАЛЫ ЕГІНШІЛІКТЕ ПАЙДАЛАНЫП ТАЗАРТУЫН ЖЕТІЛДІРУ

Даутбаева А.Б., магистр, оқытушы

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ.*

*Жұмыстың экологиялық қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін, топырақтық-биологиялық жете тазартуды пайдалану арқылы азықтық дақылдар мен ағашты-бұталы көшеттерді өсіру үшін ылғал мен тыңайту заттары ретінде, ағынды суларды кәдеге жаратудың ғылыми-негізделген технологиялық тәсілдерін әзірлеу болып табылады.*

*Разработка технологических методов обеспечивающих экологический безопасность и защиту окружающей среду, используя почвенно-биологический очищение для наращивания разведут саженцами пицевые культуры и древесно-кустарниковые.*

*Development of the technological methods ensuring ecological safety and protection surrounding the environment, using soil and biological clarification for building will part with saplings food cultures and wood and shrubby.*

**Кілттік сөздер:** биотоган, тұтынушы, су құбырлары, канализациялық желілер, су нысандары.

«Жетісу-Су құбыры» кәсіпорны өндірістің үздіксіз айналымы бар кәсіпорны бола отырып, ішкерлік сумен Талдықорған қаласының халқы мен кәсіпорындарын қамтамасыз етеді және тұтынушылармен пайдаланудан кейін канализациялық желілер арқылы пайдаланған суларды қабылдайды және оларды толық биологиялық тазартуы бар канализациялық тазарту құрылыстарында тазартады.

Су пайдаланушы кәсіпорынның ақпараты бойынша Талдықорған қаласының, канализация жүйесімен қолданылатын, халықтың саны (адам) келесіні құрды:

2010 жылы – 77449; 2011 жылы (11 айда) – 78025.

Жақын келешекте халықтың ұлғаюға тенденциясы байқалған. Су ресурстарына жүктемелердің қазіргі замандағы деңгейі, бір жағынан, су пайдаланудың сандық көрсеткіштерімен, ал басқа жағынан, су көздеріне келіп түсетін өмір тіршілігі қалдықтарының сапалық көрсеткіштерімен және олардың табиғи ортамен үйлесімдігімен анықталады. Ағынды сулардың тастамдырының жалғасып жатқан азаюына қарамастан, судың



сапасы барлық дерлік су нысандарында қанағатсыз болып қалады (1 - кесте).

1–кесте Балқаш-Алакөл алабының су ресурстарын тарту мен пайдаланудың негізгі көрсеткіштері

1	2	3	4	5	6
№	Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2005	2010	2013
1	Халық саны	Млн.адам	2,75	2,8	2,85
2	Пайдаланылатын суармалы жерлердің ауданы	Мың га	515,5	512,4	546,3
3	Суды қосынды пайдалану, соның ішінде	млн.м3/жыл	2981,8	2787,9	2884,59
	3.1. жер бетінің	млн.м3/жыл	2645,3	2350,7	2390,74
	3.2. жер астының	млн.м3/жыл	290,91	330,6	377,79
4	Суаруға суды пайдалану	млн.м3/жыл	2217,4	1990,36	2073,87
5	Шаруашылық-ішерлік қажеттіліктерге пайдалану	млн.м3/жыл	394,67	411,22	436,5

Қалалардың территорияларында, өзінің ағынды суларын жалпы қалалық канализацияға тастайтын, әр түрлі өнеркәсіптік, өндірістік және коммуналдық кәсіпорындар орналасқан (2-кесте).

2 –кесте Су пайдаланудың қазіргі деңгейін бағалау

Су пайдаланудың деңгейін бағалау көрсеткіштері	Қалалар	
	Алматы	Талдықорған
1. Қаланың территориясында жұмыс істейтін, кәсіпорындардың саны соның ішінде	2586	91
1.1. өнеркәсіптік категориядағы	240	60
1.2. олардың ішінде тазартудың жергілікті құрылыстары	141	13
2. 01.01.2008 жылға қарай халықтың саны, мың адам	1324,74	330,125
3. Су тұтыну көлемі, млн.м3/жыл	378,02	134,53
4. Пайдаланған судың көлемі, млн.м3/жыл соның ішінде	225,01	129,81
4.1. өндірістік қажеттіліктерге	67,2	55,71
4.2. шаруашылық-ішерлік қажеттіліктерге	155,18	39,02
4.3. ауыл шаруашылық және басқа қажеттіліктерге	2,63	35,08
5. Бөлінетін ағынды сулардың көлемі, млн.м3/жыл	241,4	38,56

«Жетісу Су құбыры» кәсіпорынның 2012 жылы су бөлуінің нақты көлемі 2-ТІІ (су шаруашылығы) есеп беруіне келісімді 5374,1 мың м/жылды құрды.

2013 жылы су бөлудің күтілетін көлемі есептеулерге келісімді 5700,0 мың метрді құрайды, бұл 2012 жылғы су бөлу көлемдерінен 325,9 мың метрге көп .


Қаланың өнеркәсібінің даму келешегін есепке алумен және «Жетісу Су құбырының» есептік мәліметтеріне сәйкес 2013-ші және кейінгі жылдар кезеңіне ПДС нормаларын есептеуге Қаратал өзеніне бөлуге ағынды сулардың шығыны –  $q_{СТ} = 7\ 600$  мың м<sup>3</sup>/жыл деп қабылданады.

Талдықорған қаласында шаруашылық-нысаптық және өндірістік ағынды суларды бөлуге арналған канализацияның бірыңғай жүйесі жұмыс істейді. Қаладағы канализациялық желілердің ұзақтылығы 237 км-ді құрайды. Жобалық қуаттылығы 36,0 мың м<sup>3</sup>/ тәул. болатын Талдықорған қаласының ағынды суларын биологиялық тазартудың жалпы қалалық құрылыстары 1976 жылы пайдалануға енгізілген (1-сурет)

Тұтасымен жоғарыда аталған кәсіпорындар 2008 жылы Талдықорған қаласының Әкімімен бекітілген «Талдықорған қаласының канализация жүйелеріне өндірістік ағынды суларды қабылдау ережелерінің» нормативтік талаптарының шектерінде «өндірістік» ағынды суларды бөлуді жүзеге асырады. Ережелер 03.12.2007 жылғы №03-2945 Мемлекеттік экологиялық сараптамамен және 27.09.2007 жылғы № 239 Қазақстан Республикасының территориялық органымен келісілген [2].

Талдықорған қаласының өндірістік кәсіпорындарының көпшілігінде өзінің жекеменшік ұнғымалары бар (1-сурет).

Талдықорған қаласының көптеген өндірістік (өнеркәсіптік) кәсіпорындарында айналмалы сумен жабдықтау жүйесі жұмыс істейді (3-кесте).



1 -сурет- «Жетісу-Су құбыры» өнеркәсіптік алаңшаларының орналасуының жағдайлық сызбанұсқасы (масштаб 1:100000)

3 -кесте - Биотоғандардың географиялық координаттары және ағынды суларды тастау нүктесі

Нүктелер №№	Координаттар					
	ендік			Бойлық		
	гр.	ми н.	сек	гр.	ми н.	сек
Биотоғандар						
21	45	01	14.8	78	19	33.9
22	45	01	27.3	78	19	03.6
23	45	01	35.8	78	19	01.2
24	45	01	51.5	78	19	15.5
25	45	01	46.4	78	19	28.1
26	45	01	20.4	78	19	38.6
Қаратал өзеніне тастау орны						
27	45	02	34.6	78	17	49.6

### Су бөлу

Қаланың өнеркәсібінің даму келешегін есепке алумен және «Жетісу Су құбырының» есептік мәліметтеріне сәйкес 2013-ші және кейінгі жылдар кезеңіне ПДС нормаларын есептеуге Қаратал өзеніне бөлуге ағынды сулардың шығыны –  $q_{ст.} = 7\ 600$  мың м<sup>3</sup>/жыл деп қабылданады.

Талдықорған қаласының биологиялық тазартудың жалпы қалалық құрылыстарының жұмыс істеу тиімділігі қанағатты, бұл нағыз пайдаланған суларды бөлу жүйесінің өндірістік мониторингінің нәтижелерінен шығады.

Биотоғандар кәдімгі табиғи жағдайларда биологиялы тазартылған ағынды суларды жете тазартудың құрылыстары болып табылады. Биотоғандардың жалпы ауданы 50 га, орташа тереңдігі 1,5 м. Биотоғандар, каскадпен орналасқан, чектерге бөлінген. Чектерді пайдалану тәртіптемесі – дәйекті. Биотоғандардың күйі жақсы [3].

Биотоғандарды өткеннен кейін пайдаланған сулар, натрий гипохлоритімен жасалынатын, зарарсыздану үшін өздігінен ағу арқылы құбыр бойымен құдыққа бағытталады. Натрий гипохлориті хлораторлықтағы тікелей КТҚ-да гидролиздік қондырғыда өндіріледі және құбыр бойымен хлораторлық ғимаратынан беріледі.

Ағынды суларды тазартудың тиімділігі 97%-ды құрайды.

Ағынды сулардың тастамы келесіні құрды:

- 2009 жылы – 5182,96 мың м<sup>3</sup>;
- 2010 жылы – 5238,1 мың м<sup>3</sup>;
- 2011 жылы – 5278,28 мың м<sup>3</sup>;
- 2012 жылға – 5300,0 мың м<sup>3</sup> (күтілетін).

2012 жылдан 2017 жылға дейін кезеңде қаланың келешектік дамуын, шығыс индустриальдық өнеркәсіптік аумақтың дамуын, шығыс мөлтек ауданның жеке-тұрғын үй құрылысын, қаланың оңтүстік-батысындағы котедждік қалашықтың құрылысын ескере отырып,

ағынды суларды тастау көлемінің күтілетін жыл сайынға өсімі орта шамамен 7,5%-ды құрайды [4].

«Жетісу-Су құбыры» кәсіпорнымен Қаратал өзеніне (ағынды сулардың шекті-шақтамалы тастамын есептеу үшін пайдаланған сулардың көлемі жылына 7608,0 мың м деп қабылданады (4-кесте).

4 -кесте Тасталынатын ағынды сулардың көлемі

Тасталатын ағынды су атауы	Тасталатын жалпы ағынды су көлемі (мың.куб.метр)						2011 жылдағы жалпы ағынды су көлемі
	2011	2012	2013	2014	2015	2016	
1	2	3	4	5	6	7	8
	5278,28	5300,0	7608,0	7608,0	7608,0	7608,0	5778,28

В.Т.Додолинаның жіктеуі бойынша Оңтүстік Қазақстанның негізгі қалаларының: Алматының, Талдықорғанның ағынды сулары химиялық құрамы бойынша және өзінің сапалары бойынша қалалық-шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларға жатады, себебі шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулардың үлесі өндірістіктерден 2-3 есе басым болады.

Қалалық тұрмыстық ағынды сулар тазарту құрылыстарына бірден түседі, ал өндірістік ағынды сулар, жалпы канализациялық желіге зиянды қоспалардың үлкен мөлшерлеріне жол бермеу үшін, кәсіпорындардың өздерінде алдын-ала (жергілікті) тазартуға ие. Шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік ағынды сулардың қатынасы 75-90% шектерінде және шаруашылық-тұрмыстықтар 10-75% шектерінде ауытқиды [5].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Черкинский С. Н. Санитарные условия спуска сточных вод в водоемы. – М.: Литература по строительству, 1971. – 208 с.
2. Беличенко Ю.П., Полянинов Л.Я. Охрана водных ресурсов. – М.: Россельхозиздат, 1976. – 133 с.
3. Тыртышный Е. Существующие системы управления водными ресурсами в Казахстане (Аналитический обзор). – Алматы, 2004. – 80 с.
4. Баешов, А. Экология және таза су проблемалары [мәтін]: оқулық / А.Баешов-Алматы: Дәнекер, 2003-224 б.
5. Ковалева Н.А., Кутепов Л.Е. и др. Рекомендации по использованию точных вод г.Фрунзе на орошение сельскохозяйственных угодий. – М.: ВНИО «Прогресс», 1986. – 29с.

ӘОЖ 74.252.84

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**І.Ж. Есенғабылов, Г.Б.Баримбекова**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ. [ilias\\_e@mail.ru](mailto:ilias_e@mail.ru), [barimbekgulnaz1978@mail.ru](mailto:barimbekgulnaz1978@mail.ru)*

*Бұл мақалалада халықтық педагогиканы қолдана отырып, жоғары оқу орындарындағы студенттерді патриоттыққа тәрбиелеу мәселелері қарастырылған.*

*В статье раскрываются вопросы патриотического воспитания студентов высших учебных заведений, используя возможности этнопедагогики.*

*The article reveals issues of patriotic education of students of higher educational establishments, using the opportunities of ethnopedagogics.*

**Ключевые слова:** этнопедагогика, патриотизм, патриотическое воспитание

Халықтың тәуелсіздігі еліміздегі ұлттар мен ұлыстардың ұлттық сана сезімін дамытуға жағдай жасады. Ұлттық мәдениеттің, тілдің, дәстүрдің қайтадан өрістеуіне қуатты серпін берді.

Қазақ халқы өзінің бүгінгі күнін бағалай отырып, өткен өміріне көз салу тарихи тәжірибеден сабақ алу, мәдени дәстүрлерін, озық әдет-ғұрпын, өмір салтын зерттеу, оларды ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп жеткізу мәселелерімен ұстаздар қауымы да мұқият шұғылдана бастады.

Халықтың тірнектеп жинаған оқу-тәрбие ісінің бай тәжірибесін аса тиімді, шығармашылықпен қолдана білу - әрбір ұстаздың міндеті.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне патриоттық тәрбие берудегі халық педагогикасының негізгі көздер мақсаты - өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер білім машықтарын меңгеруге, отбасы, ауыл-аймақты, Отанын сүйуге, ар-намысын қорғауға және т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу.

Білім мен тәрбиенің қайнар көзі – халықтық педагогика. Студенттерді халықтық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты қастерлеуге, құрметтеуге үйреткен абзал. Өз халқының мол мұрасын, ұлттық ерекшеліктерін білудің Отан сүйгіш патриот болып қалыптасуына берер пайдасы зор. Студенттерді ұлтжандыққа, халқын қастерлеп, оған қалтқысыз қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жүйесіне халықтық педагогика танымдарын енгізу кең өріс алып келеді.

Міне, өз елінің патриоты, өнегелі, өнерлі, еңбек сүйгіш абзал азаматы болып өсу үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады.

Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өсіп - өну, ілгерілеу жоқ. Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбиесінің негізгі мақсаты – жалпы адамды, ең алдымен студентті дүниеге деген дұрыс көзқараспен қарауға хабардар ете отырып тәрбиелейді. Оқу мен тәрбие алдында ата-анада, тәрбиеші мен ұстаз да, адамды қоршаған-ұжым да тіпті көшедегі кездейсоқ халықта жауапты.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз.

Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдап жасайды. «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт-оқу мен тәрбиеде. Теңдікке жетсекте, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-оқу. «Надан жұрттың күні-қараң, келешегі тұман», -деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ.

Сусыз, құрғақ, тоса, көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды біліммен сусындатып, бағып күтпесек, көкірегін ашып тәрбиелемесек өспейді, өнбейді. Білім – нәрін беретін білім мазмұнын жақсарту, оны заман талабына сай игеру, оларды ел азаматы болуға, ақыл-ойын жан-жақты дамытуға тәрбиелеп, шығармашыл тұлға әрі ХХІ ғасырдың Отан сүйгіш патриот жалғастырушысы ретінде қалыптастыруды көздейтін білім беруші ұстаз. Ұстазымыз білімді болса ғана осы ұлы мақсатқа – егеменді, терезесі тең, елге айналуға сонымен қатар президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың 2050 стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыруға мойын бұрамыз.

Осыған орай І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жаратылыстану- техникалық факультетінде студенттердің бойында патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында көптеген тақырыптарда іс-шаралар өткізілуде. Мәселен, «Үлкенге құрмет - кішіге ізет», «Қарттарым - қазынам», «Тіл тазалығы - ұрпақ тағдыры», «Елбасы Жолдауын –жастардың қолдауы» т.б.



Енді біз жалпы біршама патриотизм анықтамасына тоқталып өтейік: «Патриотизм» - (грек тілінен patriots – Отанды patrio – Отан, туған жер) Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуатымен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана-тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бабында білім беру жүйесінің басым міндеттерінің қатарында жеке тұлғаны «...азаматтықпен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрін қастерлеуге, конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу» деп көрстеліген [2].

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қоғамдық идеяның бірлігінде» атты еңбегінде «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет.

Елдің проблемалары да, барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс... Әрбір адам бала кезінен Қазақстан менің Отаным, оның мен үшін

жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн» - деген болатын [3].

Сонымен қатар, Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған соңғы Жолдауында жаңа қазақстандық патриотизм туралы: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады. 2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс» деп патриотизм мәселесіне жан-жақты тоқталып өткен болатын.

Міне, осы сөздің өзі жеке тұлғаның Қазақстандық патриотизмге деген сезімін оятуға өз септігін тигізеді деп ойлаймыз. Бірақ дәл қазіргі таңда патриоттық тәрбие аса маңызды болып отыр.

Ағартушы педагогтар өскелең ұрпақты оқу білімге, адамгершілікке тәрбиелеп өз Отанының патриоты болуға шақырады. Біздің елімізде студенттердің Отанға деген сүйіспеншілігі қандай дәрежеде қалыптасқан? Патриоттық сезімнің қалыптасуына кері әсерін тигізіп отырған ақиқат құралдары, шетелдің мән-мағынасы жоқ музыкалары, сонымен қатар түрлі жарнамалар студенттердің психологиясына кері әсерін тигізіп, соған қызығушылығы басым болады. Ал, осы патриоттық тәрбиенің дұрыс немесе бұрыс жолға қойылғаны ма? Оған біз кімді кіналай аламыз? Патриоттық сезім студенттердің бойына бір күнде дамиды қасиет емес. Ол тұрақты әрі терең болуы үшін мазмұндылық, жүйелілік, бірлілік, өмірмен ұштастыру секілді педагогиканың қағидалармен бірге патриоттық іс-әрекеттерді нысана етіп алуы бүгінгі күннің басты мәселесі екені белгілі. Біздің ойымызша осы бағытпен мемлекет түбегейлі шұғылдануы керек.

Біздің еліміздің жоғары оқу орындарында оқыту тәрбиелеу саясатының бағыты студенттерді патриотты тәрбиелеу жұмысына бағыттау, әсіресе Отанға деген сүйіспеншілік, салт-дәстүрге, мәдениетке, тілге, өз халқының өткен замандағы ерліктеріне, ұлттық мақтаныш сезімін арттыруға, мемлекетке сенімділікті, Республиканың саяси рәміздерін (ту, әнұран, елтаңба, Ата заң) құрметтеуге тәрбиелеу.

Демек жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу келесі бағыттардан тұрады:



- бұл сезімнің жоғары азаматтық мәнін, әрбір адамның және қазақстандықтардың өміріндегі рөлі мен маңызын анықтау;
- өз Отанына қызмет етуде патриоттық сезімін, қажет болған жағдайда қорғауға дайындау.
- патриоттық сана қалыптастыру, патриоттық сезімдерін ояту;
- патриоттық іс-әрекет, мінез-құлық ұйымдастыру болуы керек деген ой тұжырымдамамыздың дұрыс екені бүгінгі күні патриоттық сана-сезім, патриоттық іс-әрекетпен мінез-құлық қалыптастыру жас буындарды патриотизмге тәрбиелеудің негізгі бағыттарын айқындайды.

Сонымен, біздің көзқарасымыз бойынша «Патриоттық тәрбие» ұғымы тұлғаның жоғарғы рухани, адамгершілік түрткісі бола тұра студенттердің Отан үшін жауапкершілік, азаматтық өзіндік сана-сезім мақсатты түрде қалыптастыру процесін күшейтеді.

Елбасы қашанда ел ертеңі білімді ұрпақтың қолында екенін көрсетіп, ұдайы білім беру саласын қолдап отырады. Білім – барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Осыны ескере отырып Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарды көздеп отыр [4].

Қорта келе даму өрісінің басты тірегі – патриоттық тәрбие дей отырып, дамудың өзі патриотизмсіз жүзеге аспайтынын мойындаған жөн деп, - біз ойымызды қорытындылаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2004. - 9 б.
2. /Н.Ә.Назарбаев.- Алматы: Қазақстан, 1991.- 288 б.  
Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде.
3. Қалиев С. Тәрбиенің өзекті мәселелері. // Қазақстан мектебі, 1996.- №12.- 34 б.
4. ҚР президенті Н.Ә.Назарбаев. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауы., 2007ж.

УДК 426.81

## АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ КӘСПТІК ОҚЫТУ МАМАНДЫҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**Жексенбай Алтынай Темірғалиқызы, магистрант**

**Алмухамбетов Сейсекбай Сейтхалиевич, т.ғ.к; доцент**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ, altynai\_zheksenbai@mail.ru, s\_almuxambetov@mail.ru*

*Бұл мақалада ақпараттық технологияны кәсіптік оқыту мамандықтарын қолдану арқылы білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын қалыптастыру мәселесі қарастырылған.*

*Статья рассматривает вопросы формирования интереса на уроках используя инновационные технологии для специальности профессионального обучения.*

*Article deals with the question of formation of interest in the classroom using innovative technologies for the specialty professional training.*

**Кілттік сөздер:** *Ақпараттық технология, электрондық оқулық.*

Егеменді еліміздің тірегі – қазіргі білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр - білімділер ғасыры. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кіріп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі ақпараттық технология» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты.

ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Өйткені, оқушы мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар іс жүзіндегі білімінің алғы шарттарын меңгеруі тиіс. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Осы орайда ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауындағы «оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақта жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшуіміз керек. Ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты:

Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады.

Ал теориялық білімді өмірмен ұштастыру үшін компьютердің қажет екендігі даусыз. Ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділіктің технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне: оның іргерлігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктері жатады. Бұл өскелең ұрпақты ақпараттық қоғаммен зиялы қарым – қатынасқа оқытып тәрбиелеуге және ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайды. Ақпараттық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Бұл жерде ақпараттық технологиялар дегеніміз - білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудағы негізгі құрал компьютер болып табылады. Ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға, білімгерлерге өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың, білімгерлердің білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Сондықтан, ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді.

Бүгінгі күннің басты талабы еңбек нарығы мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруда кәсіптік білім берудің беделі артып отыр. Осы мақсатта 2008 жылы Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 – 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді[1]. Оның мақсаты - техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін қайта ұйымдастыру, бәсекеге қабілетті дағдылары бар және білім алуды жалғастыру үшін жеткілікті әлеуеті бар экономика салалары мен жұмыс берушілерді техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарымен қамтамасыз ету. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі –

оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Бұл ақпараттандыру жағдайында оқушылар менгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдері іздестірілуде. Ақпараттық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, ғаламторда жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық технологиялар келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Жедел дамып отырған ғылыми – техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, теле-конференция телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуы керек.

Ал ақпараттық-коммуникативті технологияны пайдалану жөніндегі қызметтің мақсаты:

1. үйренушінің шығармашылық әлеуетін дамыту; коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуды дамыту; сараптамалық-зерттеу қызметі дағдыларын дамыту; оқу қызметі мәдениетін дамыту;

2. оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін қарқындандыру, оның тиімділігі мен сапасын арттыру;

3. қазіргі қоғамның ақпараттануымен байланысты пайда болатын әлеуметтік тапсырысты өткізу [2].

Кәсіптік оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану мен оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде

шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Үшінші мыңжылдық кезінде қоғамның даму көрсеткіші ретінде ақпараттық қоғамға өту ісі алынады да, ал оның ең анықтаушы ролін ақпарат түсінігі атқарады. Ақпаратта жинау, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдері мен құралдары динамикалық түрде өзгеріске ұшырап, солар арқылы қоғамның инфрақұрылымы қалыптаса бастады.

Кәсіптік оқыту мамандықтары үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- білімгердің өз бетімен жұмысына;
- уақытын үнемдеуге;
- білім – білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруге;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде (би өнері, қол еңбегі, дене шынықтыру сабақтары т.с.с.);
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
- білімгердің ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқытушы сабағында ақпараттық технологияның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық технологияны пайдалану іс-тәжірибесі тиімді әдіс деп ойлаймын.

Жалпы білімгерлердің ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

- Білімгердің пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады;
- Шығармашылық қабілеттері артады;
- Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады;
- Компьютерлік сауатты болуға үйренеді.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері технология пәні сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

- мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);
- компьютер компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта
- интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мұндай қондырғылар оқушылардың да білімгерлердің де қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту үшін мұғалімнің сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде

белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Осы ретте мына мәселелерге баса назар аударғым келеді [5].

Сонда, оқу-жүйесінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

1. оқушылар электронды оқулықтармен және интернет желісімен жұмыс істей алады;

2. оқушының білімі қысқа мерзімде және кез келген уақытта бағаланады;

3. орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады;

4. интерактивті тақтаны еркін қолданады;

5. ақпараттық мәдениетін дамытады;

6. сабақта уақыт та үнемделеді;

7. оқушылардың коммуникативтік қабілеттері дамиды;

8. зерттеу дағдылары дамиды;

9. оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады;

10. әрбір оқушының шығармашылық мүмкіндігі ашылады.

Жаңа ақпараттық технология:

- Ғаламтор кеністігі;

- Электрондық оқулық;

- Интерактивті тақта және т.б..

1. Компьютер жұмысының тиімділігін құрайтын бір бөлік ол – Ғаламтор желісінің қызметін пайдалану. Ғаламтор желісінде көп мұғалімге де, оқушыға да қажет көптеген сайттар бар. Қашықтықтан ұйымдастырылған әр түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатысу балалардың дүниетанымын кеңейтіп, оқуға деген қызығушылығын арттыра түседі. Біріншіден, Ғаламторда қажетті материалдарды іздеп табуға, сондай-ақ түрлі пәндерді оқыту бойынша сабақтардың толық кешендері; екіншіден – компьютер уақытты үнемдеуге және көрнекілік материалдарды тиімді пайдалануға да болады. Оқу- тәрбиелеу үрдісіне ғылым негіздерін тереңірек оқытуға, оқушылардың танымдарын кеңейтуге, түрлі бағдарламаларды меңгеруге бағытталған үйірмелер, факультатив пен курстар енгізу компьютерлік техниканы тиімді қолдану жағдайының бірі болып табылады.

АКТ - педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Оқыту бағдарламасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көңіл бөлген жөн. Компьютердің сызбалық мүмкіндігінің молдығы дәрістік сабақтарды бояулы суреттермен,

сызбалармен, кестелермен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады. Ғаламтор желісінде жұмыс істеу де оқушыларымызға әлемдік білім мен ғылым жетістігінен хабардар болып, оны игеруіне шексіз мүмкіндіктер ашатыны хақ.

Сонымен ғаламтор желісімен жұмыс жасағанда:

- Жобалардың презентацияларын дайындау.
- Ғылыми журналдардың сайттарына кіру.
- Өзге мектеп оқушыларымен еркін әңгімелесу.
- Электрондық поштаны пайдалану мүмкіндігі.
- Өзін - өзі бағалау.

2. Электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің де ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиялық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін – өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін – өзі тексеру жүйесі оқушы мен оқытушының арасындағы байланысын алмастырады. Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Сондай ақ электрондық оқулық - бұл дидактикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту оқытушының оқушымен жеке жұмыс істегендей болады. Электрондық оқулық тек қана оқушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады.

Көп функционалды электрондық оқулықтар:

- Оқушылардың өз бетінше білім алу қызметін ұйымдастыруға;
- Әр түрлі ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, объектілерді, құбылыстарды модельдеу сияқты, оқыту қызметін ұйымдастыру процесінде қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалануға;
- Оқу процесінде мультимедия технологияларын, гипермәтіндік және гипермедия жүйелерін пайдалануға;
- Оқушылардың интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік деңгейлерін, сабаққа дайындық деңгейін бақылауға;
- Оқытуды басқаруға, оқу қызметінің, тестілеудің нәтижелерін бақылау процесін автоматтандыруға интеллектуалдық деңгейіне қарай тапсырмалар беруге;
- Оқушылардың өз бетінше оқу қызметін жүзеге асыру үшін жағдай жасауға[6].

Қазіргі заманда ақпараттық ағымдарды басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Интерактивті тақтаны пайдалану:

- Интерактивті тақта – басқаруға мүмкіндік беретін экран, көп функциональды, сабақ барысында қолданатын қажетті құралдардың бәрі кіреді, атап айтқанда;

- Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі – түсті, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды.

- Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады.

- Сабақта Aktiv Vote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады.

- Aktiv Wand указкасының көмегімен тышқанның қызметін атқару және кішкентайларға да тақтаның жоғарғы бөлігіне қол жеткізу мүмкіндігі туады [4].

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияны оқу – тәрбие үрдісінде қолдану оқушының өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлесі мол.

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, менің ұстаз ретінде де, еліміздің ұлтжанды азаматшасы ретінде де арманым еліміздің әрбір азаматы терең білімді, интеллектуалды, заманауи техникаларды еркін меңгере алатын, әрқайсысы еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын болса деймін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
2. «Информатика негіздері» журналдары.
3. Ғылыми-әдістемелік журнал, №5-2009 ж
4. Интернет материалдары №72 «Google» және №65 «Mail.ru» сайттары 2014 ж.
5. А. Салихова «Оқушылардың шығармашылығын дамыту»
6. Мутанов Ғ. Білім беру жүйесін ақпараттандырудағы жаңа қадам. // “Информатика негіздері”, №1, 2003. – 2-5 б.



УДК 628.162

## СРАВНИТЕЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СОСТОЯНИЯ ВОДОИСТОЧНИКОВ АЛТЫНЕМЕЛЬСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ПРИРОДНОГО ПАРКА

**Идрисова Айгуль Еркиновна**, к.т.н., доцент

*Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова,  
г.Талдыкорган, ae1\_64@mail.ru*

*Мақалада Алматы облысында орналасқан Алтынемел ұлттық табиғи саябағының табиғи компоненттерінің қысқаша талдауы келтірілген. Алтынемел ұлттық табиғи саябағының су қайнарларының жағдайы бойынша зерттеулер толық жан-жақты көрсетілген. Жалпы темірдің мөлшерінің жоғары болуы белгіленді, су сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар жасалынды.*

*В статье проведен краткий анализ природных компонентов Алтынемельского национального природного парка, расположенного в Алматинской области. Более подробно представлены исследования по состоянию водных источников Алтынемельского национального природного парка. Отмечено превышение содержания общего железа, разработаны рекомендации по улучшению качества воды.*

*In the article to carry realize short analysis naturales componentes in the Altynevel national natural park, locations position on the ground Almaty region. Most represent the study of condition status of them water source in the Altynevel national natural park. It should be noted overweight overall iron, development recommendation on the improvement of the quality water.*

**Ключевые слова:** *окружающая среда, водные ресурсы, уровень загрязнения, нормативный показатель, экосистема.*

В директивах Стратегии «Казахстан-2030» Посланий Президента страны народу Казахстана ставятся приоритеты в отношении «...здоровой природной среды, чистой воды, здоровой пищи, очистительных систем, сокращения объектов, загрязняющих окружающую среду».

В Послании Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» особое внимание обращается на: «...предотвращение деградации земель, укрепление эффективности использования водных и других природных ресурсов страны»; на: «...сбережение и рациональное использование природных ресурсов в оптимальном сочетании экономических, социальных и экологических факторов».

Оценка природных особенностей территории включает анализ следующих параметров окружающей среды - климата, геологии, рельефа, гидрологии, гидрогеологии, почв, растительности, животного мира.

Методологической основой исследований являются ландшафтно-экологический и экосистемный подходы, взаимно дополняющие друг друга в установлении взаимосвязей между компонентами абиотической среды и биоты, а также в выработке критериев и механизмов сохранения ландшафтного и биологического разнообразия.

Алтынемельский Национальный природный парк (далее Алтынемельский НПП) организован в 1996 г. Цель создания парка - сохранение уникальных экосистем Илийской межгорной котловины и их биоразнообразия, охрана геоморфологических и палеонтологических объектов, памятников истории и культуры в сочетании с экологическим туризмом при строгом соблюдении норм рекреационной емкости и нагрузки.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «Об особо охраняемых природных территориях» Алтынемельский НПП является особо охраняемой природной территорией со статусом природоохранного и научного учреждения.

Научно-исследовательские работы были проведены в соответствии с договором о научно-исследовательских работах от 4 февраля 2014 года по бюджетной программе 055 «Научная и научно-техническая деятельность, подпрограмма 101» на тему «Сравнительный анализ и мониторинг загрязнения атмосферного воздуха, почв, вод в антропогеннонарушенной буферной зоне в условиях заповедного режима Жонгар-Алатауского, Алтынемельского Национальных природных парков».

Территория отличается высокой чистотой атмосферного воздуха, так как в радиусе 200-300 км нет крупных промышленных предприятий и других объектов, загрязняющих атмосферу. Сильные ветры восточного направления в сухую погоду приносят много пыли с обширных деградированных участков пустынь на территории Китая. Желтая пыль в виде дисперсных взвешенных частиц с лессовых предгорий Китая концентрируется в приземных слоях атмосферы в западном направлении вплоть до города Алматы (350 км от границы). Поскольку это явление до настоящего времени не изучено, нет оснований судить о его отрицательном воздействии на окружающую среду национального парка. Судя по состоянию почвенно-растительного покрова, оно минимально.

Поверхностные и подземные воды представлены рекой Иле и Капшагайским водохранилищем, а также мелкими, стекающими с гор и инфильтрующимися в подземный сток реками, при выходе их на

равнину. Вода поверхностных источников пресная, относится к 3 классу «умеренно-загрязненная».

Почвы и почвенный покров характеризуются значительной неоднородностью, что связано с сильной расчлененностью рельефа, многообразием почвообразующих пород, различиями климата и растительности. Почвенный покров довольно разнообразен, что обусловлено разнообразием климатических условий, характером рельефа и почвообразующих пород, растительного покрова гидрогеологических условий и деятельности человека.

Экосистемы территории ГНПП подразделяются на 3 основных класса: горные и мелкосопочные, предгорные и равнинные. Горные и мелкосопочные экосистемы представлены преимущественно степными экосистемами, реже луговыми, кустарниковыми и лесными. Экосистемы предгорий и равнин преимущественно пустынные, реже солончаковые полугидроморфные и гидроморфные, а также гидроморфные луговые и тугайные.

шақырым жерде орнаған. Барлық кордондар алғашқы көмек көрсететін жеке кішігірім дәріханалармен қамтамасыз етілген, орталықпен (офиспен) тұрақты радиоэлектрондық байланыс бар. Барлық маршруттар бойынша туристерге қызмет көрсетуші мамандар еріп жүреді. Ағылшын тілін білетін ғылыми қызметкер бар [5].

Сондай-ақ Сасықкөл көлінің де рекреациялық әлеуеті зор. Бас мамандардың ұйымдастыруымен бес экомаршрутты дәмелендіріп отыр. Туристер жер бетінің көрікті көріністерінен ләззат алып, ормандар мен Жоңғар Алатауының биік тау алқабындағы көгалдармен танысу үшін жаяу немесе аттармен бірегей табиғат аумақтары бойынша саяхат жасай алады. Үшінші көл – Жалаңашкөл. Оның шығыс жақ беткейдегі жағалауында тораңғы тоғайлары, батысында Гоби құмы үлгісіндегі қуаң дала жатыр. Су айдынының ғажайыптары суының минералдарға қанықтылығында. Суы – тұщы да тұзды, әлсіз сілтіліктен соң родонға айналады. Жағаларындағы күкіртті сутек қоспасы бар батпағы көптеген тері ауруларын емдеуге көмектеседі.

Жетісу жері кім елді кезді жақсы көріп, әлем туралы білуге ұмтылса, ең талғампаз саяхатшының өзін де ықылассыз қалдырмайды, өйткені оның қойнында талай қызығарлық тылсым сырлар жатыр. Біздің өлкемізде демалыс өткізу әрқашанда толық бағалы да мағыналы, жол жүру еліктіріп әкелерліктей, соған қарай алатын әсерлер де ұмытылмастай болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сергеева Т.К. Экологический туризм: Учебное пособие. Алматы., 2004. С. 52 – 66
2. Аветисян Р.М., Березовиков Н.Н., Рачковская Е.И., Султанова Б.М., Данько Е.К., Алишев К.С. О необходимости придания озеру Жаланашколь (Алакольская система озер, Юго-Восточный Казахстан) статуса особо охраняемой природной территории // Состояние и перспективы сети охраняемых территорий в Центральной Азии. Ташкент, 2004.
3. Зорин И.В., Штюмер Ю.А. Туризм и охрана окружающей среды. М., 2004. С. 18 - 45.
4. Веденин Ю.А. Динамика территориальных рекреационных систем. Алматы, 2004. С. 14 - 15. С. 67 - 89.
5. Толғанбаев С.А., Анисимов Е.И., Березовиков Н.Н. Значение Алакольского заповедника в сохранении регионального биоразнообразия фауны позвоночных животных // Зоологические исследования в Казахстане: современное состояние и перспективы. Алматы, 2002. С. 160 - 162.

УДК 637.5

## ВЛИЯНИЕ БЕЛКОВОЙ ДОБАВКИ ИЗ МЯСА ПТИЦЫ НА ФУНКЦИОНАЛЬНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ ФАРША ВАРеноЙ КОЛБАСЫ И БИОЛОГИЧЕСКУЮ И ПИЩЕВУЮ ЦЕННОСТЬ ГОТОВОГО ПРОДУКТА

**Касеинова Газиза Ибрагимовна**, магистр техники и технологии  
**Сейтова Гульдана Аманжоловна**, магистр агрохимии и почвоведения

*Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова,  
г. Талдыкорган, [kgaziza@mail.ru](mailto:kgaziza@mail.ru), [seitova.83@mail.ru](mailto:seitova.83@mail.ru)*

*Берілген мақалада құс етінен жасалған ақуызды қоспа қосылған пісірілген шұжық фаршының функционалды-технологиялық көрсеткіштердің ғылыми-зерттеу нәтижелері берілген. Дайын өнімнің биологиялық және тағамдық құндылығы зерттелген. Құс етінен жасалған ақуызды қоспасы бар пісірілген шұжықтың және бақылау үлгісінің ("Пятигорская" пісірілген шұжығы) органолептикалық сапа көрсеткіштерінің салыстырмалы сараптамасы өткізілді. Сонымен қатар пісірілген шұжықтың БФА/БДҰ (идеал ақуыз) талаптармен сәйкес аминқышқылды құрамының салыстырмалы бағалауы өткізілді.*

*В данной статье представлены результаты научно-исследовательской работы по изучению влияния на функционально-технологические показатели фарша варенных колбас добавления в рецептуру белковой добавки из мяса птицы. Изучена биологическая и пищевая ценность готового продукта. Проведен сравнительный анализ органолептических показателей качества вареной колбасы с добавлением белковой добавки из мяса птицы и контрольного образца (вареной колбасы "Пятигорская"). Так же проведена сравнительная оценка аминокислотного состава вареных колбас с требованиями ФАО/ВОЗ (идеальным белком).*

*This article presents the results of research work on the effect on the functional and technological characteristics of minced boiled sausage adding to the recipe of a protein supplement from poultry. Studied the biological and nutritional value of the finished product. A comparative analysis of organoleptic quality parameters of cooked sausages with added protein supplement of poultry meat and the control sample (boiled sausages "Pyatigorsk"). Just comparative evaluation of the amino acid composition of cooked sausages with the requirements of FAO/WHO (ideal protein).*

**Ключевые слова:** белковая добавка, мясо птицы, колбасные изделия, функционально-технологические показатели, биологическая ценность, пищевая ценность.

Стратегия индустриально-инновационного развития Казахстана на 2009-2015 годы предусматривает внедрение передовых зарубежных, отечественных технологий в сельскохозяйственный сектор [1].

К колбасным изделиям из мяса птицы относятся продукты кулинарной степени готовности, вырабатываемые из мяса птицы ручной и/или механической обвалки с добавлением мяса сельскохозяйственных животных, а также соли, специй, пищевых добавок и других вспомогательных материалов[2].

В вопросах выбора сырья в колбасном производстве, а тем более при производстве колбас с использованием мяса птиц особое значение имеют пищевая ценность, функционально-технологические и санитарно-гигиенические свойства сырья.

Мясо ручной обвалки является наиболее ценной по пищевой ценности и обладает высокими функционально-технологическими свойствами. Мясо птицы ручной обвалки - это нежирное мясо с большим содержанием белка. Оно хорошо связывает воду и жир, обладает хорошими структурообразующими свойствами [3].

В мясе птицы содержится меньше мышечных пигментов, играющих исключительную роль в образовании окраски колбасных изделий, по сравнению с мясом сельскохозяйственных животных. Поэтому в рецептурах колбас из мяса птицы до 70% составляют жилованные говядина, свинина и другие компоненты.

В основу создания мясных продуктов положена методология, предложенная академиками Роговым И.А. и Липатовым Н.Н., в которой предусматривается проектирование продуктов питания с требуемым комплексом показателей пищевой ценности. Данная методология позволяет создать продукт с определенным содержанием белка, жира, минеральных веществ и т.д. При этом возможно управление процессом, формирование продукта за счет регулирования его аминокислотного и жирнокислотного составов [4,5].

Усвояемость организмом жира имеет определенные пределы. Установлено, что организм переваривает и усваивает жира столько, сколько имеется в продукте белков, то есть при их соотношении 1 : 1.

В результате научно-исследовательской работы разработана рецептура вареной колбасы "Магия" с добавлением белковой добавки из мяса птицы.

В данной статье представлены следующие результаты работы:

1. влияние белковой добавки на функционально-технологические показатели фарша вареной колбасы;
2. влияние белковой добавки на биологическую и пищевую ценность готового продукта.

При составлении рецептуры вареной колбасы руководствовались рекомендациями Института питания АМН России, согласно которым

соотношение белок и жир, в готовых продуктах, считается идеальным 1:1 (0,8-1,2). При оптимизации аминокислотного состава вареной колбасы учитывали степень приближения содержания аминокислот к составу «идеального белка» (справочная шкала ФАО/ВОЗ), при оптимизации жирнокислотного состава (при фиксированном значении белоксодержащих компонентов) степень приближения к физиологически необходимому соотношению между жирными кислотами: насыщенными, мононенасыщенными и полиненасыщенными (3:6:1) [6].

В виду того, что по современным представлениям, продукт должен обладать низкой энергетической ценностью, то отношение белок : жир варьировали в сторону увеличения белка, т.е. основная задача оптимизации: max- белка.

В качестве контрольного образца принята рецептура вареной колбасы Пятигорской высшего сорта (ТУ 49 906) [7].

На основании проведенных нами исследований химического состава фарша вареных колбас «Пятигорская» и «Магия» и их функционально-технологических свойств выявлено уменьшение соотношения белок:вода, характеризующийся увеличением белка в опытном образце и, как следствие, увеличение влагосвязывающей (ВСС) и влагоудерживающей способностей (ВУС) фарша (таблица 1).

Использование белковой добавки из мяса птицы способствует значительному повышению жирудерживающей способности (ЖУС) фарша.

Стабильность эмульсии (СЭ), является одним из важных показателей, определяющих качество вареных колбас. Необходимо отметить, что СЭ опытного образца на 4% больше, чем контрольного образца, следовательно, готовые изделия имеют более плотную консистенцию, выход готового продукта увеличится. Выход вареной колбасы «Пятигорской» 108% от массы несоленого сырья, вареной колбасы «Магия» - 110%.

Таблица 1. Химический состав и функционально-технологические свойства фарша вареных колбас

Показатели, %	Вареная колбаса	
	«Пятигорская» (контроль)	«Магия» (опыт)
влага	61,33	66,39
белок	12,74	14,91
жир	22,63	15,40
зола	3,30	3,30
соотношение белок : жир	1 : 1,8	1 : 1
белок : влага	1 : 4,8	1 : 4,5

ВСС	92,2	94,1
ВУС	85,9	89,5
ЖУС	95,3	97,4
СЭ	87,3	90,4
ЭС	70,8	80,1
pH, ед.	6,3	6,3

Введение белковой добавки из мяса птицы способствует улучшению структуры (консистенции), цвета и вкуса готового продукта.

**Пищевая, биологическая и энергетическая ценности готового продукта.** В качестве контрольного образца принята вареная колбаса Пятигорская высшего сорта (ТУ 49 906) вырабатываемая по традиционной технологии.

Органолептические показатели продукции оценивали по 9-ти балльной системе, рекомендуемой ВНИИМП. Усредненные результаты дегустации представлены в таблице 2.

Таблица 2. Органолептическая оценка исследуемых продуктов

Продукт	Показатели						Общая оценка, балл
	Внешний вид	Цвет	Запах, аромат	Консистенция	Вкус	Сочность	
Вареная колбаса «Пятигорская»	8,6	8,7	8,2	8,1	8,2	8,2	8,33
Вареная колбаса «Магия»	8,5	8,6	8,1	8,3	8,4	8,3	8,36

Графическая интерпретация полученных данных представлена на рисунке 1.




Рисунок 1. Сравнительная оценка органолептических показателей вареных колбас.

Сравнительная оценка аминокислотного состава вареных колбас с требованиями ФАО/ВОЗ (идеальным белком) представлена в таблице 3 и рисунке 2.

Таблица 3. Сравнительная оценка аминокислотного состава вареных колбас с требованиями ФАО/ВОЗ (идеальным белком).

Незаменимые аминокислоты, мг на 1г белка	Идеальный белок*	Вареная колбаса «Пятигорская»	Вареная колбаса «Магия»
Валин	50	61	65
изолейцин	40	51	54
лейцин	70	88	95
лизин	55	99	108
метионин + цистин	35	46	49
треонин	40	50	55
триптофан	10	16	18
фенилаланин + тирозин	60	90	96
Всего	360	501	540

\*данные взяты из литературных источников



Рисунок 2. Сравнительная оценка аминокислотного состава вареных колбас с требованиями ФАО/ВОЗ (идеальным белком).

Из рисунка 2 видно, что по содержанию незаменимых аминокислот новый продукт характеризуется высоким содержанием незаменимых аминокислот, не имеет лимитирующей кислоты, что позволяет сделать вывод о высокой биологической ценности разработанного продукта.

Сравнение всех позиций экспериментальных данных и норм по НД показывает, что исследованные образцы вареной колбасы «Магия» соответствует требованиям безопасности для здоровья человека.

**Требования к качеству вареной колбасы из мяса птицы.** Батоны вареных колбас должны иметь чистую сухую поверхность без повреждений оболочки и наплывов фарша. Консистенция колбасы упругая. В фарше равномерно распределены кусочки шпика или полужирной свинины. Фарш розового цвета, равномерно окрашенный.

Вареным колбасам присущ запах пряностей и коптильных компонентов, вкус, приятный и в меру соленый, без постороннего запаха и привкуса.

Качественные показатели вареной колбасы «Магия» предоставлены в таблице 4.

Таблица 4. Качественные показатели вареной колбасы «Магия»

Показатели	Характеристика
Внешний вид	Батоны с чистой, сухой поверхностью без повреждения оболочки, наплывов фарша, слипов, бульонных и жировых отеков.
Консистенция	Упругая
Вид фарша на разрезе	Розовый фарш равномерно перемешан
Запах и вкус	Свойственный данному виду с ароматом пряностей, в меру соленый, без постороннего привкуса и запаха
Форма и размер батона	Прямые батоны длиной до 50 см.
Массовая доля, %, не более влаги	66,4
поваренной соли	2,3
нитрита натрия	0,005

Выход вареной колбасы «Магия» 110% к массе основного сырья.

Оценка качества готовой продукции показала, что разработанная вареная колбаса «Магия» характеризуется высокой биологической ценностью и функционально-технологическими свойствами.

В связи с этим использование мяса птицы в производстве вареной колбасы представляет научно-практический интерес, поскольку позволяет получать продукцию с заданными высокими показателями биологической ценности.

**Заключение.** Экспериментальные исследования проводились последовательно, достоверность достигнутых результатов подтверждается использованием современных методов исследований, многократностью проведенных экспериментов и математической обработкой экспериментальных данных, которые были использованы при решении основных задач, поставленных в данной работе.

На основании анализа полученных результатов по научно-исследовательской работе сделаны выводы.

1. Доказано положительное влияние белковой добавки на функционально-технологические показатели фарша,
2. Доказано положительное влияние белковой добавки на биологическую и пищевую ценность готового продукта.



#### ЛИТЕРАТУРА

1. Стратегический план МСХ РК на 2009-2015 годы.
2. Антипова Л.В., Полянских С.В., Калачев А.А. Технология и оборудование птицеперерабатывающего производства. - СПб.: ГИОРД, 2009. 512с.
3. [www.interfoodastana.kz](http://www.interfoodastana.kz)
4. Химия пищи. В 2-х кн. Кн. 1. Белки: структура, функции, роль в питании. - Рогов И.А., Антипова Л.В., Дунченко Н.И., Жеребцов Н.А. - М.: Колос, 2000. 348 с.
5. Рогов И.А., Забашта А. Г., Казюлин Г. П. Общая технология мяса и мясопродуктов. — М.: Колос, 2000.
6. Липатов Н.Н., Рогов И.А. Методология проектирования продуктов питания с требуемым комплексом показателей пищевой ценности. // Известия вузов, Пищевая технология. 1987. №2, С. 9-15.
7. Сенченко Б.С., Рогов И.А., Забашта А.Г., Бондаренко В.И. Технологический сборник рецептур колбасных изделий и копченостей. - Ростов н/Д: «Март», 2001. - 864 с.

ӘОЖ 685.723:580

#### БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**Садуакасова Р.А., Нурбосынова Г.С.**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ. [Roza.saduakasova@mail.ru](mailto:Roza.saduakasova@mail.ru)*

*Бұл мақалада ақпараттық жүйе және ақпараттық технологияларды оқу үдерісте пайдаланылатын негізгі идеялары қарастырылған.*

*В данной статье рассмотрены основные идеи, связанные с использованием информационных систем и информационных технологий в учебном процессе.*

*The basic ideas related to the use are considered in this article informative systems and information technologies in an educational process.*

**Кілттік сөздер:** заманауи ақпараттық технологиялар, оқу үдерісі, компьютер, білім беру, оқу – әдістемелік кешен, компьютерлік және ақпараттық сауаттылық, оқушы.

Қоғам дамуының жаңаша өзгерген әлеуметтік - экономикалық жағдайы педагогикалық мақсаттарды ғана емес, оқыту әрекетінің өзін де кеңейтіп, күрделендіре түсті.

Қазіргі оқу әрекетінде педагогикалық құралдармен оқушының ой-өрісін, оның шығармашылық ойлауын мақсатты дамыту, ғылыми дүниетанымын әне белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруды қажет етеді.

Маңызды мемлекеттік саясатты жүзеге асырып, ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, білім мазмұны мен оның сапасын арттыру, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру көзделіп отыр. Бұл ігі істі білім беру секторы еншіліп отыр. Өмір ағымы өзгеруде, ақпараттық қызмет маңызы артуда, сонымен бірге кез келген жағдайда заманауи ақпараттық технологиялық құралдарды пайдаланып, тың шешімдер қабылдай алу, ақпаратты өз бетімен өңдеу, яғни қоғамды ақпараттандыру іске асуда.

Еліміздегі болып жатқан өзгерістерге сай білім беруді жетілдіру бағыттарының бірі - білім беруді ақпараттандыру.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі міндеттері:

- ақпараттық және телекоммуникациялық техникалық құралдармен қамтамасыз ету;
- білім беруді ақпараттандыру бойынша практикалық шараларды анықтап жүзеге асыру;
- оқу – тәрбие үдерісіне заманауи ақпараттық технологияны енгізуді қамтамасыз ету бойынша ғылыми - ізденушілік және оқу - әдістемелік жұмыстарын жүргізу;
- білімгерлерде өтілетін пәндері бойынша жасақталатын жалпыға міндетті білім стандартының және оқу – әдістемелік кешендерінің мазмұнын заманауи ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндіктерімен жетілдіру, білім беруді басқаруда ақпараттық жүйені құру.

Қоғамның бүгінгі басты бағыттарының бірі - білім беру үдерісін ақпараттандыру. Бұл бағыт заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, жеке тұлғаға бағыттап оқыту, мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу - тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын арттыруды көздейді[1].

Еліміздің егемендік алуы нәтижесінде қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында жүріп демократияландыру мен ізгілендіру оқу орындарын қуатты талпыныстарға бағыттайды. Қазіргі кездегі біздің Республикамызда білім беру кеңістігінде енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясымен оқу - тәрбие үдерістеріндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр.

- білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым - қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда;

- білім берудің мазмұны жаңа үдерістік біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілетінің дамуымен, қазіргі кездегі білім беру бағдарламаларының нақтылануына байланысты;
  - ақпараттың дәстүрлі әдістері - ауызша және жазбаша оқыту қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде.
- Ақпараттық технология саласындағы мемлекетті саясаттың негізгі ұстанымы төмендегі бағытта жүзеге асырылуда:
- ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды дамытуға ықпал ететін және тұрақты нормативтік - құқықтық базалар мен стандарттарды жасау;
  - халықтық, шаруашылық субъектілерінің, қоғамдық ұйымдардың және Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымға жан жақты қол жеткізуін қамтамасыз ету;
  - мемлекеттік органдар порталдарын жасауды, мемлекеттік деректер базсы мен құжат айналымы рәсімдерін қоса алғанда, «электрондық үкіметті» әзірлеп, енгізу;
  - халықтың білім деңгейін электрондық оқу мекемелері мен кітапханаларын құру есебінен көтеру;
  - бағдарламалық құралдар мен электрондық технологиялардың ұлттық индустриясын дамытуды жан-жақты қолдау.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың қай ұлттық болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да - мектеп деп білеміз. Себебі онда мемлекеттің өндіріс орындарында жұмыс істейтін негізгі орта буын мамандары білім алады.

Білім деңгейін көтеру және онда заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу - тәрбие үдерісін тиісті деңгейге көтеру, білімгерлер оқушыларының, ұстаз бапкерлердің, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылық алған бағыты деп есептейміз.

Айтылған ой - пікірлерді тұжырымдай келе, бүгінгі күні компьютерді қолдану негізінде коллежде өтетін әрбір пәндердің оқыту сапасын арттыру, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асыруда деп, ой қорытындылауға әбден болады.

Білімгерлерерді ақпараттандыруға осылай мемлекет тарапынан үлкен экономикалық қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз өндірістің жоғары технологиясын меңгерген, дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, өндіріс өнімдерін өндіре алатын алдыңғы қатарлы мемлекетке айналары сөзсіз. Осындай дәрежеге жету үшін қажетті білім алуға біздің жас ұрпақтың қабілетінің жететініне сеніміміз мол[3].

Қазіргі заманда жастарға заманауи ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім берудің өте

қажеттілігі күн өткен сайын беки түсуде әрі жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үдерісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы артып келеді.

- интерактивтік өте белсенді сұхбат диалог ол қолданушының компьютермен қарым қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Бұл арада сұхбат мәтінді бұйрықтарға жауап арқылы қарқынды түрде жүзеге асырылып отырады;

- нақты объектілерді басқару;

- экранда көрініс тапқан түрлі объектілердің, құбылыстардың, үдерістердің үлгілерін басқару;

- оқу үдерісінң нәтижелеріне автоматтық бақылау өзіндік бақылау жасау және бақылаудың нәтижелері бойынша тестілеу , түзетулер енгізу.

Білімгерлер оқушыларының дайындық сапасын арттыру олардың пәндік тапсырмалардың мазмұнын талдай алу машығымен, алгоритм бойынша орындалатын тапсырмаларды ерекшелеуімен, берілген тапсырманы орындауға қажетті әрі тиімді құралды таңдап ала білуімен, берілген тапсырмаларды анықтай, нақтылай алуымен, тиісті нәтижелермен ала білуімен және оларды дұрыс түсіндіре алуымен нақтыланады.

*Заманауи ақпараттық технология құралдарын пайдалана отырып,* жұмыс істеу барысында колледж оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы ақпараттық технология құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен қатар оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады. Ең бастысы, оқу материалын түсінбеушіліктен туындайтын білімдегі ол қылықтарды, атап айтқанда, үлгермеушілікті жоюға мүмкіндік береді. Заманауи ақпараттық технология құралдары арқылы оқушыларға көмектің белгілі бір түрін ұсынып, оқу материалдарын иллюстрациямен, графикамен және т.б. қамтамасыз етіп, оқушыларға белгілі бір ойын жағдайына жұмылдыра отырып, оқу әрекетін басқаруды айтарлықтай өзгертуге жағдай жасайды.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру арқылы жаңа сатыға көтеру үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық технологияларды кезінен пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын жетілдіру керек.

Сонымен қатар, заманауи ақпараттық технология құралдарымен жұмыс істеу оқушыларға ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай- ақ, ақпараттық технология құралдырымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Сонымен, біз заманауи ақпараттық технологиялар негізінде білімгерлер оқушыларының дайындық сапасын арттырудың педагогикалық негіздеріне тоқталдық. Заманауи ақпараттық технологиялардың негізінде қалыптасқан білім беру құралдарының жаңа түрлерінің мүмкіндіктері және олардың бүгінгі таңдағы педагогика ғылымы саласында жүзеге асырылуының түрлі жолдары қарастырылды.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, келесі мәселелерге тоқталып өтуге болады, олар:

1. Заманауи ақпараттық технология оқу құралы ретінде оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.
2. Білім беруді ақпараттандыру оқытуды дербестендіру үшін қолайлы жағдайлар жасайды.
3. Заманауи ақпараттық технологияның оқу - тәрбие үдерісіндегі орны ерекше.

Енді оқытудың заманауи ақпараттық технологияларының мәнін ашып көрсетейік:

1. Компьютерлік және ақпараттық сауаттылық. Компьютерлік сауаттылыққа электронды есептеуіш техникасымен жұмыс істеу білігін жатқызуға болады. Ақпараттық сауаттылық ақпаратты алудың, қайта жасаудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың негізгі ережелерін білуді көздейді.
2. Оқу үдерісінде компьютерді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық - әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге де елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, мұндай жаңашыл өзгерісті оқулықтардан бастауға болады. Мұнда дәстүрлі баспа оқулықтарымен қатар оқу үдерісінде электронды оқулықтарды пайдалану көзделеді.
3. Модельдеу. Модельдеу идеясы оқыту үдерісіне жаңа мүмкіндіктер береді.

Атап айтқанда, оқу үдерісінде компьютерлік модельдеуді қолдану ойға негізделген болжамдарды тексеруге, сонымен қатар оқушының қоршаған ортамен байланысын анықтап, адамзат саласын жан деңгейге көтеруге ықпал етеді. Бұл модельдеу әдістемесі оқу бағдарламасының сапасын бағалау жолымен оқушылардың шығармашылық қасиеттерін және ғылыми зердесін дамытудың құралы болып табылады.

4. Компьютерлік оқыту бағдарламалары олар интерактивті тәртіпшен компьютер арқылы қандай да болсын пәнді оқып үйренуді көздейтін бағдарламалар болып табылады. Бұл бағдарламаларды теориялық материал мен блоктар болады, олар оқушылардың берілген білім көлемін меңгеруінің сапасын анықтауға мүмкіндік береді [4].

*Модельдеу бағдарламалары мен микромирлер* - бұл ерекше аз мамандандырылған бағдарламалар, оларды компьютерде арнайы қолдану және оның кейбір мәселелерін зерттеуге тура келеді.

Инструменттік құралдар деп жаңа электрондық ресурстар жасауды қамтамасыз ететін бағдарламаларды атайды:

- әр түрлі форматты файлдар;
- мәліметтер қоры;
- бағдарламалық модульдер;
- жекелеген бағдарламалар мен бағдарламалар жиыны.

Мұндай құралдар пәндік - бағытта болуы мүмкін, сол секілді нақты міндеттер ерекшелігі мен қолдану саласына тәуелді болмауы да мүмкін. Білім үдерісіне қолдануға негізделетін бағдарламалық құралдарда сақталатын негізгі талаптар - бұл жеңілдік пен табиғилық, білім алушының оқу материалымен жеңіл танысуына мүмкіндік жасау.

Бағдарламаларға сай келетін талаптар мен сипаттамаларды HCI (ағылшын тілінде *“Human - Computer Interface”* - «Интерфейс - адам – компьютер») аббревиатурасымен белгілеу қабылданған. Мұны сөзбе - сөз аударғанда *«адаммен сұхбаттасуға арналған компьютерлік бағдарламалар»* деп түсінуге болады.

Материалды компьютердің көмегімен оқу - оқушының жаңа материалды әр түрлі құралдардың, оның ішінде компьютердің көмегімен өз бетінше оқуын болжайды. Бұл жерде оқу іс - әрекетінің сипаты айтылмайды, оқу нұсқауларының жиынымен іске асырылуы мүмкін. Мұның өзі бағдарламалық оқыту әдісінің мәнін ашады.

Материалды компьютер қоры негізінде оқу - алдыңғы технологиялар, технологиялық құралдардың алуан түрін (оның ішінде дәстүрлі оқулықтар, аудио және видеожазбалар және т.б.) қолданумен айрықшаланатын болса, мұнда бағдарлама құралдарын, оқушылардың өз бетінше тиімді оқуын арттыратын бағдарламаларды басымырақ қолдану жүргізіледі.

*Компьютер қорымен оқыту* - білім берудің барлық мүмкін боларлық формаларын қолдану (білім берушінің қатысуымен), шын мәнінде, жоғарыда айтылғандармен сәйкес келеді.

Заманауи ақпараттық технологияны пайдалануды дамыту талаптарының негізгі тенденциясы кәсіби білім беруді ақпараттандырудың мәнін ашумен қатар оны дамытуға әсер ететін факторлар мен жолдарды анықтау болып табылады.

Оқу - тәрбие үдерісінде заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану дайындығының қалыптасуы, дайындық үдерісі кезіндегі мектепте оқушылардың жеке тұлға ретіндегі іс - әрекеті мәселелері жеткілікті дәрежеде көңіл бөлуді қажет етеді. Оқушыларға заманауи ақпараттық технология құралдарымен жұмыс істеуге дайындық көрсеткіші болып жеке тұлға қалыптасуының дамуын, ішкі қуатының байлығын, еріктігін, ықыласын, өнер тапқыштығын және т.б. жайларын көрсететін психикалық жағдайы алынады. Оған өзін дұрыс ұстау, шыдамдылық, бекем болуды қамтамасыз ететін эмоционалды

төзімділікті де жатқызуға болады. Сонымен қатар, педагогикалық іс - әрекетке, яғни педагогикалық үдеріске байланысты өз іс - әрекетін талдауға, оның табыстылығы мен табыссыздығына ғылыми негізде түсінік іздеуге, жұмысының нәтижелі болуына ұмтылуға талаптанады.

Заманауи ақпараттық технологиялар арқылы білімгерлер оқушыларының дайындық сапасын арттыру, оларды жүзеге асырудың шарттарын құру, жаңа және дәстүрлі оқу – тәрбие әдістерін үйлестіру психологиялық - педагогикалық, оқу - әдістемелік және басқа да мәселелердің біртұтас кешендерін талап етеді. Олардың бағыттарын төмендегідей топтастыруға болады:

- оқу - тәрбие үдерісіне заманауи ақпараттық технологияларды ендіру мәселесін шешудің біртұтас кешенді ғылыми - әдістемелік тәсілін жасау;
- практикалық қызметте заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану әдістемесін жасау;
- оқушыларға білімдік пен іскерлік дағдыларын игеруге даярлау;
- оқу ғимаратының материалдық - техникалық қорын жетілдіру;
- ғылыми - әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;
- ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін іске асыру арқылы оқыту үрдісінің ықпалдылығы мен сапасының деңгейін көтеру;
- дайындық сапасын арттыруға бағытталған әрекеттердің белсенділігін арттыратын шараларды қамтамасыз ету;
- қазіргі заманғы ақпарат өңдеу тәсілдерін пайдалану негізінде пәнаралық байланысты тереңдету;

Заманауи ақпараттық технологияларды қолдану негізінде қалыптасқан білім беру құралдарының жаңа түрлерінің мүмкіндіктері және олардың бүгінгі таңдағы педагогика ғылымы саласында жүзеге асырылуының түрлі жолдары бар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 1459 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2010-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» қаралған.
2. Әшімбаева Б.М. « Білім беру үрдісіндегі оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру», білім көкжиегі 2011, №11
3. Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. – Алматы, 2001.
4. Ошанова Н.Т. Білім беру жүйесінде коммуникациялық технологиялардың көмегімен оқушылардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру Вестник КазНПУ им.Абая, Алматы, №2(13),

5. Алехина И.В. Дидактические основы применения ЭВМ в процессе формирования педагогических умений у будущих учителей: автореф. Дисс. Кам. Пед. Науч. Бряик.

ӘОЖ 481.202

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ – ЗАМАНАУИ ОҚЫТУДЫҢ БЕЛГІСІ

Турганова М.М., магистр, оқытушы,  
Сүлеймен Ж., Алимбекова К.Ж.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ. [m\\_turganova@mail.ru](mailto:m_turganova@mail.ru)

*Бұл мақалада жоғарғы оқу орындарында инновация және инновациялық қызмет мәселесіне ден қойылуда. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызатындығын жіктеу. Қазір білім беру саласында жаңа жүйе жасалып, әлемдік білім кеңістігіне ену бағытында елеулі істер атқарылуы талқыланады.*

*В данной статье рассмотрены проблемы инновации в высших учебных заведениях и инновационные вопросы деятельности. Делать возможность для поднятия уровень инновационных знания. Сделать систему в отрасли образования и рассмотреть вопросы о том, что делаются знаменательные дела о внедрения всемирному пространстве знания.*

*The problems of innovation in higher educational establishments and innovative questions of activity are considered in this article. To do possibility for raising level innovative knowledge. To do the system in industry of education and consider questions that momentous businesses are done at introductions world space of knowledge.*

*Кілттік сөздер: Инновация, ақпараттық технология, техника, жүйе, оқыту әдістемесі, педагогика*

Ғалымдардың айтуына қарағанда, инновация термині ХІХ ғасырда жазылған ғылыми зерттеулерде кездеседі. ХХ ғасырда шетелдік экономист ғалымдардың (Й.Шүмпетера) еңбегі арқылы кеңінен таныла бастаған.

Алайда оның қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамына еніп, пәрменді қолданысқа ене бастаған кезі деп ХХІ ғасырды айтуға болады. Дәлірек айтсақ, 2010 жылғы Елбасы Жолдауынан кейін «инновация» термині таза экономикалық категория болғанына қарамастан, қоғам өмірінің барлық салаларына қатысты шығармашылық ой, идеялар ұғымында



қолданыла бастады. Және осыған байланысты технологиялық инновация және әлеуметтік инновация деп аталатын түрлерге жіктелді. Ғаламтордағы мәліметтерге сүйенсек, технологиялық инновация азық-түлік өнімдерінің, тұрмыстық техникалардың, басқа да құрал-жабдықтардың түрін көбейтіп, сапасын жетілдіруге немесе олардың жаңа түрін ойлап табуға бағытталған технологиялық шешім. Ал инновацияның әлеуметтік инновация деп аталатын түрі адам өмірін жақсартуға мүмкіндік беретін салаларды, атап айтқанда білім беру, денсаулық сақтау, қайырымдылық, басқару жүйесі, т.б. жетілдіру жолдары.

Міне, сондықтан қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарында инновация және инновациялық қызмет мәселесіне ерекше ден қойылуда. Біздің қоғамдағы нарықтық экономика жағдайында бәсекелестік қабілетті арттыру тікелей осы инновациялық шешімдер мен қызметтерді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауының баға жетпес құндылығы айқын бағыт-бағдар үлгісі ретінде ұсынуы. Демек, «Қазақстан – 2050» стратегиясы құбылмалы тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси бағыт өлшемі. «Қазақстан – 2050» бағдарламасының басты мақсаты еліміздің ХХІ ғасырдың ортасында әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына енуі болып табылады. Жолдауда тіл саясатына елді біріктіруші басты фактор ретінде басымдық бере отырып, Елбасы: «Мен 2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін.

Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек» -деп айқын мақсат қойды. Қазіргі таңда кез-келген маманның кем дегенде үштілді меңгеруін қоғам талап етіп отыр. Ғылым мен техниканың барлық саласында қарқынды дамып жатқан ақпараттық-технологиялық үрдістер бәсекеге қабілетті маман даярлаудың жаңа үлгісін ұсынды. Осы үдеден шығу мақсатында білім беру жүйесіне де алуан түрлі заман талабына сай амал-тәсілдер енгізілуде. Бүгінде кеңінен қолданыс тапқан «инновация» сөзіне ғалымдар бірнеше анықтама берген: «Инновация – белгілі бір топқа жаңа болып табылатын идея» немесе «Инновация – арнайы өзгеріс». Ал елімізде «Инновация» ұғымына тұңғыш рет зерттеуші Н. Нұрахметов анықтама берді. Зерттеушінің пікірінше: «Инновация дегеніміз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және оларды таратуға қатысты қызметі». Инновация білімнің мазмұнында, әдістемесінде, технологиясында, оқу үдерісін ұйымдастыру барысында айқындалады.

Қазіргі таңда оқу үдерісіне «жаппай» енгізіліп жатқан инновациялық технологиялар баршылық. Әрине, инновация көкейкесті мәселелердің тоғысында пайда болып, оқу үдерісіндегі әдістемелерге жаңашатұрғыдан қарап, оны үздіксіз жаңғыртуға бағытталады [1].

Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс - әрекетінің ғылыми – педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Бүгінгі мақсат – әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықты қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық, басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді.

Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып жүрген жаңа педагогикалық технологиялар мыналар: дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л.Занков, Д.Эльконин, В.Давыдов, В.Репин, В.Левин); оза отырып оқыту (С.Лысенкова); іс-әрекетті бағалау (Ш.Амонашвили); тірек және тірек конспектілері арқылы оқыту (В.Шаталов); саралап оқыту; шоғырландырып қарқынды оқу жүйесі; деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту; жобалап оқыту технологиясы.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру;

баланың өз бетімен әрекеттенуін қалыптастыру; баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту; оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Мемлекетіміздің әлемдегі дамыған елдермен тең болуы әрі басқа елдер арасында өркениетті ел ретінде танылуы үшін мектеп оқушысына саналы тәрбие мен сапалы білім берудің маңызы зор.

Қазіргі кезең–технологияның әртүрінің қарқынды дамыған заманы. Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, рухани адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті, жан-жақты жетілген ұрпақ дайындау міндетті. Яғни, сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану, оқушының жеке басын құрметтей отырып, білім беру – қазіргі оқытудың негізгі талабы.

Инновация–педагогикалық үрдісте оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларының, оқу жоспарларының, бағдарламаларының, түрлерінің, әдістерінің, құралдардың мақсатына жету [2].

Инновация-жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс. Инновациялық құрал және үрдіс әлде бір жаңалықты енгізу деген сөз. Педагогикалық үрдісте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері, мақсатымен мазмұнын, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.

Қазақ тілін оқытуда сөйлесім іскерлігін кейбір интербелсенді әдістерді қолдану арқылы үйретеді. Инновациялық үрдіссіз мектептің дамуы мүмкін емес.

Инновациялық іс-әрекет-қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай мектеп жұмысын дамытатын, мектеп өміріне оң өзгерістер әкелетін іс-әрекет. Әрбір мұғалім өзінің оқу-жұмысын дамыту үшін түрлі құралдар арқылы өзінің іс-әрекетін саналы түрде өзгертеді.

Инновациялық үрдістің кезеңдері:

- инновацияның себептері;
- жаңалықты жобалау;
- жаңалықты жүзеге асыру.

Инновациялық үрдісті күшейтетін бес фактор:

1. Мектеп басшысының шығармашылығы, оқытудың жаңа технологияларын жасауға қабілеттілік, педагогикалық үрдіске қатысушылардың бір-бірімен өзара әрекеті және қарым-қатынасы.

2. Инновациялық үрдістің жоспары, бағдарламасы.

3. Бағдарлама, жоспар бойынша мектепке ғалымдардың кеңес беруі, керек жағдайда инновациялық үрдіске ететін жағдайларды көрсетіп, сәтсіздік болғанда оны жоятын шараларды да белгілеу.

4. Әлеуметтік-экономикалық жағдай.

5. Инновациялық үрдіске қатысушылар: бастама көтерушілер, қарсы тұрушылар.

Инновациялық оқыту арқылы біз жаңа технологияларды қолданамыз. Сабақты компьютерге жазып, оқушылар үйде көріп, тыңдуына мүмкіндік бар.

Инновациялық оқыту тәсілдерін қолдану арқылы өткен сабақтың тиімділігі:

1. Материалды түсіндіруге мұғалім көп қиналмайды.

2. Оқушылар жаңа сабақты, материалды оңай қабылдап, тез меңгереді.

3. Сыныпта басы артық шу, әңгіме болмайды.

4. Интербелсенді тақта арқылы жаңа сөздің мағынасын түсіндіруге болады.

5. Оқиғаға құрылған сурет бойынша оқушыға заттың атын, түсін атапқыза отырып, қимылына, көрген-байқағандарына байланысты сөйлем құрғызып, әңгіме айтқызуға болады [3].

Жаңашыл мұғалімдердің жаңа бағытта, инновациялық әдіспен жұмыс істеу жолдары:

оқушылар мен мұғалімдер, ата-аналар арасындағы ынтымақ; ұжым мүшелерінің

шығармашылық жұмысы;

оқушыға атқарушылық және шығармашылық қабілетін дамытатын жұмыстар беру;

оқушыны өзін-өзі және ұжымды талдауға үйрету;

тұлғалық дамуы;

тірек идеясы;

жаңару идеясы;

озу идеясы;

тұлғаны дамыту идеясы.

Инновациялық оқыту-заманауи оқытудың белгісі, білім берудегі оқыту мен тәрбиенің негізгі мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілетін, ақыл-ойын дамыту.

Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жана жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Қазіргі кезде мектептің алдына қойылып отырған басты талаптарының бірі – рухани дүниесі бай жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу. Оқушының шығармашылық қабілетін дамытудың жолдары, құралдарын анықтау ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылықтың негізгі сипаты жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылу. Қай пәнде болсын оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыта оқыту, олардың сабаққа деген қызығушылығын ояту, ойын ынтасын дамыта түседі. Жалпы білім беру мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне мектеп оқушысын белгілі бір қажетті біліктілер мен дағдыларының иесі, жас ерекшелігіне байланысты өз жасын қалыптастыруға күш жұмсап еңбектенетін оқушы деп қарастыратын, осыған орай көп қырлы құрылымды білім мен тәрбие мазмұнын анықтап, құруға көмектесетін қазіргі заманғы дамыта оқыту идеясы арқау болады.

Сонымен қатар қай мемлекетті айтар болсақ, негізгі тірегі – білімді, білікті, іскер, белсенді адамдар екені айқын.

Сондықтан қоғам талабына сай ол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қазір білім беру саласында жаңа жүйе жасалып, әлемдік білім кеңістігіне ену бағытында елеулі істер атқаруда. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

«Білекке сенер заманда ешкімге есе бермедік, Білімге сенер заманда, қапы қалып жүрмейік» – деп Абылай хан айтқандай әр мұғалім жаңа технологияның идеяларын іздене оқып, педагогика саласында өз жолын, өз тың еңбегін, өз сүрлеуін салуға үлес қосуға тиісті [4].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ұсынысы, 2013 ж., 23 ақпан
2. Крутецкой В.А. О проблемной обучении. Вып.,1, Москва: Высшая школа, 1967.
3. Курт Мередит, Джинни Стил, Чарльз Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құрал. Алматы, 2000.
4. Выготский Л.С. Мышление и речь. Москва, 1999.

ӘОЖ 426.81

#### **КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТАНДЫРУДЫ ДАМЫТУДЫҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

**Турганова М.М.**, магистр, оқытушы, **Төлегенов Е.Б.**, магистрант  
*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.*  
*m\_turganova@mail.ru*

*Бұл мақалада білім жүйесіне заманауи ақпараттық технология құралдарын енгізу мәселесі қарастырылған. Осыған орай, білімгерлер оқушыларының ақпараттық сауаттылығын қалыптастырып, оны ары қарай дамыту білім ошақтарының алдында тұрған өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан, ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көзделеді.*

*В данной статье рассматриваются проблемы внесения современные информационные средства технологии в учебный процесс. Ко всему этому сформировать информационную грамотность учеников, а его основной вопрос, состоит в том что надо развивать знания в различных учебных заведениях. Поэтому предусматривается совершенствовать то, что*

*воспользуясь с коммуникационными средствами информационные методические материалы в использовании.*

*In this article the problems of bringing are examined modern informative facilities of technology in an educational process. To everything this to form informative literacy of students, and his basic question, consists of that it is necessary to develop knowledge in different educational establishments. It is therefore envisaged to perfect that with of communication facilities informative methodical materials in the use.*

**Кілттік сөздер:** ақпараттық – коммуникациялық технология, техника, кәсіптік білім, технология, оқыту әдістемесі, ақпараттандыру.

Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми – техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: « Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек »- деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі - бағдарламалық – техникалық кешен болып саналатын « Активті экран » болып табылады.

Оқыпудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқыпудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [1].

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы — оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық — құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік — ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Мемлекеттің қаржысы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси функцияларын орындау үшін оны қажетті ақша ресурстарымен қамтамасыз ететін елдің қаржы жүйесінің маңызды сферасы болып табылады және олар экономика мен социумдағы сан алуан өзара байланыстарды қамтитын мемлекеттік сектордың өндірістік және әлеуметтік қатынастардағы іс-қимылымен байланысты. Мемлекет (өзінің билік пен басқару органдары арқылы), бір жағынан, жеке кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, азаматтар, басқа жағынан, бұл сферадағы *ақша қатынастарының субъектілері* болып табылады [1].

Ішкі ұлттық өнімнің өсуімен салыстырғанда мемлекеттің шығыстары көлемінің озынқы қарқынмен өсуі мемлекеттің қаржыларына тән сипат болып табылады. Бұл құбылыс 19 ғасырлардағы неміс экономисі *Вангердің заңы* - “*Өспелі мемлекеттік белсенділік заңы*” ретінде белгілі.

Мемлекет қаржысының функциялары экономикалық категория болып келеді: бұл- бөлу мен бақылау функциялары.

Бөлгіштік функциядағы мемлекеттің қаржысын неғұрлым толық сипаттау үшін мемлекеттің реттеуші іс-қимылдарының қажеттігінен туындайтын құрамдас қосалқы функцияларды көрсетеді.

1. Орналастыру
2. Қайта бөлгіштік
3. Тұрақтандыру қосалқы функциялары,

Мемлекеттің қаржысы республикалық және жергілікті (муниципалдық) деңгейде іс-әрекет етеді және мемлекеттік бюджетті, бюджеттен тыс қорларды, мемлекеттік кредитті, мемлекеттік және жергілікті кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржыларына кіріктіреді. Экономикалық және әлеуметтік сфераға мемлекеттік басшылықтың деңгейіне қарай мемлекеттің қаржысы *жалпы мемлекеттік (республикалық) және жергілікті (муниципалдық) қаржылар болып бөлінеді.*

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын дамыту сондай-ақ Ұлттық қордан трансферттердің көлемін қысқартуға, Ұлттық қордың активтерін және инвестициялық кірістерін ұлғайтуға, сондай-ақ жинақ құрамдас бөлікті қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды, бұл республикалық бюджеттегі тапшылықтың болуын бір дәрежеде өтейді. Шығыстар көлемі және тапшылық мөлшері проциклдың әсер етуін жоюға да мүмкіндік жасауы тиіс, бұл теріс әлеуметтік салдарын жұмсарту мақсатында экономикалық циклдың әртүрлі сатысында мемлекеттік бюджеттің өлшемдерін өзгерту тетігін әзірлеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарының республикалық бюджеттің ақша ағындарының қысқа мерзімді алшақтықтарына және бұрын шығарылған қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеу қажеттілігіне негізделген көлемі

сондай-ақ нарықтағы сенімді қысқа мерзімді өтімді құралдарға сұранысты ескеруі тиіс.

Бұл тәсіл Қаржылық қадағалау агенттігі мен Ұлттық Банктің іс-қимылдарының оралымдылығын және өзара келісімділігін қамтамасыз етеді, бұл тұтастай алғанда банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді және мемлекеттік ауқымда қаржы тәуекелдері мен қаржы жүйесінің тәуекелдерін елеулі түрде барынша азайтуға мүмкіндік береді[2].

Жүйелік тәуекелдерді азайтудың екінші негізгі бағыты нарықтың қаржы ресурстарын алмастыруға қабілеттілігін, мемлекеттік ресурстарды пайдаланудың тиімділігін және тұрақты экономикалық өсудің экономикалық саясатын іске асыру үшін қаржы делдалдығы институттарын пайдалануда мемлекеттің ұзақ мерзімді мүдделерін ескере отырып, мемлекеттің банк жүйесінен бірте-бірте шығуын қамтамасыз ету болады.

Мемлекет бұрын болжанған мерзімнен барынша ұзақ мерзімге банктердің негізгі кредиторы болуға мәжбүр бола отырып, мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттерін іске асыру кезінде агенттер ретінде болатындардан басқа, орта мерзімді болашақта қаржы институттарының акционері болып қалуды жоспарламайды. Мынадай қағидаттарға негізделген шығу стратегиясы айқындалады:

1) бір жағынан, салық төлеушілердің салынған ресурстарын сақтап қалу - экономикалық пайданы алу міндеттерінің теңгерімін ескере отырып мемлекеттің банктердің капиталына қатысуын іске асырудың баға критерийлерін, екінші жағынан, инвесторлардың ұзақ мерзімді экономикалық мүддесін жасауын бағалау;

2) орта мерзімді болашақта банкті капиталдандыруды бұдан әрі ұлғайту кепілдігі болған кезде ішкі және сыртқы инвесторлар арасында кемсітушіліктің болмауы;

3) жүйенің кәсіпорындар қаражатының және халықтың жинақ ақшасының қажетті көлемін тарту қабілеттілігін ескере отырып, банктерге экономиканың нақты секторын қаржыландыруға берілген ресурстарды қайтарудың нақты орта мерзімді жоспарын айқындау;

4) қаржы институттарының стресті активтер нарығын құруға және Стресті активтер қоры арқылы проблемасы бар несие берешегін басқару институттарын дамытуға белсенді көмек көрсету;

5) банктердің мемлекет индустриялық саясат шеңберінде бөлетін қаржы ресурстарын заемшылар арасында кредиттік тәуекелдің тиімді деңгейі жағдайында, экономиканың жекелеген секторларын қаржыландыруда таңдауды және артықшылықты болдырмауда тең бөлу қағидатын ұстауы.

АҚШ-тағы ипотекалық дағдарыстан басталған жаһандық экономикалық күйзелісті қазір бүкіл әлем бастан кешіріп өтті. Әлбетте,

дағдарысты жеңу үшін, құлдырауды болдырмай, тым құрыса зардабын азайту үшін әр ел өзінше күресіп, өзінің ішкі қорлары мен мүмкіндіктерін жұмылдыруда. Бір ғанибет жай сол, мұндай қорлар мен мүмкіндіктердің елімізде бар екендігін Елбасымыз әркез айтумен келеді. Айтып қана қоймай, дағдарысқа қарсы кешенді шаралар да ойластырылып, қолданылуда. Қазақстанның дағдарысқа қарсы тұрып, төтеп беріп, табанды қарекетке көшкеніне бір жылдан асты. Өткен жылдың күзінде елдің экономикалық даму тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспары жасалып бекітілген-ді. Әуелінде бұл мақсаттарға 4,6 миллиард доллар бөлінгенін білеміз. Олар үлескерлік құрылыстарды аяқтауға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға һәм шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға жұмсалды. Ал, биыл жағымды іс жалғасын тауып, Мемлекет басшысы бекіткен тұрақтандыру бағдарламасын жүзеге асыруға енді он миллиард доллар бағытталды [3].

Шағын және орта бизнесті қаржыландыруға бюджет арқылы үлкен қаржы бөлініп отыр. Мәселен, “Қазына” қоры екінші деңгейдегі банктер арқылы осы салаға 48,8 миллиард теңгенің несиелік қаржысын бөліп, 2207 шағын кәсіпкерлік жобасына қолдау көрсетуде.

Мәселен, “Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы” жобасының аясында 45 серпінді жоба айқындалып отыр. Жиыны 53 миллиард долларға бағаланып отырған бұл жобалардың бірсыпырасы қазір жүзеге асырылу үстінде. Еліміздің инфрақұрылымдарын одан әрі жетілдіру бағытында темір жолдар мен автокөлік жолдарын, энергетикалық нысандарды концессия арқылы салу қолға алынуда. Еліміздің көлік дәлізі ретіндегі маңызын арттырып, Батыс Қытай мен Батыс Еуропаны жалғайтын автокөлік жолын салу ісіне үлкен көңіл бөлінуде. Жуықта ғана Астана - Бурабай автобанының пайдалануға беріліп, іске қосылуын еліміздің жол тарихында ғана емес, тұтас экономикамызға үлкен әсері бар маңызды оқиға ретінде бағалауға болады.

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға ғаламдық дағдарыстың теріс салдарын жұмсарту және болашақта сапалы экономикалық өсу үшін қажетті негіздерді қамтамасыз ету болып табылады. Мақсатқа жету үшін Үкімет, Ұлттық Банк пен Қаржылық қадағалау агенттігі мынадай бес бағытта шоғырланатын болады.

1. Қаржы секторын тұрақтандыру
2. Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу.
3. Шағын және орта бизнесті қолдау.
4. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту.
5. Инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру.

Жобаны қаржылық қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының 10 млрд. АҚШ доллары (1 200 млрд.



теңге) көлеміндегі қаражат пайдаланылатын болады. Олар мыналарға бағытталатын болады:

1) қаржы секторын тұрақтандыруға - 4 млрд. АҚШ доллары (480 млрд. теңге);

2) тұрғын үй секторын дамытуға - 3 млрд. АҚШ доллары (360 млрд. теңге);

3) шағын және орта бизнесті қолдауға - 1 млрд. АҚШ доллары (120 млрд. теңге);

4) агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға - 1 млрд. АҚШ доллары (120 млрд. теңге);

5) инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға - 1 млрд. АҚШ доллары (120 млрд. теңге).

Үкімет, Ұлттық Банк, Қаржылық қадағалау агенттігі, «Самұрық-қазына» ұлттық әл-ауқат қоры (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына» қоры) және «ҚазАгро» ұлттық холдингі (бұдан әрі - «ҚазАгро» холдингі) осы қаражаттың нысаналы және тиімді жұмсалыуына тұрақты мониторинг пен бақылауды қамтамасыз етеді.

Біз дағдарыстан алған сабақтардың, олардың алған нәтижелері туралы айтуымыз қажет. Оның үстіне экономика нарықтық рельсіне шыққан. Қазақстан үшін бұл дағдарыс теріс нәтижелі алғашқы соққы болды.

Сонымен бұл қандай сабақтар және қандай нәтижелер?

Біріншісі, бұл қазіргі капиталистік экономикалық нарықтық оптимальді және өзін қамтамасыз ете алатын әлеуметтік - экономикалық жүйе емес екенін көрсетті. Қазіргі жағдайда ол экономикалық өсім мәселесін шеше алмайды. Капиталистік нарық ұлттық деңгейде, халықаралық деңгейде де тығырыққа тірелді [4].

Екіншісі, экономикалық нарыққа енді енген мемлекеттерді тартып кеткен, Батыстағы үлкен қоғам топтарындағы «тұтынушы идеологиясының» жарамсыздығын қаржылық - экономикалық дағдарыс анық көрсетті. Қазіргі дағдарысқа қарап бұл жолдың тығырыққа тірелгенін түсіндік. Мысалға осы ретте сөйлеген АҚШ президенті Барак Обама: «Егер біз тек ақша жаратып, ештеңе өндірмесек, басқа мемлекеттер бізге қаржы беруді тоқтатады да бұл мейрам аяқталады. Шынына келсек мейрам аяқталды да. Жинақ қорымыз өте төмендеді, тұтынушы басты қозғаушы болған бұл экономика енді дами алмайды», - деп атап өткен.

Үшіншісі, экономиканы басқарудағы мемлекеттің атқаратын басқару қызметінің қажеттілігін дағдарыс көрсетті. Дағдарыс кезінде нарықтың «күрдым» периодтары айшықталды: оның экономика монополиясына қарсы тұра алмауы және бәсекеленуші ортаның төмендеуі, шығын бөлінудегі теңсіздіктің болуы, циклді дағдарысқа қарсыласудың төмендігі - барлығы да осы периодтарға қосылады.

Сондықтан ұлттық экономиканы ғана емес, халықаралық экономикалық байланыстарды да түзету керек. Мемлекеттер үлкен банктерді, сақтандыру компанияларын, өнеркәсіп корпорацияларын ұлттандыру арқылы дағдарыстың жұмыссыздық сияқты қиыншылықтарына қарсы күрестегі шараларды ойластырып жасау арқылы ұлттық деңгейде экономиканы түзетуге тырысуда. Айта кетерлік жайт, банкрот жарияланушы компаниялар мен банктерді сақтап қалуда мемлекеттің өзінен басқа бірде - бір инвестор табылған жоқ[5].

Дағдарыс екендеп қарап отырмай дағдарыстан шығу жолды және дағдарыстан кейінгі не болады соны ойлауымыз керек. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, әртараптандырылған, балансталған экономика дағдарыстан шынайы жол.

Негізгі басымдылық берілген бағыттар мыналар болуға тиіс:

- автомобиль және темір жолдардың, әуежайлардың және басқада инфрақұрылымдық нысандар құрылысы;
- денсаулық сақтау, мәдениет және білім салаларын дамыту;
- маңызды аймақтарда туристік объектілерді салуды тездету;
- инновациялық өндірістерді дамыту және соған сәйкес құрылымдарды жетілдіру;
- жалақыны көтеру;
- экономикалық өсуді қолдау үшін қаржыландыру көлемін ұлғайту,
- агроөнеркәсіпті дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету,
- шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Буренин А.Н. Рынок ценных бумаг и производных финансовых инструментов: Учеб. Пособие. - Москва Федеративная книготорговая компания, 2004.
2. Бычков А.П. Мировой рынок ценных бумаг: институты, инструменты, инфраструктура. - Москва Диалог-МГУ, 2008.
3. Генкин А.С. Эффективный траст. Опыт Западной Европы-Москва Альпина, 2009.
4. Ливингстон Г.Д. Анализ рисков операций с облигациями на рынке ценных бумаг. - Москва Филлип, 2003.
5. Миркин Я.М. Ценные бумаги и фондовый рынок. - Перспектива, 2005.

ӘОЖ: 336.1

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ НЕСИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫН ДАМЫТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

**Абдибеков Сакен Уалиханович**, э.ғ.к., доцент  
*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ., [Saken\\_Abdibekov@mail.ru](mailto:Saken_Abdibekov@mail.ru)*

*Қысқа мерзімді несиелер кәсіпорынның айналым қаражаттарының қалыптасу көздерінің бірі болып табылады. Алайда, несиелер ресурстарын алудың негізгі мәселесі кепілмен қамтамасыз ету мәселесі болып табылады. Сондықтан мақалада экономикалық негіз бен пайда болу талаптарының жиынтығы несиелер объективті қажеттілігі анықталып және оның эволюциясы қарастырылған.*

*Краткосрочное кредитование является основным источником формирования оборотного капитала предприятия. Однако, основной проблемой получения кредитных ресурсов является проблема обеспечения кредита. Поэтому в статье определена объективная необходимость кредита и эволюция его развития.*

*Short-term lending is the primary source of working capital of the enterprise. However, the main problem of obtaining credit is the problem of collateral. Therefore, in this paper the objective necessity of the loan and the evolution of its development.*

**Кілттік сөздер:** *Коммерциялық банктер, несиелер ресурстары, қысқа мерзімді несиелер, қарыз алушы, банктік несиелеу.*

Қазіргі уақытта коммерциялық банктер капиталдандырудың және өзінің өтімділігін арттырудың едәуір деңгейіне жетті. Банк саласының қызмет ету аясы біршама тұрақты түрде жақсарып, ол экономикамыздың түрлі салаларын, заңды тұлғаларды да, жеке тұлғаларды да белсенді түрде несиелеуде. Коммерциялық банктер экономиканың түрлі салаларына қысқа мерзімді несиелер беруде. Несиелер ресурстарын алудың негізгі мәселесі кепілмен қамтамасыз ету мәселесі болып табылады.

Банк саласындағы ақша ресурстарының артық болуы уақыт өткен сайын оларды орналастыру мәселесіне әкеп соғуы мүмкін, ал тексерілмеген, тәуекелді несиелердің өсуі, банктердің несиелік портфелінің нашарлауы және бүкіл қаржы жүйесі үшін тәуекелдің артуы соның салдары болып табылады.

Қаржылық жағдайы тұрақсыз кәсіпорындар көбінесе қысқа мерзімді несиелерді алмауды жөн көреді. Себебі, қаржылық тұрақтылық ұзақ мерзімді жоспарда меншікті және заем қаражаттарының

арақатынасымен сипатталады. Осы арақатынас деңгейі меншіктің пайдасына неғұрлым жоғары деңгейде болса, кәсіпорынның қаржылық жағдайы соғұрлым тұрақты болады. Бұл жағдайда кәсіпорындар банктен қысқа мерзімді несиені алуға мүдделі болады [1].

Несиенің мүмкіндігін шындыққа айналдыру үшін белгілі бір талаптар бар. Біріншіден, несие мәмілесінің қатысушылары несие беруші мен қарызға алушы- экономикалық байланыстардан туындайтын міндеттемелердің орындалуын өз мойнына алуға материалдық жағынан кепілдік беретін дербес заңды субъектілер сияқты алға шығуы керек. Екіншіден, егер несие беруші мен несие алушының мүдделері бір бір жерден шықса, онда бұл жағдайда оның қатысушылары міндетті түрде несиеге өзара қызығушылық танытулары керек.

Несие беруші мен қарыз алушының арасында мүдделік бірдей болған кезде, бір жағынан, несиеге ақшалай қаражатты ұсынуға, екінші жағынан- оны алуда несиелік қарым-қатынастар туындайды.

Осылайша, экономикалық негіз бен (капиталдың бірдей болмайды) пайда болу талаптарының жиынтығы несиенің объективті қажеттілігін анықтап және оның эволюциясын түсіндіріп береді.

Несиелік операциялар коммерциялық мекемелер ретіндегі банктың негізгі дәстүрлі белсенді қызметі болып табылады. Несиелерді беру кәсіпкерлік фирмалардың, компаниялардың, мемлекеттік кәсіпорындар мен жеке тұлғалардың қаржыландырылуына іске асырылатын мұның басты экономикалық функциясы болып табылады. Жалпы қысқа мерзімді несиелер бәрінен бұрын несие беру процесінде банктың және оның клиенттерінің өзара қатынастарындағы келісу сипатында бекітіледі, яғни несиенің салым және пайыздық ставкалар мөлшері, оны ұсыну мерзімі және қайтару мерзімі несие шартында айқын белгіленеді. Несиелер тек несиеге қабілетті қарыз алушыларға беріледі. Осы байланыстылықта қазіргі уақытта сол бір және өзге несие беру механизмі несиені бойынша борыштылықты реттеу тәсілдерін қолдану, мазмұны бойынша қатал реттелуде.

Несиелерді бағдарламалау несиелік - есеп айырысу қатынастарын анықтауға және кәсіпкерлік қызметті тұрақтандыру және аймақтық және ұлттық нарықты дамыту үшін кәсіпорында ақша қаражаттарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Несиелердің берілген көлемінің есебі кәсіпорынның экономикалық және әлеуметтік дамуын болжауды зерттеумен тығыз байланысты. Болжам- жоспарлар нарықтық шаруашылық механизмінің маңызды бөлігі болып табылады және өндіріске тапшы құралдары мен халықтың тұтыну тауарларына сұранысын қанағаттандыруға негізделеді [2].

Несиені (несиелік желіні ашу) алу үшін кәсіпорын банкпен несиелік келісімшарт жасайды. Келісімшарт тоқсанға, жылға немесе несиенің жеке түрлерінен құралуы мүмкін. Келісімшартта несиені беру,

мөлшері, мерзімі және проценттік ставканың көлемінің негізгі белгілері көрсетіледі. Ақша қаражаттары нарығының (несиеге сұраныс пен ұсыныс) өзгеруі кезінде келісімшартта көрсетілген шарттар қайта қарастырылуы мүмкін. Айналым капиталына қатысу ерекшеліктеріне байланысты банктік несиелер аванстық және компенсациялық болып екіге бөлінеді. Егер несиені айналымының бірінші сатысында меншік құралдары көп болса, онда ол аванстық сипатта болады. Бұл осы несиелерден шаруашылық- қаржылық қызметтің міндеттемелері бойынша төлем айналымының құрылатынын түсіндіреді. Шаруашылық айналымға салынған меншік құралдарының орнын толтыру үшін несиелерді пайдалану компенсациялық сипатқа ие болады.

Нарықтық экономикасы дамыған жағдайда кәсіпорындар бәсеке қабілетті өнім өндіреді және нарықта тұрақты орынды алса, онда банктер төлем айналымын және айналым капиталын ұйымдастыруды өз жауапкершілігіне ала отырып, оларға аванстық несиелер береді. Бұл жағдайда несиені қайтару дайын өнімді сатудан түскен түсіммен кепілдендіріледі. Банктердің мұндай ролі, мысалы үлкен жетіліктің барлық елдерінде - АҚШ, Англия, Канада, Япония, ФРГ, Франция және Италияға арналған [3].

Біздің елімізде нарықтық экономика енді ғана дамып келе жатыр және нарықта кәсіпорынның жағдайын есепке алмай аванстық несиелерді беру хроникалық мерзімі өткен қарызға және операциялық шығынға әкеліп соқтыруы мүмкін. Бұл жағдайда төлем айналымының ұйымдастырылуына жауапкершілікті кәсіпорын өз мойнына алады. Бұл барлық төлемдер олардың есеп айырысу шотымен жүргізіледі, ал банктік несиелер айналым капиталына салынған меншік құралдарын толықтырады. Бұл модель бойынша материалдық өндіріс сферасы, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт және байланыс бойынша барлық кәсіпорындар несиелендіріледі.

Айналым сферасындағы кәсіпорындар тауарлар мен қызметтерді төлеу үшін берілетін аванстық несиенің формасындағы несиелерді алады. Несиелеудің мұндай моделі сауда ұйымдары белгілі құралдарға бөлінген және тауарлық қорлардың құрылуы банктік несиенің есебінен жүргізіледі. Меншік капитал көмегімен тауарлар тек жаңа шаруашылық құрылымдар - акционерлік, бірлескен, шағын және кооперативті сауда- саттық кәсіпорындармен төленеді. Аванстық және компенсациялық несиелерді берудің басты ұйымдық экономикалық жағдайында арнайы және жай несиелік шоттар қызмет етеді. Біріншісі несиелеудің барлық кезеңіне ашылады және тауарлар мен қызметтерге төлем төлеу үшін төлемдік несиелерді жүйелі түрде беру үшін пайдаланылады, ал екіншісі- заемдық қаражатты дискретті түрде беру мен жеке шаруашылық іс-шараларды несиелеуге арналған.

Еліміздің коммерциялық банктерінің несиелерінің негізгі бөлігі материалдық құндылықтар қорына арналады, себебі тауарлы өнімнің өзіндік құнында мұндай құндылықтардың үлесі 75% - дан астам болып келеді. Бұл өндірістік қорлар, аяқталамаған өндіріс, дайын өнім және тауарлар (сатып алушымен жүктелген). Мұндай кезде олар баланс активінің екінші және үшінші бөлігінде көрсетіледі, олар “Қорлар және шығындар” және “Есеп айырысудың ақшалай қаражаттары” деп аталады.

Өндірістік қорлар: өнеркәсіпте- металл, синтетикалық материалдар, ағаштар, ауыл шаруашылық шикізат өнімдері және оның бірінші өңделген тауарлары, ауыл шаруашылығында дәнді-дақылдар, бордақыланған жануарлардың сүт тағамдары, жемдер, тынайтқыш заттар, техниканы жөндеуге арналған қосымша құралдар, жаңғыш қоспа материалдары, сауда да - ағындағы тауар айналымындағы тауарлар, мерзімінен бұрын тасып әкілінген, маусымдық жинақталған, уақытша сақталатын және т.б тауарлар кіреді. Коммерциялық банктердің несиелерінің басқа бөлігі жеткізіп берушілердің (жабдықтаушылардың) қарыздық талаптарын төлеу үшін төлем несиелернің формасында беріледі. Мұндай несиелер құндылықтарды сәйкес түрлері бойынша өнеркәсіп және ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен есепайырысу үшін тауарды көтермелеп және жекелей сатып алу саудалық желісінде ұйымдастырылады [4].

Несиенің үшінші бөлігі тауарлық өнімді дайындау мен байланысты ағымдағы өндірістік шығындарды жабуға арналған. Өнеркәсіпте - бұл жаңа өндіру бойынша шығындар, маусымаралық кезеңдерде персоналды және құрал-жабдықтарды қамтамасыз етуге арналған шығындар, амортизация мен салымдарды құруда маусымдық үзілу, ауыл шаруашылығында - егін ету және егін егілетін алқаптарды өңдеуге және техниканы жабдықтауға кететін шығындар, саудада- азық- түлік өнімдерін шығару бойынша кәсіпорынның шығындары, жартылай фабрикаттар мен кәсіпорын үшін қоғамдық тұтынуға арналған тошақтарды шығаруы кеткен шығындар жатады.

Осылайша жеке шаруашылық операцияларымен байланысты коммерциялық банктердің мақсатты несиелер тобы жүзеге асырылады. Бұл несиелер: аккредитивтер мен чектік кітапшаларды сатып алуға, жұмысшылар мен қызметкерлерге жанақы төлеуге, берілген жылда айналым капиталының өсіміне, кездейсоқ төлемдерді есептеуді аяқтауға және т.б. арналған.

Соңғы уақыттарда мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіруге ынталы несиелер дами бастады. Оларға жергілікті өкілетті органның қатысуымен жекешелендіру комиссиясының шешімі бойынша еңбек ұжымына берілетін жалға және мүмкін сатып алуға несиелер жатады.

Халық шаруашылығының нарықтық экономикаға қатысуы тауар және қор биржасының және мамандандырылған биржалық банктердің пайда болуына әкеп соқтырды. Биржалық банктер тауар айналымын және құнды қағаздар нарығын- кәсіпорынның акциялары, мемлекеттік қарыз облигацияларын несиелей бастады.

Банктер несиелеу процесінде берілген несиелердің қайтарылуын бақылауды жүзеге асырады. Несиелеу үшін мүліктің жеткілікті деңгейі және рентабильділігі бар, шаруашылық- қаржылық қызметті өтімді жүргізе алатын кәсіпорындарды таңдалады. Ол үшін несиені беру мүмкіндігін кеңейтетін ақша қаражаттарын сатып алуға несиелік келісім шарт жасайды [5].

Біздің елімізде нарықтық экономика енді ғана дамып келе жатыр және нарықта кәсіпорынның жағдайын есепке алмай аванстық несиелерді беру хроникалық мерзімі өткен қарызға және операциялық шығынға әкеліп соқтыруы мүмкін. Бұл жағдайда төлем айналымының ұйымдастырылуына жауапкершілікті кәсіпорын өз мойнына алады. Бұл барлық төлемдер олардың есеп айырысу шотымен жүргізіледі, ал банктік несиелер айналым капиталына салынған меншік құралдарын толықтырады. Бұл модель бойынша материалдық өндіріс сферасы, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт және байланыс бойынша барлық кәсіпорындар қысқа мерзімді несиелендіріледі.

Қысқа мерзімді несие кәсіпорынның айналым қаражаттарының қалыптасу көздерінің бірі болып табылады. Ол кәсіпорынның ағымдағы қызметі процесінде жетіспейтін ақша қаражатының қажеттілігін жабуға мүмкіндік береді. Бір жылдан астам уақытқа кәсіпорын күрделі шығындарына несие ала алады. Бұл жағдайда несие оның дамуына, өндірісті кеңейтуге, оны қалпына келтіруге, жаңа техниканы өндіруге, қымбат жабдықтарды алуға және басқа мақсатты бағдарламаларға бағытталған кәсіпорынның қарыз қаражаттары ресурстарының көздері ретінде жұмсалады. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 қаңтардағы кәсіпорынға және ұйымдарға меншікті айналым қаражаттарын толтыруға бөлінетін несиелерді беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы №19 қаулысына сәйкес, ұзақ мерзімді несиелердің бөлігін ағымдағы активтерді сатып алуға бағыптау қарастырылған.

2013 жылдың 1 тоқсанының өткен жылдың 4 тоқсанмен салыстырғанда айналым қаражаттарын қаржыландыру үшін қолданылатын кәсіпорынның меншік құралдары өзгермеген (89,3%). Осылайша кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әкелетін айналым қаражаттарды толықтыруды қаржыландыру үшін банктердің несиелерін қолданған кәсіпорынның саны айтарлықтай төмендеді (26,3%).

“Қазкоммерцбанк” ААҚ-ның қысқа мерзімді несиелеу ерекшеліктеріне келетін болсақ, Банк заңды тұлғаларға және өндіріс,

сауда және қызмет көрсету сферасындағы жеке кәсіпкерлерге айналым қаражаттарын толықтыруға қысқа мерзімді несиелер ұсынады. Қазкоммерцбанкте 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда берілген несиелерінің көлемі 65%-ға жетті. Ол 2012 жылы 23%-ды құраған болатын.

Қазақстандық тәжірибеде қысқа мерзімді несиелер материалдық қорлардың әр түрлі элементтеріне байланысты беріледі. Өнеркәсіпте, мысалға, банктер шикізатты, негізгі және қосымша материалдарды, жанар- жағармайды, ыдысты аяқталмаған өндірісті, дайын өнімді, есептемедегі құралдарды несиелейді. Саудада несиелеудің типті объектісі ретінде тауар айналымындағы тауарлар жүреді. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарында банктер егін шаруашылығының және мал шаруашылығын шығындарын, минералды тыңайтқыштарды, жанармайды және т.б несиелейді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Сейтқасымов Ғ.С. “Ақша, несие, банктер” Алматы «Экономика» 2005 ж.
2. Усоскин В.М. “Современный коммерческий банк” Москва ИПЦ «ВАЗАР-ФЕРРО» 1994г.
3. Мадияров Д.М., Марчевский В.С. “Основы современного банковского дела” Алматы «Экономика» 1997г.
4. Лаврушина О.И. “Банковкое дело” Москва «Финансы и Статистика» 2002г.
5. Мақыш С.Б. “Коммерциялық банктер операциялары” Алматы «Издат Маркет» 2004ж.

**ӘОК 338.436.33(574)**

### **АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУШІ САЛАЛАРЫНЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ**

**Бексултанова М.Б.**, 1 курс магистранты  
Ғылыми жетекші: **Шомшекова Б.К.**, э.ғ.к., доцент

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ.*

*Мақалада Қазақстанның агроөндірістің жағдайы мен агроөнеркәсіптік кешенін қамтамасыз етуші салаларының даму деңгейі қарастырылған.*



*В статье рассматриваются состояние агропроизводства и уровень развития отраслей агропромышленного комплекса Казахстана.*

*The article discusses the state of agricultural production and the level of development of branches of agroindustrial complex of Kazakhstan.*

**Кілттік сөздер:** агроөнеркәсіптік кешені, жер ресурстары, логистика қызметтері, ветеринариялық қауіпсіздік, сақтандыру, аграрлық ғылым, техника паркі, агрохимия.

Бүгінгі таңда отандық ауыл шаруашылық саласының, соның ішінде агроөндірістің жағдайы және болашақтағы дамуы еліміздің әлемдік нарықтағы алатын орнын анықтау өзекті де, күрделі экономикалық мәселеге жатады. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық саласы егемендік алғалы үлкен кезеңді бастап, барлық күш жігерді жұмсау арқылы өнім алуға бағытталған.

Агроөнеркәсіптік кешені (бұдан әрі – АӨК) саласындағы 2012 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша берілген кредиттер көлемі 545 млрд. теңгеден астамды құрады. Күдікті және үмітсіз кредиттер үлесі ауыл шаруашылығында жалпы экономикамен салыстырғанда айтарлықтай төмен. 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЕДБ және «Қаз Агро» ұлттық басқарушы холдингі АҚ (бұдан әрі – «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ) еншілес ұйымдарының АӨК саласындағы кредиттік портфелі 595 млрд. теңгені құрады.

Ауыл шаруашылығы өндірушілеріне берілген күдікті және үмітсіз кредиттер сомасы мынадай негізгі факторлар әсерінің нәтижесінде шамамен 300 млрд. теңгені құрады:

1) негізінен 2008 – 2010 жылдары машина-трактор паркін жаңғырту мен жаңартуға қымбат және қысқа мерзімді кредиттік ресурстарды пайдалану;

2) 2008 жылғы қаржы дағдарысы;


3) қолайлы баға кезеңінде астық экспортына тыйым салу (2008 жылдың 15 сәуірі мен 1 қыркүйегі аралығында), валюталық түсімнің төмендеуі және астық экспортының дәстүрлі нарықтарын ішінара жоғалту;

4) Ресей мен Украинада жақсы өнім болғандықтан, 2010 жылы астық өндірушілердің сыртқы нарықтарға шығуға мүмкіндігінің болмауы, бұл ішкі нарықта тауарлардың іркітуіне және бағалардың күрт төмендеуіне әкелді;

5) валюталық кредиттік берешекті 25%-ға ұлғайтқан 2010 жылғы теңгенің құнсыздануы;

6) ауыл шаруашылығы дақылдарының төмен өнімділігіне әкелген 2011, 2013 жылдардағы қолайсыз құрғақ ауа райы жағдайы.

1-сурет. 2013 жылғы 1 қаңтарға банктердің кредиттерін жіктеу, %



Дерек көзі: ҚР Ұлттық Банкі


Нәтижесінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындары бұрын қабылдаған кредиттік міндеттемелер бойынша жоғары сыйақы ставкасын және кредиттер бойынша негізгі борыштың бөлігін төлеу проблемасына тап болды.

Осыған байланысты кредиттер мен жобаларды қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру, қаржыландыру, сондай-ақ АШТӨ бар берешектерін өтеуге қаржыландыру жолымен АӨК субъектілерін бір реттік қаржылық сауықтыру шараларын қабылдау қажет [1].

Жалпы АӨК-ні дамытуға республикалық бюджет қаражатынан 2008 – 2012 жылдар ішінде 1 571,9 млн. теңге бағытталды, оның ішінде, субсидиялар үлесіне (суды пайдалануды субсидиялауды есептемегенде) 25,9% немесе 407 млн. теңге келді. Сондай-ақ соңғы 5 жылда (2008 – 2012 жылдар) «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ құрамына кіретін қаржы ұйымдары арқылы АӨК-ні қолдауға республикалық бюджет қаражатынан 332,2 млрд.теңге, Ұлттық қор қаражатынан 120 млрд.теңге бөлінді.

Ауыл шаруашылығын кредит ресурстарымен қамтамасыз етуде айтарлықтай үлесті «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ алады, ол АӨК-де іске асырылатын инвестициялық жобалардың жартысын қаржыландырады.


2-сурет. 2013 жылғы 1 қаңтардағы кредиттік портфель, млрд.теңге



Дерек көзі: ҚР Ұлттық Банкі, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ

2009 – 2013 жылдар кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуші өнеркәсіптерге екінші деңгейлі банктердің (бұдан әрі – ЕДБ) берген кредиттер 1 289 млрд.теңгені құрады [2].

3-сурет. 2009 – 2013 жылдары АӨК-нің қайта өңдеуші салаларына ЕДБ-нің берген кредиттері, млн. теңге



Дерек көзі: ҚР Ұлттық Банкі

Соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға инвестициялардың жыл сайынғы көлемдері шамамен 2 есе, атап айтқанда 2009 жылғы 56 млрд. теңгеден 2013 жылғы 107,4 млрд. теңгеге дейін артты. Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялардың жалпы сомасынан ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар үлесі соңғы 5 жылда іс жүзінде дәл сол деңгейде қалып, 2009 және 2012 жылдары тиісінше 1,7% және 2,2% құрады, бұл ретте елдің ЖІӨ-дегі өнімнің үлесі 5%-дан астамды құрады. Осылайша, ҚР АӨК-нің салыстырмалы инвестициялық тартымдылығы басқа салалармен салыстырғанда осы жылдары өскен жоқ.

Ауыл шаруашылығы саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін АӨК жобаларын қаржыландыруға тартылатын кредиттерді арзандатуға бағытталған бірқатар қаржылық құралдарды және кредиторлар мен инвесторлардың тәуекелдерін төмендету құралдарын енгізу қажет.

#### Логистика қызметтері

Дәнді дақылдардың орташа жылдық өнімділігінің өсуі кезінде тасымалдау және сақтау қуаттылықтарының тапшылығы, бидайды дәстүрлі өткізу нарықтарына экспорттау кезінде қиындықтар пайда болады. Астық тасығыштар тапшылығы 3000 бірлікке, дәнді дақылдардың сақтау қуаттылықтарының тапшылығы – шамамен 2 млн.

тоннаға, майлы дақылдардың – шамамен 200 мың тоннаға, жеміс-көкөніс өнімдерінің – шамамен 200 мың тоннаға бағаланады.

### **Жер ресурстарын пайдалану**

Жерлерді пайдалану және топырақтың құнарлылығын сақтау мәселелерінде белгілі теңгерімсіздік бар. Ұзақ мерзімді жалға берілген ауыл шаруашылығы жерлерінің мәнді көлемі мақсаты бойынша пайдаланылмауда немесе ең төмен дәрежеде пайдаланылуда. Жалға алушылар пайдаланатын ауыл шаруашылығы жерлерінде топырақтың құнарлылығын сақтау және жел мен су эрозиясының алдын алу жөніндегі жеткіліксіз тиімді іс-шаралар жүргізіледі. ҚР Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің деректері бойынша ҚР-да ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің 15%-ына дейін ұтымсыз пайдаланылады. Қазіргі таңда шамамен 125 млн. гектар жайылым суландырылмаған және пайдаланылмауда. Бұдан басқа, елді мекендерге жанасып жатқан 20 млн. гектардан астам жайылым ұтымсыз пайдалану салдарынан азып-тозған деп жіктеледі.

Топырақ құнарлылығын сақтау және қалпына келтіру, минералдық тыңайтқыштарды ұтымды пайдалану және осы негізде ауыл шаруашылығы өнімдерін орнықты өндіруге жағдай жасау мақсатында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде топырақ құнарлылығының тұрақты мониторингін жүргізу қажет. Бұдан басқа, жер, табиғат және басқа ресурстарды ұтымды пайдалануды ынталандыру мақсатында АӨК субъектілеріне салық салу жүйесін жетілдіру қажет.

### **Ветеринариялық қауіпсіздік**

Тұрақсыз эпизоотиялық жағдай АӨК-ні дамыту үшін негізгі қауіп болып табылады. Шекара маңы өңірлері ауруларға неғұрлым ұшыраған, сол жерлерден инфекциялар одан әрі елдің басқа бөліктеріне тарайды. 2011 жылы жіті инфекциялық аурулардың 227 ошағы тіркелді, осының нәтижесінде Қазақстанның бірқатар облыстары үшін мал шаруашылығы өнімінің экспортына тыйым салынды.

Неғұрлым таралған аурулар ІҚМ мен ҰМ бруцеллезі және ІҚМ лейкозы болып табылады. 2011 жылы бруцеллезге оң нәтижені 75 038 ІҚМ сынамасы және 32 705 ҰМ сынамасы көрсетті, сондай-ақ лейкозға 58 046 оң нәтиже анықталды, бұл 2010 жылмен салыстырғанда аурулар санының тиісінше 14%, 15% және 10%-ға төмендеуін көрсетеді.


Ветеринариялық және тамақ қауіпсіздігі жүйесін дамытуды бірқатар факторлар тежеуде. Мал басының басым бөлігі жеке үй шаруашылықтарында ұсталады, бұл ветеринариялық бақылауды қиындатады. Қазіргі таңда ақпараттық жүйелер «фермадан үстелге дейінгі» өнімді бақылауды қамтамасыз етпейді, эпизоотиялық қадағалау, аурулардың пайда болу мониторингі мен болжам жүргізуге қауқарлы емес. Малды бірдейлендіру рәсімі орталықтандырылмаған сатып алу, сырғаларды қайталау, жоғалту, сырға құнын иелерінің қайтармауы

секілді бірқатар проблемалармен қиындатылған, сондай-ақ электронды бірдейлендіру жүйесі интернет желісімен қамтамасыз етілмеген ауылдық елді мекендер үшін қол жетімсіз. Ветеринариялық препараттарды, диагностикумдарды қатаң бақылау жоқ. Қолданыстағы инфрақұрылым ветеринариялық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етпейді, ветеринариялық ұйымдар (коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар, облыстық және аудандық ветеринариялық зертханалар) барлық қажетті жабдықпен тиісті түрде жарақталмаған.

### Сақтандыру

Қазіргі таңда өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласында заңнамалық базаның бар болуына қарамастан аталған институттың әрекеті жеткілікті дәрежеде тиімді емес. Сақтандыру сыйақыларының мөлшері төлемдерге мемлекеттің қатысуына қарамастан іс жүзіндегі шығыстар мен әкімшілік ету шығындары мөлшерін жаппайды.

4-сурет. Өсімдік шаруашылығын сақтандыру нарығындағы сақтандыру сыйақылары мен төлемдерінің серпіні, млн. теңге



Дерек көзі: «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ

Бұл ретте, саладағы сақтандыру жүйесінің дамуына және тұрақты қызмет етуіне деген қажеттілік маңызды болып табылады, бұл оны жетілдіруге қажеттілік мәніне зерделеуді талап етеді [3].

### Аграрлық ғылым

2009 жылы ауыл шаруашылығы зерттеулерін басқарудың заманауи жүйесін қалыптастыру мақсатында ҚР АШМ құрамында «ҚазАгроИнновация» АҚ құрылды, оның құрамына барлық салалық ғылыми-зерттеу ұйымдары және ауыл шаруашылығы тәжірибе станциялары кірді.

«ҚазАгроИнновация» АҚ ұйымдастыру құрамында 5 600 астам адам жұмыс істейді, олардың ішінде шамамен 1100 (20%) – ғылыми

қызметкерлер. Ғылыми қызметкерлердің жалпы санынан 60%-дан астамында ғылыми дәрежесі бар, ғылыми қызметкерлердің орташа жасы 46,7 жасты құрайды. Едәуір материалдық-техникалық базасы – 280 мың гектардан астам жері, ауданы 900 мың шаршы м ғимараттары мен құрылыстары, шамамен 4 500 бірлік зерттеу жабдығы ауыл шаруашылығы техникасы бар.

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі соңғы үш жылда орташа 3,3 млрд. теңгені құрады, бұл саланың жалпы өнімінен 0,17 – 0,25 % құрайды.

ҚР барлық негізгі ауыл шаруашылығы өңірлері мен отандық АӨК салалары зерттеулермен қамтылған.

2011 жылдан бастап «ҚазАгроИнновация» АҚ құрамында білім тарату жүйесі, технологияларды коммерцияландырудың салалық кеңсесі, «Асыл - Түлік» республикалық асыл тұқымды мал шаруашылығы орталығы және «Бастау» баспасы жұмыс істейді.

Отандық ғылыми әзірлемелерді енгізу ауқымдары жыл сайын артуда. Мысалға, 2013 жылы егіншілік шаруашылығында ылғал-ресурс үнемдеу технологияларын қолдану 11,7 млн. га. құрады (өсу 2009 жылмен салыстырғанда – 2,3 есе), бидайдың отандық сорттарын өсіру алқаптары 6,8 млн. га (бидайдың егістік алқаптарынан 42 %) құрады. Зерттеу процесіне тартылған ірі қара мал басының саны 760 мың бас құрады.

Сонымен қатар, АӨК өндіргіштігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретіндегі ауыл шаруашылығы ғылымының одан әрі дамуын тежейтін жүйелі сипаттағы бірқатар проблемалар бар. Олардың ішінде негізгілер мыналар болып табылады:

1) жеткіліксіз қаржыландыру – ауыл шаруашылығы өнімдерін жетекші экспорттаушы елдермен салыстырғанда қаржыландыру көлеміндегі көп еселік айырмашылық;

2) жоғары білікті жас мамандардың – ғылыми қызметкерлердің, көмекші және техникалық персоналдың тапшылығы;

3) инфрақұрылымның моральдық және физикалық тозуы – 20 жылдан артық пайдаланылып келе жатқан ғылыми-зерттеу жабдығының үлесі 28%, ауыл шаруашылығы техникасы мен автомашиналар – 41 %, 20 жылдан артық күрделі жөндеусіз пайдаланылып келе жатқан ғимараттардың үлесі – 95 % құрайды;

4) ғылыми әзірлемелерді енгізу және бизнеспен өзара іс-қимыл жасау құралдарының дамытылмауы;

5) отандық аграрлық ғылымның әлемдік ғылыми жүйеге ықпалдасуының жеткіліксіз деңгейі.

Осыған байланысты, АШТӨ үшін білім беру және консультациялық қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында аграрлық ғылымға реформалау жүргізу қажет.

### Ауыл шаруашылығы техникасының паркі

Қазіргі таңда машиналар мен жабдықтардың абсолютті санының өсу серпініне қарамастан ҚР-дағы ауыл шаруашылығы техникасы паркінің 80%-ы тозған. Қазіргі уақытта пайдаланудың нормативтік мерзімі 8-10 жыл кезінде 80%-дан астам астық жинау комбайндары мен тракторларының орташа пайдаланылған жылы 13-14 жыл, 71% астық жинау комбайндары, 93% тракторлар және 95% тұқым себетін машина есептен шығаруға жатады, ауыл шаруашылығы техникаларының қолда бар паркі жалпы 87% шегінде тозған. 2008-2010 жылдары техниканың қатардан шығып қалуының орташа коэффициенті оң болды (жылына 0,7%).

1-кесте. ҚР-да ауыл шаруашылығы машиналарының негізгі түрлерінің бар болуы (жылдың басынан), бірлік

Техникалар түрі	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Тракторлар	132 676	134 799	137 213	156 037	156 656	155 580
Астық жинау комбайндары	44 339	44 621	45 454	48 032	49 503	46 997
Тұқым себетін машиналар	87 625	90 362	90 743	91 599	90 960	77 187
Егу кешендері	771	1 126	1 520	1 995	2 408	2651
Орақтар	15 458	15 575	15 243	15 439	15 200	15 233

Дерек көзі: ҚР АШМ 2008-2013 жж. аралығындағы деректері

АШТӨ соңғы бес жылда жетекші шетелдік өндірушілердің өнімділігі жоғары техникаларын сатып алуда. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы өндірісін энергиямен қамтамасыз ету 2002 жылмен салыстырғанда 19,5 %-ға өсті және 165 жылқы күшін немесе 100 гектар жыртылған жерге 123 кВт құрайды. Салыстыру үшін, Ресейде ауыл шаруашылығы өндірісінің энергиямен қамтамасыз етілуі 259 кВт, Германия, Голландия, Италияда – 350 кВт, Францияда - 364 кВт, Ұлыбританияда - 404 кВт, АҚШ-та – 405 кВт құрайды. Бұл ретте, мәселен жалпы техника санының 4,9 %-ын құрайтын «Хорш», «Джон-Дир», «Кейс», «Морис» өнімділігі жоғары егу кешендері егіс алаңдарының 35,2%-ын егеді.

ҚР-ның КО-ға кіруі КО шегінен тыс жерлерден импортталатын ауыл шаруашылығы техникаларының кедендік бажын айтарлықтай арттырды, бұл ретте, Қазақстан жағдайына қажетті no-till және mini-till технологияларын қолдануға арналған техника КО шегінде қажетті мөлшерде және номенклатурада шығарылмайды. ҚР-да құрастыру деңгейін оқшаулау бойынша жоғары талаптар, сондай-ақ, тұрақсыз өткізу нарығы ҚР-да құрастыру өндірісін құруды шектейді.

Ауыл шаруашылығы техникасының паркін жаңарту және кеңейту мақсатында лизинг құралын және лизинг төлемдерін субсидиялау тетігін пайдалана отырып мемлекеттік қолдауды жалғастыру қажет.

### **Агрехимия**

ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша Қазақстанда жыл сайын 87,4 мың тонна минералды тыңайтқыш пайдаланылады, осының негізінде тыңайтқыштарға қажеттілік жылына 1,8 млн. тоннаға бағаланады. Сол уақытта ҚР АШМ Мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекцияларының деректері бойынша гербицидтер жеткіліксіз қолданылады – жылына 30 млн. литр қажеттілігі кезінде бар болғаны 8-10 млн. литр.

Қазақстан құрамында азот және фосфоры бар тыңайтқыштарды тұтынуға тең көлемде өндіреді, алайды, тыңайтқыштардың үлкен бөлігі экспортталады, ал ішкі сұраныс импорт есебінен қанағаттандырылады. Қазақстанда тұтынылатын калийлі тыңайтқыштар қазіргі уақытта толық көлемде импортталады. Биологиялық тыңайтқыштар да жеткіліксіз пайдаланылады. Қазақстанда жыл сайын шамамен 3,5 мың тонна пестицид өндіріледі, бұл ретте шамамен 17,5 мың тонна импортталады. Пестицидтерді тұтынудың ішкі нарық көлемі жыл сайын 21 мың тоннаға жуық құрайды және жылына 10-12 % өсу үрдісіне ие. Пестицидтерді формуляциялауды республикада шамамен 6 жергілікті кәсіпорын жүзеге асырады [4]. Қазіргі бар проблемаларды шешу мақсатында минералды тыңайтқыштар құнын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарын гербицидтермен өңдеуге жұмсалатын шығындарды арзандату бойынша мемлекеттік қолдау шараларын жалғастыру қажет. Міне осы аталған мәселелер агроөнеркәсіптік кешеннің қамтамасыз етуші салаларының дамуы үшін тиімді де ұтымды жолдарын қарастыруын және өтіп жатқан үрдістердің ерекшеліктері кешенді зерттеулерді талап етеді.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 01.01.2013ж. есебі.
2. ҚР Ұлттық Банкі, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ 01.01.2013 жылғы есебі.
3. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының» АҚ 2009-2013 жж. аралығындағы есептері.
4. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық министрлігінің 2008-2013 жж. есептері.



## **ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА**

ББК 87.3

## ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Қасабек Аманжол Қасабекұлы**, ф.ғ.д., профессор  
*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ.*

*Мақалада ғылым философиясының өзекті мәселелері, ғылыми зерттеудің әдістері мен әдістемелерін талдау негізінде оның пәндік және плюралистік мағынасы қарастырылған.*

*В статье рассматриваются современные актуальные вопросы философии науки, ее дисциплинарное и плюралистическое значение на основе анализа методов и методологии научного исследования.*

*The article deals with current issues of contemporary philosophy of science, its disciplinary and pluralistic value based on the analysis of the methods and techniques of scientific research.*

**Кілттік сөздер:** ғылым, жаратылыстану, техникалық-гуманитарлық метод, методология, пәндік, математикалық білім, әлемдік эволюция.

Жаратылыстану, техникалық және гуманитарлық ғылымдар жалпы ғылыми прототип негізінде, яғни антикалық ғылым негізінде қалыптасты. Жаратылыстану және техникалық ғылымдарда зерттелініп отырған объектіні белгілі бір параметрлерді өзгерту арқылы оның нәтижесін айта алатындай мәселе қояды. Ал гуманитарлық ғылымдар зерттеліп отырған объектінің түсінігін беру әдісін, жалпы зерттеудің сипатын анықтайтын қызметін көрсетеді. Ғылым таным құралы дамушы организм ретінде танылуы дұрыс.

Ғылым дамуы барысында жаратылыстану, әлеуметтік және техникалық ғылымдар өзара тығыз әрекеттесуі барынша күшейіп, тәжірибенің «ғылымдануы», адамдардың өмірінің барлық салаларында да ғылымның ролі белсенді түрде өсіп, оның әлеуметтік маңызы артып, ілім-білім түрлерінің ғылыми, сондай-ақ, ғылымилықтан тыс түрлері өзара жақындасып, ғылымның аксиологиялық (құндылықты) егемендігі нығая береді. Ғылымды жеке салаларға бөлу құбылысты заттардың табиғатына, олардың заңдылықтарына бағыну шартында іске асады. Әрқилы ғылымдар және ғылыми пәндер тәуелсіз емес, бір-бірімен байланысты, түрлі бағыттарда өзара әрекеттесу жолымен дамиды. Олардың біреулері – белгілі бір ғылыми мәліметтерде екінші бір ғылымның пайдалануынан көрінеді.

Ғылымдардың өзара әрекеттесуінің аса маңызды жолдарының бірі – бұл зерттеулердің әдіс-тәсілдерімен өзара алмасу, яки, белгілі бір ғылыми әдістерді өзге ғылымдардың қолдануымен кескіленеді. Ғылымдар мен олардың пәндерінің дамуының біркелкі еместігімен қиындай түседі. Әдістемелік плюрализм – жаратылыстың толықтай және тереңірек ашылуына қажетті шарттар пайда болатын, шынайы өмірдегі сан алуан құбылыстардың сапалық заңдары құрылатын қазіргі замандағы ғылымға тән ерекшелік [1, 17-20].

Ғылымдардың өзара әрекеттесіп, дамуында философияның алар орны қандай?

Ғылымда әрдайым болған, бірақ қазір анағұрлым айқын етек алып отырған қарама-қайшылықты екі ағым: мамандану және унификация. Ғылымдардың өсіп-өрбіп, күрделене түскендігі соншалықты ғылымның ұлан-ғайыр даласының тек құрттай мекенін меңгеруге ғана шамамыз қалған секілді. Мамандану туралы айта келе, мамандардың бір-біріне тәуелсіз атқаратын жұмыстарын келісімге келтіріп, ұштастыратындай ұйым құру қажеттілігі туралы ой туады. Ғылымның барған сайын тарылып бара жатқан қалпынан өзге, соңғы жүз жыл аралықта, байланыстырушы, бұрын әрқашан бір-бірінен шектеулі ғылым түрлері де пайда болып келеді. Белгілі бір әдістермен жұмыс жасайтын белгілі бір ғалым, дәл солай өзгеше тән әдістермен жұмыс жасап отырған екінші бір ғалымның әдеттегі көріністерін жұлмалайтын да жағдайлар орын алып жатады.

Ғылым бірыңғай дамиды, бір сарынды құрылым емес, ол көп қабаттан тұрады. Ғылыми жұмыстың басым көпшілігі бір қабаттың аумағында жүреді: бұл бағалы, тиімді жұмыс, бірақ ол шын негізде өңделген әдістермен жұмыс жасайтындықтан, жоспарлауға ыңғайлы болып келеді: мұнда философия тек кейбір жалпы дамуға ғана қажет болатын болса, ал шығармашылық философиялық жұмысқа тіпті орын жоқ. Десе де, уақыт өткен сайын қарама-қайшылықтар жинақтала береді де, енді тығырыққа тіреліп, келесі қабатқа келтіру қажеттілігі туады. Тығырықтар қаншалықты көп болған сайын, келесі қабатқа шығу соншалықты ауыр, әдеттегі ұғымдарды жоққа шығару соншалықты радикалды және терең сипатқа ие болады. Алдыңғы қатарлы ой иелері осыған дейінгі мәңгі, шексіз ақиқат ретінде танылып келген бұлтартпас ақиқаттың енді мүлдем олай емес екенін түсіне пайымдайды: түбегейлі философиялық жұмыс жасау талабы туады. Сонлықтан да ең ірі ғылыми төңкерістер әрдайым әдеттегі философиялық жүйелерді қайта құрумен тікелей байланысты болады. Бірақ адамзат тіршілігінің ұзын-сонар тарихының бойынша мұндай ақыл-ойлы төңкерістер «шексіз» ақиқаттардың бір жүйесінің орнына сол бір шексіздікке деген кінәрат қоюшы екінші бір жүйенің келуімен орын ауыстыруына әкелетіні айқын. Әрине, шексіз ақиқатты жоққа шығаратын скептикалық бағыттар да

болады, олар ескі жүйелерді қайта қарауға итермелейтін қуатты түрткі етуші роліне ие болғанымен, ғылымның шығармашылық дамуына да айтарлықтай үлкен маңызға ие болмаған [2, 168-170].

Түпкілікті дәлелденген ақиқаттарды біртіндеп жинау жолымен ғылымның дамуын бейнелейтін ескі ұғымға қарама-қайшы, жаңа ұғымның ғылыми кеңесі әрбір жаңа ірі түрлендіруде қайта құруды шамалайды. Бұл соқпақта біз көбіне ғылымның алдыңғы даму кезеңінде терістелген болжамды ережелерге көтеріңкі негізде қайта айналып оралып отырамыз. Ньютонның эмиссиондық жарық теориясы толқынды теориямен терістеледі де, осы терістеліп кеткен эмиссиондық жарық теориясы енді кванттық теорияда мүлдем өзге формада қайта өркендеді. Мұнда философия тек түйсіну кезеңінде ғана емес, сондай-ақ түсіну синтезінде де көрінеді. Қазіргі заман теориялары бөлшектер мен толқындардың бігіспес ұғымдарын бігістіреді де, бұл бігісулер электрондық микроскопта тәжірибелік жарқын қолдану табады.

Адамзат деректерінің сан алуан түрлілігі санкилы негіздермен сыныптала алатын талаптарымен әдістердің, сонымен қатар ғылыми тәжірибелік және материалдық қызмет түрлеріне айрықшалап алған дұрыс. Бүгінгі күні әдістер мен әдістеме жүйесі тек ғылыми таным саласымен шектеліп қана қоя алмайды, ол мұндай шектеулерден асып түсіп, өзінің ауқымды тәжірибе саласын да қамти алуы тиіс. Мұндай жағдайда бұл екі түрлі салалардың өзара тығыз әрекеттесуін мұқият назарға алу қажет.

Ғылымның әдістеріне келетін болсақ оларды белгілі бір топтарға бөлуге бірнеше негіздер бар. Осылайша, орыны мен роліне байланысты ғылыми таным барысында формальды және мағыналы, эмпирикалық және теоретикалық, фундаментальды негізін қалаушы және қолданбалы, зерттеу және баяндау т.б. әдістерді ерекше айрықшалап көрсетуге болады. Ғылымның объектілерінің мәні жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың әдістерін айрықшалауға қызмет етеді. Өз кезегінде жаратылыстану ғылымдарының әдістері өлі табиғат пен тірі табиғатты тану т.б. әдістеріне бөлінеді. Сонымен бірге сапалық және сандық, бір мағыналы детерминистік және ықтималдыдық, тікелейлік және жанама танымдар әдістеріне де таралады.

Қазіргі заман ғылымында әдістемелік көп деңгейлік тұжырымдамасы айтарлықтай жемісті «жұмыс жасауда». Бұл ауқымда ғылыми танымның барлық әдістерін жалпыламалығы және қолдану кеңдігі дәрежесіне қарай келесідей негізгі топтарға бөлуге болады.

1. Философияның әдістері. Олардың ішінде диалектикалық немесе метафизикалық әдістер ең көнелері болып табылады. Мәні жағынан алып қарағанда әрбір философиялық тұжырымдама әдістемелік міндеттерге ие ойшылдық қызмет түрінің өзіндік әдісі болып табылады. Сондықтан да философиялық методтар аталған екі әдістермен ғана

тылып қоймайды. Олардың қатарына сондай-ақ талдау (қазіргі заманғы талдау философиясына тең), интуитивті, феноменологиялық, герменевтикалық (ұғыну) т.б. жатады.

Философиялық әдістер – бұл қатал белгілі ізденушілер тізімі ғана емес, бұл операциялардың, тәсілдердің, жалпылама, әмбебап сипатқа ие, яғни, абстрагирлеудің ең биік «қабаттарында» тұратын «жұмсақ» қағидалар жүйесі. Сондықтан да философиялық методтар зерделі логика мен тәжірибелеудің қатал терминдерінде бейнеленбейді, ол формалдануға және математизациялауға келмейді.

Философиялық әдістер зерттеудің ең жалпылама реттілігіне, оның басты пәндік тәсілдемесіне бейім, дегенмен де, арнайы әдістердің орнын ауыстырмайды, танымның түпкілікті нәтижесін тіке және жанама белгілемейді.

2. Зерттеулердің жалпы ғылыми әдіс-тәсілдері. XX ғасырдың ғылымында кең түрде дамып, кең түрде тараған қолданымға ие болды. Олар философия мен арнайы ғылымдардың негізін қалаушы теориялық әдістемелік ережелерінің «аралық әдістемелері» ретінде көрінеді. Жалпы ғылыми ұғымдарға көбіне «ақпарат», «үлгілеу», «құрылым», «міндеттік», «жүйе», «элемент», «барыншалық», «ықтималдылық», т.б. ұғымдарын жатқызамыз.

Жалпы ғылыми ұғымдарға тән сипаттарға біріншіден, олардың жекеше қасиеттеріндегі сипаттарындағы, жеке ғылымдар қатарындағы ұғымдардың және философиялық санаттардың маңызындағы «балқымалылық» тән. Екіншіден олардың формалдануының, математикалық теориялармен нақтылануы және зерделік логикасының рәмізділігінің мүмкіндігі сипаттармен ерекшеленеді [3, 9-10].

Егер философиялық санаттар жалпылықтың нақты жалпыламалық сынды барынша ықтимал деңгейлерін бойына сіңіре алған болса, ал жалпы ғылыми ұғымдар үшін абстракты – жалпы (бірдей) ұғымы сипатының тән болуы, оларды абстрактілі-формальды құралдармен жеткізуге мүмкіндік береді.

Жалпы ғылыми ұғымдар мен тұжырымдамалардың негізінде танымның сәйкес әдістері мен қағидалары қалыптасып, философияның арнайы – ғылыми білімімен және өзара әрекеттесу байланысымен қамти алады. Жалпы ғылыми қағидалар мен тәсілдердің қатарына жүйелік және құрылымдық – міндеттілік, кибернетикалық, ықтималдылық, үлгілеу, түрлеу т.б. көптеген өзге түрлері де жатады.

Соңғы уақытта синергетика секілді жалпы ғылыми пән түрі тым шапшаң даму үстінде. Синергетика кез-келген жаратылыстың, табиғаттың, әлеуметтік когнитивті (танымдық) бүтіндей ашық жүйелерінің дамуы және өзін-өзі ұйымдастыруы. Синергетиканың негізгі ұғымдарының ішінде «пәндік», «хаос», «түзулік емес», «белгісіздік», «тұрақсыздық», «диссипативті құрылымдар» т.б. секілді

ұғымдары етек алуға. Синергетикалық ұғымдар әсіресе «болмыс», «даму», «көтерілу», «уақыт», «бүтін», «кездейсоқтық», «мүмкіндік», т.б. ұғымдары өзара тығыз байланыста және бірқатар философиялық санаттармен біте қайнасып кеткен.

Жалпы ғылыми әдістердің маңыздылығы «аралық сипатына» сай (сондай-ақ, сәйкес әдістеріне қарай), олар философиялық және жеке ғылыми білімдерін өзара өтпелілігін жанамалайды. Біріншісі таза сыртқы, жанама маңызымен екіншісіне сай келмейді. Сондықтан да, тез арада «қырағы түрде» арнайы – ғылыми маңызын философиялық санаттар тілінде кескіндеудің тиімділігі төмен және бұлай ету дұрыс бола бермейді.

3. Жеке ғылыми әдістер – әдістердің, таным қағидаларының, зерттеу тәсілдері мен материя қозғалысының негізгі формасына сай келетін, қандай да бір ғылымда қолданылатын бағыттарының өзіндік жинағы. Бұл механика, физика, химия, биология, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың әдістік түрлері.

4. Пәндік әдістері. Қандайда бір ғылым саласына жататын немесе ғылымдардың текетіресуінен туындайтын қайсыбір ғылыми пәнде қолдануға келетін тәсілдердің жүйесі. Әрбір фундаментальды ғылым өзінің ерекше пәніне ие және өзінің өзіндік зерттеу әдістеріне ие пәндік кешенін білдіреді.

Осылайша әдістеме белгілі бір, тіпті «аса маңызды әдіске» тіреліп қоя салмайды. Ғылым ешқашан белгілі бір жалғыз ілімге сүйеніп, өзінің ойлау әдістерін жалғыз философия әдісімен шектеп қоймауы тиіс. Әдістеме сонымен қатар жеке әдістердің, олардың «механикалық бірліктерінің», қарапайым жиынтығы емес. Әдістеме – күрделі, қарқынды, бүтін әдістердің, тәсілдердің, түрлі деңгей қағидаларының, әрекет салаларының, бағыттылығының, эвристикалық мүмкіндіктерін, маңызының, құрылымының т.б. субординделген жүйесі [4, 136-138].

Ғылымның дамуы – әсіресе қазіргі кезде – математика танымның әрекет ететін құралы екендігін көрсетеді. Математикаландырудың тиімділігі, яғни жеке ғылымдардың түрлі мазмұндарына сандық ұғымдар мен формальдық әдістердің қолданылуы екі негізгі жағдайға байланысты болады: осы ғылымның ерекшелігіне, оның жетілу деңгейіне және сол математикалық аспаптың жетілуіне. Соңғысына тоқталып көрейік.

Математиканың даму қажеттілігі, ғылымның әртүрлі салаларын белсенді түрде математикаландыру, тәжірибе қызметінің көптеген салаларына математикалық әдістердің енуі және есептеу техникасының қарқынды дамуы – осының барлығы жаңа математикалық пәннің пайда болуына соқтырады. Мысалы, ойындар теориясы, ақпараттар теориясы, графтар теориясы, дискретті математика, оптималды басқарудың теориясы және т.б.

Тұтастай жүйелілік және эволюционның әдістеріне бірігетін әмбебап эволюционизм принциптерінің негізінде әлемнің жалпы ғылыми бейнесін қалыптастыруға ұмтылуда қазіргі жаңа бағыт [5, 215].

Эволюциялық пікірлердің пайда болуының ұзақ тарихы бар. XX ғасырдың өзінде олар геологияда, биологиямен білімнің өзге де салаларында пайдалана бастады. Дегенмен біздің күнімізге дейін эволюцияның принципі қатты байқала қойған жоқ. Өйткені ұзақ уақыт бойы физика өзінің тарихында анық түрде даму принципінің негізгі постулаттарын қосқан жоқ.

Әлемдегі эволюция үрдістерінің әмбебаптығы жөніндегі пікірлер заманауи ғылымда, жаппай эволюционизмнің тұжырымдамасында іске асады. Соңғы биологияда, астрономияда және геологияда, ақиқаттың барлық салаларында негізін салған эволюциялық пікірлердің экстраполяциясын қамтамасыз етеді. Жаппай эволюционизмнің пікірі кейінгі классикалық ғылымды жаратылыстану сынаушыларының ойлаудың философиялық тәсіліне көшу үрдісін көрсетеді, ондағы негізгі принцип тарихилық принципі болып табылады.

Көптеген жаратылыстану пәндері әмбебап эволюционизмнің негізіне өз үлестерін қосты. Бірақ оны нақтылауға айқындаушы мен XX ғасыр ғылымындағы үш маңызды тұжырымдамалық бағыттар орнады: біріншіден стационарлық Әлем; екіншіден синергетика; үшіншіден, биологиялық эволюцияның теориясы және оның негізінде дамыған биосфера мен ноосфераның тұжырымдамасы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасабек А. Ғылым философиясы. Алматы, 2006.
2. К.Н.Әлікенова. Ғылым тарихы мен философиясы. Талдықорған, 2012.
3. Қасабек А. Тарихи-философиялық таным. Алматы, 2002.
4. Қасабек А. Кісі болмысы: әлеуметтік қызмет көріністері. Талдықорған, 2014.
5. Изотов М.З. и др. Наука в Казахстане: история и современность. Алматы, 2006.

ӘОЖ 9(571) 333.16

## ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ХАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ

Сантаева Күлімкөз Теңізбайқызы, т.ғ.к., доцент

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ. samgat\_aneka@mail.ru

*В данной статье рассматриваются письма видного общественного деятеля Турара Рыскулова как источник по истории Казахстана. Письма Турара Рыскулова раскрывают трагедия голода 20-30-х годов XX века.*

*Бұл мақалада Т.Рысқұловтың хаттары Қазақстан тарихының дерек көздері ретінде жан-жақты қарастырылады. Қазақ халқы ашаршылыққа ұшырап жатқанда аштыққа араша түскен қазақтың бір туар ұлы - Тұрар Рысқұлов. Тұрар Рысқұловтың хаттары аштық ақиқатын білуде тарихи дерек көзі болып табылады.*

*This article stresses in letters of a prominent public figure Turar Ryskulov as a source on the history of Kazakhstan. Letters of Turar Ryskulov disclose the tragedy of hunger 20-30 years of the twentieth century.*

*Кілттік сөздер: «қызылтабан шұбырынды», ашаршылық, босқыншылық, отырықшыландыру, «рысқұловишылдық», геноцид.*

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясының І бөлімнің І-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген[1]. Бірақ, осы ең қымбат қазына - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдардан бастап аяққа тапталып, қазақ халқы «қызылтабан» шұбырындыға ұшырады. Орталық Комитет жүргізіп отырған сталиндік-голощекиндік аграрлық реформаның нәтижесінде миллиондаған қазақ халқы қырылып, аштыққа ұшырап, туған жерін тастап, босып кетуге мәжбүр болды. Бұған дәлел, осы кезеңді жан-жақты зерттеп жүрген тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков «қырылған қазақтың санын 2 млн 300 мың, ал осы жылдары Қазақстан шекарасынан шығып, босқыншылыққа ұшыраған халықтың саны 1 млн. 31 мың, олардың 165 мыңы бұрынғы КСРО шекарасынан әрі асып Қытайға, Монғолияға, Ауғанстанға, Иранға, Туркияға өтіп кеткен. Сөйтіп туған жерлеріне қайтып орала алмаған. Ал көрші республикаларға Ресейге қоныс аударып, орнығып қалғандар саны 450 мыңдай», - деп көрсетеді[2]. Тарихта 1931-1933 жылдардағы шығын



халқымыз үшін мұның алдында болған 1916 -1921 жылдардағы күйзеліс кезіндегі шығындардан 3 есе дерлік, ал 1941-1945 жылдардағы Ұлы отан соғысының шығынан 6 еседен астам көп болды.ХҮІІІ ғасырдағы «Ақтабан-шұбырындының» шығындарынан жалпы саны жағынан 2,2 есе асып түскен [3]. Қазақ халқы ашаршылыққа ұшырап жатқанда аштыққа араша түскен қазақтың бір туар ұлы - Тұрар Рысқұлов. Тұрар Рысқұловтың хаттары аштық ақиқатын білуде тарихи дерек көзі болып табылады. Тұрар Рысқұловтың ең соңғы жоғары қызметі РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болған кезі еді. Бұл қызметте 1926 жылдың мамыр айынан бастап, 11 жыл бойы, яғни 1937 жылдың мамыр айына дейін, жала жабылып, жазықсыз «Халық жауы» деп атылғанға дейін болды[4]. Тұрар Рысқұловтың РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары қызметінде жүріп, аштан қырылып жатқан қазаққа араша түсті. Егер Тұрар Рысқұлов болмаса, қазақ халқы бұл аштықтан аман қалар ма еді деген ой келеді. Аштыққа араша түскен «Бесеудің хаты» олар Ғ.Мүсіреповтың, М.Ғатаулиннің, М.Дәулетқалиевтің, Е.Алтынбековтың, Қ.Қуанышевтың Ф.Голощекинге хаты.4 шілде, 1932 жыл [5], О. Исаевтың И.Сталинге хаты. Тамыз,1932ж[5. 23-37бб.], Тұрар Рысқұловтың И.Сталинге хаты. 29 қыркүйек 1932ж[5. 38-54бб.], Тұрар Рысқұловтың Л. Мирзоянға хаты. 11 наурыз, 1933ж[5. 55-56бб.], Тұрар Рысқұловтың И.Сталинге хаты.9 наурыз,1933ж[5.56-90бб.], Л. Мирзоянның И.Сталинге және В. Молотовқа хаты.29 наурыз,1933ж[5. 91-95бб.], Тұрар Рысқұловтың Л. Мирзоянға хаты. 9 қыркүйек, 1933ж[5. 96-99бб.], «Алтаудың хаты» БК(б)П Орталық Комитеті Сталинге; көшірмесі; БК(б)П Казрайкомы-ж. Мирзоянға[6], 24 қараша 1933 жылдардағы хаттары «Қазақстандағы ашаршылықты Орталық білмей қалыпты» дейтін дәйексіз қауесеттің негізсіздігін дәлелдейтін құнды дерек көзі болып табылады. Тұрар Рысқұлов 1932 жылдың 29-қыркүйегінде Сталинге бірінші хатын жазды. Бұл хатта Қазақстанда мал шаруашылығын қалпына келтіру шаралары туралы өз ұсыныстарын айта келе, «Қазақстанда 1928 жылғы 32 млн бас малдан (қазақ органдары тіпті 40 млн-ға дейін болды деп есептеуде), қазіргі уақытта (1932 жылғы ақпанда жүргізілген Бүкілодақтық мал сандарын есепке алғанда) 5397 мың бас мал қалған, яғни ол 83 процент кеміп кеткен (оның ішінде - 88 процент, сиыр - 86 процент азайған) » - деп көрсетеді [5]. Өз ұсыныстарында « ә) қазақ халқына үлестіріп беру үшін 1933 жылдан бастап 3 жыл бойына көршілес шығыс елдерінен (Батыс Қытай және басқалары) жыл сайын 1 млн қой сатып алу белгіленсін, бұл шара – екі жыл өткеннен кейін халықтың осы қойларды мемлекетке қайтарып беруін шарт етіп қойып, Қазақстанда қой шаруашылығының базасын қалпына келтіру мақсатында жүргізілуге тиіс; б) қайтарып беру жөніндегі нақ әлгіндей шартпен 1933 жылдың көктеміне қарай Қазақстандағы совхоз жүйесінен 200 мың қой беру

керек (өндірістік мақсаттар үшін); в) қазақ халқынан (өз еркі бойынша) қаржы жинап, мемлекеттік органдар арқылы ССРО-ның басқа аудандарынан немесе көрші шығыс елдерінен қой және басқа да мал сатып алып, оны қазақтарға жеткізіп беру керек (мұнда нақты мүмкіндіктер көп); г) Қазақстанмен шектес өлкелер мен республикаларды өздерінің территорияларына қоныс аударып барған қазақтарды (ең алдымен балаларды) қыстың жақындап қалғанына байланысты баспаналарға орналастырып, жұмысқа жарамдыларына жұмыс тауып беруге, жергілікті қорлардан азық-түлік жәрдемін көрсетуге міндеттеу керек» [5,44-45 бб.] - деп өз халқына тез арада көмек көрсетуді міндеттеді. Осы хатында қазақтарды отырықшыландыру туралы мәселеге тоқталып, өз ұсыныстарын да білдірді Орталық Комитеттің жүргізіп отырған көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру саясатының жергілікті жерде іске аспай отырғандығын айтып, ондағы қателіктерді баса көрсетті. Осы хатта «отырықшылыққа көшкен 200 мыңға жуық қожалықтың жәй-күйі мына төмендегіше сипатталады (РСФСР Егіншілік халық комиссариатының арнаулы бригадасы зерттеп анықтаған деректер бойынша) шынында да, егістік көлемі айтарлықтай өсіп отыр, бірақ өнімділігі өте төмен және жердің құнарсыздығы мен ылғалдың жетіспеушілігі салдарынан кейбір жерлерде егін шаруашылығының тиімсіздігі байқалуда. ... Тұрғын үйлер мен мал қораларының басталған құрылыстарының көбі аяқталмаған, біразы құлап жатыр. ... Отырықшылыққа көшуге бөлінген толып жатқан мекен-жайлар жауын-шашынның аздығы мен суландыру мүмкіншілігінің жеткіліксіздігі себепті егін шаруашылығы үшін тиімсіз, соған қарамастан мұндай жерлерде мал шаруашылығын екінші орынға ығыстырып, дәнді-дақылдар өсіруге тырысуда. 1932 жылы отырықшылыққа көшірілетін 19 мың шаруашылық қызылша егумен және 60 мың шаруашылық мақташылықпен шұғылдануға тиіс. Осының бәрі негізінен алғанда тікелей мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда мал шаруашылығының мүдделерін елемеушілікті көрсетеді»[5, 46-47 бб.]. Мал шаруашылығы екінші бесжылдық жоспарына да жан-жақты тоқталып, оны да сынға алады. Онда БК (б) П Қазақстан Өлкелік комитетінің екінші бесжылдық туралы 1932 жылғы 28-шілдедегі шешімдерінде мал шаруашылығы жөніндегі міндеттер туралы мүлде аз айтылғандығын айта келе, қазақ халқы үшін келеңсіз жағдайдың дұрыс жолын көрсетеді. «Өлкелік комитеттің екінші бесжылдық туралы 1932 жылғы сәуір айындағы шешімінде өсімтал шошқа, үй қояны мен құс жөнінде де дәл осы жайт атап көрсетілген: ал қазақ Өлкелік комитетінің үй қояны шаруашылығы туралы 1932 жылғы 15- мамырдағы арнаулы қаулысында тура былай деп ұсынылады: «Өлкелік комитет қазақ ауылында үй қояны шаруашылығын кеңінен енгізу қажеттігін ерекше

атап көрсетеді» дұрыс, бұл жұмысты өрістету керек, алайда, қазақтар әзірге шошқа шаруашылығымен айналыспай отырғаны үй қояндары дегеннің не екенін білмейтінін, сондықтан оларды отырықшы жерлерде өсіру керектігін және құсты да отырықшы жерлерде өсіруге болатынын ескеру керек. Ал басқа түліктер жөніндегі орасан зор мүмкіндіктер ауызға да алынбайды. Мысалы, шошқадан соңғы (егер үй қоянын айтпасақ) ең өсімтал түлік - қой туралы айту керек еді, ол 1 жыл ішінде толық салмағына жететін, еті майлы және жүні мол, далалы жерде өсіруге бейім сондықтан еліміздің ет пен жүнге зәру болып отырғандығына байланысты осы түлікке баса назар аудару керек және басқа да негізгі түліктер жөніндегі міндеттерді де осылайша белгілеу керек еді» [5, 51-52 бб.] - деп қазақ халқы үшін тиімді шаруашылықтың түрін дамытуды ұсынады. Бірақ өкінішке орай Тұрар Рысқұловтың жоғарыда айтылған құнды пікірлері Орталық Комитеттің назарынан тыс қалды. Кейінгі бесжылдықтарда жетпіс жыл өмір сүрген Кеңес үкіметінің тұсында да қой шаруашылығына қарағанда шошқа мен құс шаруашылығына баса назар аударылып, осы шаруашылық кең түрде дамытылды. Сөйтіп қазақ ауылдары қойдың орнына шошқа мен құс өсірді. Тұрар Рысқұлов 1933 жылы 11-наурызда БК (б) П Қазақстан Өлкелік Комитетіне - Л.Мирзоян жолдасқа хат жолдайды. Ол хатында Л. Мирзоянды Қазақстанда болып жатқан жағдайлармен таныстыра келе, хатты жазудағы мақсатым «Бұл мәселеге басшы жолдастардың назарын жете аударып, Қазақстанға көмектесу. Сіз мені Қазақстанның ішкі істеріне қол сұққысы келді деп ойлап қалмаңыз, мен қойып отырған мәселе тек Қазақстан тұрғысынан ғана емес сонымен бірге жалпы мемлекет тұрғысынан да айрықша маңызды болғандықтан, бұл мәселе жөнінде БК (б) П Орталық Комитетіне жазып отырмын, сіз осы мақұлдау хатпен танысып, онда айтылған ой-пікірлерді ескереді деп үміт етемін» - деп, 1933 жылы 9 - наурызда БК (б) П Орталық Комитетіне – Сталин жолдасқа көшірмесі БК (б) П Орталық Комитетінің ауыл шаруашылық бөліміне – Каганович жолдасқа, ССРО Халық Комиссарлар Советіне Молотов жолдасқа хат жолдайды. Бұл хатта Қазақстандағы болып жатқан ашаршылық апатын өз атымен атап қазақтардың 1931 жылдың аяқ кезінен бастап өз қонысын тастап, бір ауданнан - екінші ауданға және Қазақстаннан тыс жерлерге босып кеткен, көктемге қарай бұл босу, ауа көшу күшейе түскендігін айтып 1932 жылдың жазында қонысынан ауғандардың бір бөлігі яғни шет жаққа босып кеткендер туған елге қайта оралып, өршіп тұрған аштықты көрген адамдар осы қонысынан қайта ауа көшуге, ел ішіндегі сендей соқтығысып жүрген босқындардың жағдайы туралы хабарлайды. Хатта: «Аштық пен індеттің салдарынан бірқатар қазақ аудандарында және қонысынан ауғандар арасында адамдардың қырылып жатқаны сонша, бұл мәселе орталық органдардың шұғыл араласуын қажет етіп отыр.

Қазақстанда қазақ халқының белгілі бір бөлігі душар болған мұндай мүшкіл жағдай өзге өлкелердің не өзге республикалардың ешқайсысында жоқ. Қонысынан ауғандар көршілес өлкелерге және Ташкент, Сібір, Златоуст темір жолдары бойына өздерімен бірге індет апарып таратуда. Совет жолымен белгіленген ішінара шаралармен мәселе шешілетін емес. Орталық Комитеттің қаулысы бойынша, дер кезінде бөлінген азық-түліктің едәуір бөлігі тиісті жеріне жетпеген. Бұл мәселенің маңызы зор болғандықтан, Сіздің осы хатпен танысып, аталмыш жайға араласуыңызды, түбіне аштық жеткелі тұрған көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуға көмектесуіңізді өтінемін» - деп [5, 56 б.]. Сталиннің өзінен аштыққа араша түсуін өтінеді. Осы хатта қонысынан ауған қазақтардың саны және олардың жағдайы туралы құнды деректер келтіреді. Онда «Қонысын тастап Қазақстанмен көршілес өлкелерге көшкен қазақтардың мекен-жайларынан келіп түскен, шамамен алынған соңғы деректерге қарағанда, қазір Орта Еділде - 40 мың, Қырғызстанда - 100 мың, Батыс Сібірде – 50 мың, Қарақалпақстанда - 20 мың, Орта Азияда -30 мың қазақ бар. Қонысынан ауғандар Қалмақ жеріне, Тәжікстанға, Солтүстік өлкеге және басқа осы сияқты шалғай жерлерге де көшіп кетті. Біраз бөлігі Батыс Қытайға ауа көшті. Қазақтардың бұлайша орталық аймақтарға қарай ауа көшуі Қазақстанда бұрын – соңды байқалмаған құбылыс. Бұл – қазақтардың жай көші-қоны (әдетте жаз айларында қолындағы бар малын жайлауға шығарып, өріс ұзартқаны сияқты) емес, көп ретте аш адамдардың талажау іздеп, басы ауған жаққа кетуі. Кейбір аудандарда қонысынан ауғандардың саны сол аудандарда тұратын барлық қалықтың 40–50 процентіне дейін жетеді» [5,57 б.] - деп қазақтар арасында 1932 жылдан бастап белең алған аштық пен індет осы қонысынан ауудың және қазақ қожалықтарының шаңырағы шайқалуының ең кесепатты зардаптары, жаз айларында біраз саябырсыған аштық пен індет қазір қайтадан сұрапыл өршіп отырғандығын 1933 жылдың көктемінде қазақ аудандарында және қонысынан ауғандар арасында яғни босқындар арасында ашаршылық пен індет салдарынан адам өлімі өте көп болғандығын айтады. Көрші елдерге Батыс Сібір, Қырғыз жеріндегі мыңдаған қазақтың сендей соғылысып жүргенін, олардың арасында жұқпалы ауруларға шалдыққандардың көптігін және өлім-жітімнің аз еместігін, олардың арасында күн сайын 15-20 адам (көбі балалар) өліп жатқанын хабарлайды. Қонысынан ауғандардың хал-жағдайы Қазақстанның өз ішінде де мәз емес. Көптеген қалалар (Әулиеата, Шымкент, Семей, Қызылорда және т.б.) мен теміржол станцияларында өлген қазақтардың мәйітін күн сайын қала сыртына алып кетіп жатқандығы, Шу ауданында, аудан орталығы Ново – Тройцк селосында күн сайын 10-12 қазақ өліп отырған, Сарысу ауданындағы 7 мың қожалықтан тек 500-дей қожалық қалған, өзгелері Әулиеатаға және басқа аудандарға көшіп кеткен. Алапат

аштық алқымнан алғанда, қазақ халқы «Қызылтабан шұбырындыға» түсті. Олардың көбі көмусіз, ит құсқа жем болып, төбе-төбенің арасында қырылып жатты. Шарасы қалмаған «әйелдер балаларын суға лақтырды. Осы хатта «Қазақтардың жаппай қырылып жатқанына аудандық ұйымдардың енжар қарап, араласпай отырғаны» ашып айтылған [5,59 б.]. Қазақ халқының саны жағынан әр жерде әр қалай қырғынға ұшырап жатқандығы жөніндегі деректерді мұрағат құжаттары да дәлелдейді. Бұл аштықтың ең ауыр қасіреті – өмірге ұрпақ әкелетін аналармен, жас жеткіншек балалардың көп қырылуы. Осы хатта «Қоныстарынан ауғандардың көпшілігі балаларын тағдырдың тәлкегіне тастап кетуде. Өзге өлкелерге қоныс аударғандардың өздері бірге балаларын ала келгендері некен-саяқ. Қазақстанның қалалары мен теміржол станцияларында қаңғып қалған панасыз балалар қаптап жүр. Қазақ әйелдері балаларын мекемелер мен үйлердің алдында тастап кетуде. Қазақ органдары 1932 жылдың аяғында панасыз қалған тағы да 50 мың қазақ баласының ешқайда орналастырылмағанын ресми түрде хабарлады. Қазақстандағы балалар үйіне панасыз қалған жетімдер сыймай жатыр және олардың арасында өлім көп... Бала атаулыға мүлдем құрып кету қаупі төніп тұр» [5,61 б.] – деп хабарлайды. Міне, Кеңес үкіметінің солақай саясатының кесірінен Қазақстанда социалистік қоғам орнатамыз деп, қазақ халқы аштыққа ұшыратып, қазақ даласында бұрын-соңды болмаған «балалар үйі» дәл осы кезде пайда болды. Қазақ халқының аштан қырылып, қонысын тастап ауа көшуінің басты себептерінің бірі – қазақтың күн көріп отырған тіршіліктің мәні болған, қазақтың қолындағы бар байлығы-малын тартып алу еді. Осы хатта мал басының кеміп кетуі туралы нақты деректер келтіреді: «1932 жылғы ақпан айында жүргізілген (екінші рет қайта тексерілген) Бүкілодақтық мал санағының мәліметтеріне қарағанда Қазақстанда 1928-1929 жылдардағы 40 млн бас малдан санақ кезінде 5397 мың бас мал қалғаны, яғни мал басының 85,5 процент кеміп кеткені анықталды» [5,66б.]. Т.Рысқұлов Қазақстандағы жағдайды ССРО-дағы жағдаймен салыстыра отырып талдайды. Соның ішінде 1931 жылғы ақпаннан - 1932 жылғы ақпанға дейінгі аралықта мал басы 55 процент кеміген, ал бұл жылы ССРО-да жалпы мал басының кемуі 16,7 процент болған. Қазақстанда санақ қарсаңына дейін жалпы мал басының 80 проценті қоғамдастырылса, ал ССРО-да бұл уақыт ішінде не бары 33 проценті ғана қоғамдастырылған. Жоғарыда айтылған, 5397 мың бас малдың 37,6 проценті совхоздардың үлесіне тиген. Ал ССРО бойынша совхоздардағы мал саны барлық малдың 9 проценті ғана екен, қалған малдың 1559,9 мыңы, яғни 28 проценті қазақтардың меншігінде болған, ал 1928 жылы Қазақстандағы малдың 80 проценті қазақтардың меншігінде еді. Тұрар Рысқұлов өз хатында алапат аштық жылдарындағы асыра сілтеушіліктермен көз бояушылықтарға тоқталып,

жергілікті жерлерде партияның колхоз құрылысы жөніндегі бірқатар нұсқаулары өрескел бұзылып сорақы асыра сілтеушіліктерге жол берілуі негізінен мал басының кеміп кетуіне және қазақтардың қоныстарын тастап ауа босуына, ашаршылыққа әкеліп соқтырғандығын айтады. Асыра сілтеушіліктерге себеп болған негізгі жайттарға да тоқталады: «Коллективтендіру мен малды қоғамдастыруда жоғары процент қуушылық жерді бірлесіп өңдеу серіктіктерін жойып, мал шаруашылығымен шұғылданатын аудандарда барлық жерде бірдей артельдер, тіпті коммуналар ұйымдастыруға, шамадан тыс алып колхоздар ұйымдастыруға әуестенушілік» [5,696.] - деп көрсетеді. Осынау ел басына күн туған ауыр күндерде қазақ халқының жоғын жоқтап, сөзін сөйлейтін ел азаматтары ауадай аса қажет болды. Осындай ел қамын ойлаған азамат – Тұрар Рысқұлов еді [7]. Бірақ, Кеңестік тоталитарлық жүйе ұлт басындағы халық мүддесі үшін күрескен ұлыларды «жіктердің көсемдері» етіп, соның негізінде түрлі «шылдықтарды» ойлап шығарды. Солардың бірі – Рысқұловшылдық. «Рысқұловшылдық» деген терминді 1920 жылы, құрамында Ф.Голощекиннің өзі де болған Түріккомиссия енгізді. Барлық билікті уысында ұстаған орталық Ресейдің Түркістан республикасындағы шовинистік отарлау саясатынан өз ұлтын қорғап қалуға ұмтылысы «рысқұловшылдық», «жергілікті ұлтшылдық» болып айыпталды [8].

Халқының қамын ойлап, Орталық Комитетке қызмет еткен Тұрар Рысқұлов «пантүрікшіл», «халық жауы» деген айыппен 1937 жылы тұтқынға алынып, 1938 жылдың 10-ақпанында атылды [9]. Сталиндік репрессияның құрбаны болған - Тұрар Рысқұловтың жамбасы тиген жер анықталып, режиссер Ерік Рақышев Москва түбіндегі НКВД-ның Коммунарка нысанынан табылды деген мәлімет келтіріледі. Кезінде атынан ат үркетін НКВД-ны билеп төстеген Генрих Ягоданың саяжайы болған екен. 1936 жылы Ягода ұсталып, атылып кеткен соң, қызыл жендетті өзінің саяжайына жерлейді. Содан бері бұл мекен репрессия құрбандарын көметін зиратқа айналған. Әрбір ағашының түбінде бір-бір мәйіт жатқан Коммунарканың құпия аты – Лоза. 1999 жылға дейін жабық нысан болып келді. Кейіннен бұл аймаққа шіркеу салынып, барлық мәлімет өлгендерді іздейтін мемориал қорына берілді [10]. Енді міне, бабамызды атқан жерді, сүйегі жатқан жерді білетін болдық. Белсенді азаматтар білек сыбана кіріссе, Рысқұловтың да мәйіті Атамекен - қасиетті топырағына оралар күн алыс емес шығар деген ойдамыз. Қорыта айтқанда, Тұрар Рысқұлов ұлт жанашыры болды, оның бүкіл саналы өмірі ұлт мүддесі жолындағы жалынды күреспен өтті. Оның ой-пікірі мен қажыр-қайраты ешқашанда халыққа қарсы бағытталған жоқ, ол туған халқының арман-тілегімен, мұң-мұқтажымен өмір сүріп, күрес жүргізді. Ал оның қасіретті жылдарда жазған хаттары бүгінгі Қазақстан тарихын зерттеуде нағыз дерек көзі болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://www.constitution.kz/kaz/bolim1/>
2. Омарбеков Т. Тарихпен өрілген тағдыр. – Астана: 2007 – 460 б.
3. Махат Д.А. Қазақстандағы тоталитаризм және саяси қуған-сүргін тарихы. – Астана: 2006. – 208 б.
4. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық – саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: 1994. – 448 б.
5. Қазақ қалай аштыққа ұшырады: (Қасіретті жылдар хаттары), Құрастырған С.Әбдірайымов, И.Н.Бухонова, Е.М. Грибанова, Н.Р. Жағыпарова, В.П. Осипов. – Алматы 1991 – 208 б.
6. Алтаудың хаты. // Қазақ тарихы. 1995. – №3 – 49-51бб.
7. Қойгелдиев М, Омарбеков Т. Тарих тағылым не дейді? – Алматы: 1993. – 208 б.
8. Махат Д.А. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: 2001. – 304 б.
9. <http://alashainasy.kz/culture/28464/>
10. <http://alashainasy.kz/culture/33833/>

## ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ

### РЕГИОНАЛЬНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ «РАЗМЫШЛЕНИЯ У ПОДНОЖИЯ УЛЫТАУ»

1 октября 2014 года в Жетысуском Государственном университете им.И.Жансугурова состоялась региональная конференция **«Размышления у подножия Улытау».**

Цель конференции: Реализация плана мероприятий по развитию основных направлений отмеченных в интервью Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А. Назарбаева «Размышления у подножия Улытау».

Со вступительным словом на пленарном заседании выступил проректор по ОЭ и ПВ ЖГУ им.И.Жансугурова, д.ю.н., профессор Е.Ш. Дусипов и пожелал участникам конференции творческой и плодотворной работы.

На пленарном заседании региональной конференции присутствовали приглашенные гости: первый заместитель председателя Талдыкорганского филиала «Нур Отан» Ахметова А.Т., начальник управления внутренней политики по Алматинской области Ермекбаева Г.О., также на заседании были заслушаны доклады профессорско-преподавательского состава университета, д.ф.н. профессора, академика НАН РК Касабека А., д.ф.н., профессора Имангазинова М.М., к.и.н., доцента Сантаевой К.Т.





## МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ



24-25 октября 2014 года на базе Жетысуского государственного университета имени Ильяса Жансугурова при поддержке Министерства образования и науки РК проведена международная научно-практическая конференция **«Наука, образование и инновация – факторы реализации Стратегии «Казахстан – 2050»»**

Цель конференции - стратегия развития образования и науки в условиях глобализации, обсуждение актуальных вопросов развития образования, экономики, информационных технологий, гуманитарных, социальных, технических наук.

В работе международной научно-практической конференции приняли участие зарубежные ученые и преподаватели из Турции, Швейцарии, России, Беларуси, Узбекистана и др., представители вузов РК, акимат Алмапинской области.

В рамках конференции было проведено пленарное заседание «Наука, образование и инновация – факторы реализации Стратегии «Казахстан – 2050». Со вступительным словом на пленарном заседании выступил ректор ЖГУ им. И.Жансугурова, д.ю.н., профессор А.Е.Бектурганов и пожелал участникам конференции творческой и плодотворной работы. На пленарном заседании было заслушано 7 докладов, с докладами выступили ученые Стамбульского Университета, института имени Юнуса Эмре, Университета Фрибург, Омского государственного педагогического университета, Белорусского государственного университета культуры и искусства.

Гости и участники конференции отметили, что решение многих проблем развития научной и образовательной деятельности зависит от их эффективного взаимодействия и определили основные задачи современного этапа интеграции науки, образования и общества в Республике Казахстан.

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ**

**МАТЕМАТИКА**

<b>Байсалхан Г., Тасболатова Р.Б</b> БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМІНІҢ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	4
<b>Тасболатова Р.Б., Гетало Е.Н.</b> ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ В КУРСЕ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ .....	8
<b>Могильова В.В., Тойбазаров Д.Б.</b> МЕТОД АСИМПТОТИЧЕСКОЙ ЭКВИВАЛЕНТНОСТИ ДЛЯ НЕКОТОРЫХ КЛАССОВ СТОХАСТИЧЕСКИХ СИСТЕМ .....	18

**ПЕДАГОГИКА**

<b>Азанбекова Г.Т., Тажинова Г.А.</b> ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ.....	26
<b>Альменбетова Қ.Ж., Тугелбаева Ж.Н.</b> ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ПЕДАГОГИКА- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	32
<b>А.Н. Галиева, Г.Б.Ахметова</b> МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ .....	42
<b>Дүтбаева Л.Т.</b> ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ .....	48
<b>Малахова И.А.</b> МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ КАЧЕСТВА ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ .....	54

<b>Таубалдиева Ж.Ш.</b> ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АСПАПТА ОРЫНДАУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІНЕН .....	62
<b>Усенова А.К.</b> ДУАЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК ЭФФЕКТИВНЫЙ СПОСОБ ПОДГОТОВКИ КАДРОВ В КАЗАХСТАНЕ ...	72
<b>Чункенова С.С. Кожашева М.Қ. Алпысбаева Н.С.</b> ДЕФЕКТОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ РАННЕГО ДЕТСКОГО АУТИЗМА .....	78

### ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ

<b>Акмуллаева А.С., Мұратбек С., Нұрбаева А.</b> ТЕКЕЛІ АЙМАҒЫНДАҒЫ КЕЗДЕСЕТІН КАРАНТИНДІ АРАМШӨПТЕР ТҮР ҚҰРАМДАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫН АНЫҚТАУ .....	89
<b>Даутбаева А.Б.</b> ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ АҒЫНДЫ СУЛАРЫН СУАРМАЛЫ ЕГІНШЛІКТЕ ПАЙДАЛАНЫП ТАЗАРТУЫН ЖЕТІЛДІРУ .....	96
<b>Есенғабылов І.Ж., Баримбекова Г.Б.</b> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	101
<b>Жексенбай А.Т., Алмухамбетов С.С.</b> АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ КӘСПТІК ОҚЫТУ МАМАНДЫҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	106
<b>Идрисова А.Е.</b> СРАВНИТЕЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СОСТОЯНИЯ ВОДОИСТОЧНИКОВ АЛТЫНЕМЕЛЬСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ПРИРОДНОГО ПАРКА .....	113
<b>Идрисова А.Е.</b> СРАВНИТЕЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ВОДНЫХ РЕСУРСОВ ТЕРРИТОРИИ ЖОНГАР-АЛАТАУСКОГО	

НАЦИОНАЛЬНОГО ПРИРОДНОГО ПАРКА ..... 120

**Исабаев А.Т.**

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ  
АЛУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ..... 127

**Канагатова А.У.**

АЛАКӨЛ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҒЫНДА  
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ ..... 132

**Касеинова Г.И., Сеитова Г.А.**

ВЛИЯНИЕ БЕЛКОВОЙ ДОБАВКИ ИЗ МЯСА ПТИЦЫ  
НА ФУНКЦИОНАЛЬНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ  
ПОКАЗАТЕЛИ ФАРША ВАРЕНОЙ КОЛБАСЫ И  
БИОЛОГИЧЕСКУЮ И ПИЩЕВУЮ ЦЕННОСТЬ  
ГОТОВОГО ПРОДУКТА ..... 139

**Садуакасова Р.А., Нурбосынова Г.С.**

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ..... 145

**Турганова М.М., Сүлеймен Ж., Алимбекова К.Ж.**

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ – ЗАМАНАУИ ОҚЫТУДЫҢ  
БЕЛГІСІ ..... 152

**Турганова М.М., Төлегенов Е.Б.**

КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТАНДЫРУДЫ  
ДАМУДЫҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ..... 157

## ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

**Капарова И. Е.**

ЗНАЧЕНИЕ ПРОФИЛАКТИКИ ПРАВОНАРУШЕНИЙ  
ДЛЯ ПРАВОВОГО ВОСПИТАНИЯ И ВОПРОСЫ  
ФОРМИРОВАНИЯ ПРАВОВОГО СОЗНАНИЯ ..... 166

**Таужанова Р. Ж.**

ИНСТИТУТ ЗАЩИТЫ ПРАВ И СВОБОД ЧЕЛОВЕКА:  
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ..... 172

## ЭКОНОМИКА

<b>Абдибеков С.У.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫН ДАҒДАРЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ .....	181
<b>Абдибеков С.У.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ НЕСИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ .....	187
<b>Бексултанова М.Б., Шомшекова Б.К.</b> АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУШ САЛАЛАРЫНЫҢ ДАМУ ДЕНГЕЙІ .....	192

## ЯЗЫҚ И ЛИТЕРАТУРА

<b>Қасабек А.Қ.</b> ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	202
<b>Сантаева К.Т.</b> ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ХАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ .....	208

<p><b>ЖМУ ХАБАРШЫСЫ</b></p> <p>Ғылыми журнал 1997 жылы шыға бастады. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінде жаңадан тіркеліп, 2003 ж.12 қыркүйегінде №4188-Ж куәлігі берілген. ISSN 1813-1123</p>	<p><b>ВЕСТНИК ЖГУ</b> Научный журнал Издается с 1997 г.</p> <p>Перерегистрирован Министерством информации и общественного согласия Республики Казахстан. Свидетельство №4188-Ж от 12 сентября 2003 г. Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал журнал «Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің хабаршысы» под номером ISSN 1813-1123</p>
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**ВНИМАНИЮ АВТОРОВ!**

**Общие положения**

Журнал ""Вестник Жетысуского государственного университета" принимает к публикации материалы, содержащие результаты оригинальных исследований, оформленных в виде полных статей, кратких сообщений, а также обзоры (по согласованию с редакцией). Опубликованные материалы, а также материалы, представленные для публикации в других журналах, к рассмотрению не принимаются.

Для публикации статьи авторам необходимо представить в редакцию следующие материалы и документы:

- 1) Текст статьи с УДК, подписанный всеми авторами;
- 2) Резюме на казахском, русском, английском языках должно кратко излагать предмет статьи и основные содержащиеся в ней результаты (3-5 предложений).
- 3) ключевые слова (5-10);
- 4) файлы всех представляемых материалов на электронном носителе;
- 5) на отдельном листе сведения об авторах должность, ученое звание, ученую степень, место работы (наименование учреждения или организации, населенного пункта), телефоны и адреса электронной почты.

Материалы для публикации, поступившие в редакцию, направляются на научную экспертизу. Решение экспертной комиссии оформляется протоколом и при положительном отзыве статья публикуется в ближайшем номере Вестника ЖГУ.

Статьи магистрантов должны сопровождаться отзывом научного руководителя с пометкой о рекомендации к публикации.

Статья, направленная автору на доработку, должна быть возвращена в исправленном виде вместе с ее первоначальным вариантом в максимально короткие сроки (5-7 дней). Статья, задержанная на срок более трех месяцев или требующая повторной переработки, рассматривается как вновь поступившая.

Статьи могут быть представлены на казахском, русском и английском языках.

Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи произведения, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций. Авторы опубликованных материалов несут ответственность за подбор и точность приведенных фактов, цитат, статистических данных и прочих сведений.

*Редакция не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами.*

*Плагиатом считается умышленное присвоение авторства чужого произведения науки или мыслей или искусства или изобретения (или их части). Плагиат может быть нарушением авторско-правового законодательства и патентного законодательства и в качестве таковых может повлечь за собой юридическую ответственность Автора.*

### Требования к оформлению

Текст статьи должен быть представлен на бумажном и электронном носителе в редакторе Microsoft Word 6.0/95 или в редакторах, совместимых с ним). Гарнитура - Times New Roman, кегль 12, одинарный интервал, для казахских текстов шрифт - KZ Times New Roman. Поля со всех сторон 2 см, абзац – 1,25.

Общий объем статьи должен составлять не менее 5 страниц.

Статья должна быть тщательно отредактирована и аккуратно оформлена.

Библиографические ссылки в тексте статьи следует давать в квадратных скобках в соответствии с нумерацией в списке литературы.

Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.0.

Список литературы для статьи не менее 5 наименований.

Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками.

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные в рисунках, необходимо пояснить в основном подрисуночном тексте;

Все сокращения и условные величины должны быть расшифрованы в тексте. Размерности физических величин следует давать в системе СИ.

Названия иностранных фирм и организаций – в транскрипции первоисточников с указанием страны.

Рукописи статей, не соответствующие требованиям, не рассматриваются. Присланные рукописи обратно не возвращаются. Не допускается направление в редакцию работ, которые посланы в другие издания или напечатаны в них

#### Структура статьи

С левого края прописными буквами УДК

Через один интервал–Название статьи прописными буквами по центру, жирным шрифтом

Через один интервал– Ф.И.О. строчными буквами по центру, жирным шрифтом, ученая степень, ученое звание

На следующей строке – место работы или учебного заведения/учреждения, город, адрес электронной почты - *курсивом*

Через один интервал – резюме на казахском языке

Через один интервал – резюме на русском языке

Через один интервал – резюме на английском языке

Через один интервал – ключевые слова

Через один интервал – текст статьи

Через один интервал – список литературы

#### Образец

УДК 541.124

### СИСТЕМА СОВРЕМЕННОГО БИЗНЕС-ОБРАЗОВАНИЯ

**А.Б. Мукашева**, к.э.н., доцент

*ЖГУ имени И. Жансугурова, г.Талдықорган, [mukasheva@mail.ru](mailto:mukasheva@mail.ru)*

*Резюме на казахском языке*

*Резюме на русском языке*

*Резюме на английском языке*

*Ключевые слова*

*Текст статьи*

*Список литературы*

Корректоры:

М.К. Бисенкулов,  
Г. Сырлыбаева

Компьютерная верстка, изготовление  
оригинал-макета С.Д. Шудабоевой

Подписано в печать 25.11.2014 г.

Гарнитура Таймс. Формат 200x280. Бумага офсетная.

Печать офсетная. Тираж 550 экз. Усл.п.л.13.4.

Отпечатано в издательском центре ЖГУ им.И.Жансугурова

Заказ № 00755

040009. Талдықорған, І. Жансүгіров атындағы Жетісу  
мемлекеттік университеті, Жансүгіров көшесі, 187а.